

Әбілсейіт МҰҚТАР
Жанар ДИЯРОВА

САРАЙШЫҚ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ ТАРИХЫ



АРЫС

Алматы

2019

ӘОЖ 908 (035.3)

КБЖ 26.89

М 83

*Баспаға «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығының Ғылыми кеңесі ұсынған
(№2 хаттама, 27 наурыз 2019 ж.)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұ. Ахметова
өлкетанушы, музей-қорық ардагері Ж. Ғизатов

Мұқтар Ә., Диярова Ж.

М 83 Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963–2019 жж.). Моно-
графия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 192 бет.

ISBN 978-601-291-439-9

Бұл еңбек Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында алдымен қоғамдық негізде, кейін облыстық өлкетану музейіне бағындырылған, ал 1999 жылдан бастап арнайы мемлекеттік мекемеге айналған Сарайшық музей-қорығының қалыптасу, даму тарихын зерделеуге арналған. Зерттеу барысында алғаш рет Атырау облысы мемлекеттік архиві, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, Сарайшық музей қорығында жинақталған құжаттармен қатар жергілікті баспасөз материалдары кешенді сараланып, сыни тұрғыдан зерделенді. Сондай-ақ музей-қорықты ұйымдастырған тұлғалардың ерен еңбегі қорда сақталған құнды жәдігерлер, фотосуреттер көпшілік назарына ұсынылып отыр.

Кітап мәдениеттанушыларға, музей қызметкерлеріне және ата тарихымызға бейжай қарамайтын қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 908 (035.3)

КБЖ 26.89

ISBN 978-601-291-439-9

© Мұқтар Ә., Диярова Ж., 2019

© «Арыс» баспасы, 2019

АЛҒЫСӨЗ

Ортағасырлық Сарайшық қаласы, оның тарихы қай заманда да қалың көпшіліктің назарында болды. Оның Жошы ұлысының, Ноғайлы мен Қазақ хандығының астанасы болуы, Еуразия аймағында Жібек жолының алтын көпірі болғаны әлемге аян. Мұның өзі қаланың болашақ зерттелуіне және ертең үшін сақталуына айтарлықтай әсер етті. Әрине қала тарихы сонау XIV ғасырда-ақ жазыла бастағанымен кейінгі жылдары тарих ғылымындағы евроцентристік бағытқа байланысты толыққанды зерттелуге мүмкіндік бермеді. Оны бүгін айқын сезініп отырмыз. Бағдарлай қарасақ Жошы ұлысы астанасы болған Сарай-Бату да, Сарай-Беркенің де тағдырлары шамалас. Тек соңғы жылдары ғана Сарай-Бату-да ортағасырлық қаланың макеті жасалды, келетін туристерге жана мүмкіндіктер ашылды.

Сарайшық қаласы тарихына жаңаша көзқарас ел тәуелсіздігімен қаланды. Сонау XX ғасырдың 60-шы жылдары қоғамдық негізде ашылған өлкетанушылар бұрышы, кейінгі музей де соның әсерімен 1999 жылы 3 қыркүйекте «Хан Ордалы-Сарайшық музей-қорығы» құрылуына әкелді. Осылайша Сарайшық қаласы тарихына арналған алғашқы музей туристер үшін жұмыс жасай бастады. Сарайшық жәдігерлері жан-жақтан жиналды, Махамбет аудандық музейі мен Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, жергілікті зиялылар көмегімен көрме залдары толықтырылды. Әрине осы арада сол жылдары облыс әкімі болған И. Тасмағамбетовтың қамқорлығын ерекше атап өтуге болады. Оның қолдауымен «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысы – бүкіл халық құрылысы» болып жарияланып, қысқа мерзімде музей, хан-

дар кесенесі, мешіт туристер үшін қызмет ете бастады. Ендігі басты міндет жылда қала орнын шаятын Жайықтағы өрсуын тоқтату болды. Көптің көмегімен ол 2017 жылы қолға алынып, Атырау облысының әкімі Н. Ноғаетың қаражат бөлуімен 2018 жылы толық аяқталды. Осылайша музей-қорық жұмысының жаңа тарихын қалыптасты.

Көп ұзамай облыстық деңгейдегі музей-қорық Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен республикалық мекемеге айналды. «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ны тарихи-мәдени мұраларды сақтау, жаңа тарихи деректер мен жәдігерлерді анықтау, насихаттау, ғылыми-зерттеу және археологиялық-этнографиялық жұмыстарды, түрлі экспедицияларды, ашық аспан астындағы музейді ұйымдастыру арқылы туризмді дамытуға бағыт алды. Сарайшық ауылында 2 га жерге Сапар орталығын салу мәселесі шешілді. Сапар орталығы кешені ішінде әкімшілік ғимарат, қонақүй, экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы, 100-150 орындық конференц-зал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы мен электронды мәліметтер базасы бар кітапхана орналаспақ. Оның аумағында лекция өтетін алаңдар, ашық аспан астындағы музей мен этноауыл болады. Мұның барлығы Сарайшық музей-қорығының жаңа келбетін қалыптастыра бастады.

БІРІНШІ БӨЛІМ



САРАЙШЫҚ МУЗЕЙІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Музейлер қай заманда да елдің өткенінен сыр шертер, оның материалдық және рухани байлықтарын жинақтап, мәңгілікке сақтайтын маңызды мекеме саналды. Орта ғасырлардан бастау алатын музейлер Қазақстанда алғаш рет Ішкі Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің бастауымен ұйымдастырылған «Қару-жарақ палатасынан» алады деуімізге әбден болады. Өйткені 1826 жылы Жәңгір хан І Николай патшаның ұлықтау рәсімінде болып, Санкт-Петербург қаласындағы музейдегі қару-жарақ коллекциясын аралап, елге келгесін 1828 жылы ордасының бір бөлмесіне қылыш, шокпар, шашка, пистолет, сауыт сынды қарудың түрлерін жинақтайды.

Ол турасында Қазан университетінің кафедра меңгерушісі, профессор М.Киттара 1849 жылы жариялаған мақаласында: «Залдың сол жағында есік бар. Ол беткі қабырғадағы екі терезенің жарығы түсіп тұрған кішкене бөлмеге апарады... Бүйір қабырғада екі жіңішке, бірақ биік қызыл ағаштан жасалған шкафтар тұр, онда әртүрлі қорамсақтар, шынтақ қаптар, сауыттар

және басқа әскери қару-жарақтар сақталған; осындай сирек те құнды заттардың арасынын тақия түріндегі алтынмен ойып безендірілген болат дулыға ерекше көзге түседі. Осы бөлменің басқа бөліктерінде мылтықтың неше түрлі үлгілері, қопарғыш винтовкалар, қылыштар, қанжарлар ілулі тұр. Олардың арасында, мысалы, екі қылыш – алтынмен қапталып, қымбат тас-тар орнатылған патша сыйлығы. Мылтықтың екеуі аңшылыққа құмар Жәңгірді қатты қызықтыратын. Оның бірі құны жүз күміс рубль азиялық өрнекті мылтық болса, екіншісі – ұзындығы екі метрге жететін мылтық» деп толық сипаттайды [1; 842-843].

Мұның өзі ханның ата-баба салтымен қару-жарақ түрлерін жинақтағанын және музей құрылысына көңіл бөле бастағанын айғақтайды. Бұл кезеңде Ресей Қазақстанмен шектес губернияларға музей ашуды жүктегенді. Қазақстанның батыс өңірі бағынған Орынбор өлкесінің әскери губернаторы П.Сухтелен 1830 жылы 12 қарашада жергілікті тұрғындарға хат жолдап, тарихи, археологиялық және этнографиялық материалдарды жинақтауға көмектесуге шақырады. Осындай үлгідегі хат Жәңгір ханға да жолданады.

1831 жылы Жәңгір хан П.Сухтеленге жауап хатында: «Жаңадан негізі қаланып жатқан мұражайды толықтыруды өзімнің борышым деп есептеймін. Қазақтың ер және әйел адамының киімдерін жіберіп, болашақта мұражайға ордалықтарының тұрмысы, шаруашылығы және өнеркәсіп бұйымдарын жіберуді қолға аламын» деп хабарлайды [2; 160]. Мұның өзі Ішкі ордада музей құрылысының қолға алынғанын айғақтайды.

Кейін музейлер Орынборда (1831), Оралда (1859), Жетісуда (1898), Семейде (1883) ашылады. Кеңестік заманда Қазақстанда музейлер жүйесі кеңейе түсті.

Осы тұста Қазақстанмен шектесетін Ресей облыстарындағы музейлер орта ғасырлық Сарайшық қалашығына назар аудара бастады. Алдымен Саратов өлкетану музейі мен оның ғалымдары П.С. Рыков, Н.К. Арзютов Қазақстанды зерттеу қоғамының Батыс Қазақстан бөлімшесімен байланысады. Кейін Батыс Қазақстан бөлімшесінің өлкетанушылары П.С.Рыковтың «Изучение Уральской губернии в археологическом отношении» тақырыбындағы баяндамасын тыңдайды. Баяндама «Советская степь» газетіне жарияланады [3; 39-40].

1937 жылы қыркүйек айында Н.К. Арзютов Сарайшыққа алғаш рет кешенді зерттеу жүргізеді. Оның зерттеуі 1950 жылы Ә. Марғұлан, Г.И. Пацевич зерттеулерімен жалғасты. Аталған зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтан табылған археологиялық жәдігерлер Гурьев (бүгінгі – Атырау қаласы), Алматы және Ресейдің Саратов қалаларындағы музейлеріне әкетіледі.

1950 жылы Т.Байшеркешов: «Революциядан кейін 1936 жылы сентябрь айында Саратовтың облыстық музейі қазып, зерттеген. Бұл соңғы зерттеудің кейбір материалдары құралып жатқан Гурьевтің облыстық музейінде бар. Қалған көпшілігін Саратовтың музейі ғылыми зерттеп, жақында жібермекші» деп «Социалистік Қазақстан» газетіне жазған болатын [4; 102]. Осылайша археологиялық зерттеулердің жандануы 1963 жылы Сарайшық өлкетану музейінің қоғамдық негізде ашылуына себепкер болады [5].

Оның бастауында 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты түлегі Мұстажап Намазғалиев тұрды. Ол «Мұражай – жазылмаған кітап» мақаласында: «Мен Сарайшық туралы ертеден естісем де оны көрудің 1961 жылға дейін сәті түспеді. 1961 жылдың жазында Балықшы ауданындағы Еркінқала ор-

та мектебінің директорынан өзім сұранып осында келіп, мектепке жұмысқа кіріскен күннен бастап көне Сарайшықты зерттеу ісімен айналыстым. Сол күннен бастап Сарайшық орнынан табылған «көнениң көзі» деген нәрселердің барлығын тірнектеп жинай бастадым. ***Сөйтіп мектептен музей бұрышын аштым. Экспонаттар жинақтала келе ол мектеп музейіне айналды***» деп жазады [6; 159].

1970 жылы Сарайшық сегізжылдық мектебінде тарих пәні мұғалімі қызметін атқарған М.Намазғалиев Гурьев облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында облыс тарихшылары алдында «СССР тарихын және Қазақ ССР тарихы сабақтарында өлкетану материалдарын пайдалану» атты баяндамасын жасайды. Ол баяндамасында: «Туған өлкенің топырағына дейін қадір тұту біздің халқымыздың атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүр екендігі баршамызға белгілі. Туған өлкенің тарихын зерттеп үйрену оқушылардың тарих сабағына деген ынталылығын, сабақтың өмірмен байланыстылығын арттыра түседі және оқушыларды коллективтік пен достыққа тәрбиелейді. Біздің мектебіміз селолық мектеп, оның аталуы Сарайшық мектебі...

Сарайшық қаласының орны бұл кезде Жайық өзенінің арнасының табанында қалған. Тек бұрынғы астана қаланың сырт жағындағы ескі орта ғасырдың қолөнер шеберханаларының орындары ғана сақталған. Мектептегі жас өлкетанушылар үйірмесі осы ежелгі қаланың тарихы жөніндегі деректерді жинақтау және көненің көзі – әртүрлі экспонаттарды жинап реттеу, сөйтіп ортағасырлық Сарайшықтың кәсібі мен негізгі экономикасын және мәдениетін зерттеп анықтау ісін қойды.

Жас өлкетанушылар үйірмесі алғаш 1964 жылы ұйымдастырылды. Үйірмеге отыздан аса жоғары класс

оқушысы мүше болып, олардың ішінен үйірме советі құрылды...

Үйірме құрылған 2-3 жылдың ішінде біраз экспонат жиналды. Оларды сұрыптап реттегенде төмендегіше болды.

1. Сыйымдылығы 50 литрлік үлкен құмырадан бастап, үлкендігі әртүрлі және түрліше формада жасалған әшекейлі, әшекейсіз ірілі-ұсақты құмыралар, құмандар т.б. ыдыстар тобы;

2. Қара тастан ойып жасалған қазан және оның түбінің сынығы;

3. Ертедегі мыс монеталар;

4. Керамика ыдыстарының сынығы;

5. Руда балқытудан қалған қортпа қалдықтары;

6. Алебастр ылайымен кіріктірілген, күйдірілген кірпіштер;

7. Шойыннан жасалған қос шүмекті құман;

8. Мыстан құйылған зеңбірек оғының гильзасы;

9. Азамат соғысы кезінен қалған винтовка қаңқалары;

10. Қыштан күйдіріліп даярланған су құбырының түтікшелері, шырағдан т.б.» деп толықтыра түседі [7; 1-2].

М.Намазғалиев осы жылғы «Мектеп музейі» атты мақаласында музей тарихын ширата тарқатады. Өлкетанушы: «Сарайшық мектебінің жас өлкетанушылары мектептің көне мекен – Сарайшықтың, тіпті ауданымыздың тарихын жүйелі түрде зерттеу ісімен 1966 жылдан бері шұғылданып келеді. Бұл жөніндегі материалдар баспасөз бетінен кезінде жарық көргендіктен оған тоқталмаймыз. Бұл мақалада жас өлкетанушылардың бұдан бір-екі жыл бұрын, дана көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 100 жыл, республикамыздың 50 жасқа толу мерекесін қарсылау құрметіне байланысты қолға алып

ұйымдастырған өлкетану музей бөлмесі жөнінде сөз етпекпіз.

Мектептегі бұл музей бір бөлмеге орналасқан. Оның ішінде алты түрлі бағытта жинақталған экспонаттар бар. Олардың әр біріне жеке-жеке тоқталсақ.

Бөлмеге кіріп келгенде **бірінші** көз тартатыны – археологиялық бөлім. Мұнда көлемі әртүрлі қыш-құмыралар, тас қазан, керамикалық ыдыс сынықтары, қыштан құйылған су құбырының түтіктері, шамдалдар, өзге ыдыстар, құман, күйдірілген кірпіш, әк, металл қорытпасының қалдықтары қойылған. Бұл экспонаттар орта ғасырлық Сарайшықтың қолөнері жан-жақты дамыған сауда қаласы болғандығын дәлелдейді.

Екінші – нумизматика бөлімі. Мұнда әр дәуірдің әр кезінде әр елде соғылған ескілі-жаңалы бірнеше ондаған мыс теңге, зергерлер соққан әртүрлі нақышпен өрнектеліп, қас-көз орнатылған, алтынмен апталған бірнеше үлкенді-кішілі күміс жүзік, қара бағдарлы күміс ілгектер, неше түрлі өрнекпен нақышталып, күміс жалатылған өмілдірік-құйысқан, әшекейі, ұзыны он, ені жеті сантиметрден асатын көлбақа сауытын шығыршықпен шағын, әдемі мыс тұғырға орнатып жасаған шылымның күлін салатын ыдыс (пепельница), жезден құйылған үш тармақты және жеке тармақты шырағдан, жарқырата күміс жалатылған айшықты ауыздық қойылған. Бұл экспонаттар ортағасырлық Сарайшықтың көп мезгіл әртүрлі елдермен сауда қатынасын жүргізгенін және Сарайшықта зергерлік өнерінің де дамығандығын, бір кезде монета сарайының болғандығын дәлелдейді. Жоғарыдағы экспонаттардың көбі мектеп музейіне оқушылар Меңдіғалиев Қуантай, Ауданов Мұрат, Ғұмаров Бауыржан, Иманғалиев Карим, Намазғалиев Айдын, Сигуатова Нұржамал тапсырды.

Мектеи коллективі бұл оқушыларға ыстық сезіммен алғыс айтты.

Үшінші – этнографиялық бөлім. Мұнда қазақтардың ескі салты мен тұрмысын бейнелейтін кейбір экспонаттар, атап айтқанда, қазақы ағаш ер, зергерлер құйған мыс үзеңгі, қол диірмен, өрмек тоқитын адарғы қылыш, аттың жал-құйрығын тарайтын темір тарақ, ағаш сапты сүймен, көшпелі өмірге қажетті темір ошақ, шашақты зерлер, қолдан тоқылған түкті кілемшік басқұрдың бөлігі, ұстаның қолдан соққан ат кісені бар.

Төртінші – табиғи бөлім. Бұл бөлімде мұғалім Машкалиеваның басшылығымен жасақталған жергілікті табиғи өсімдіктер гербарийі, жергілікті егістікте қолданылатын тыңайтқыш түрлерінің стендісі және аймақтық агрохимия лабораториясының лаборанты Құбаева Әсияның өзі жасақтап, мектепке тарту еткен жергілікті жердің әр участогінің топырағының химиялық құрамын көрсететін стенді қойылған.

Музей-бөлменің бір қызықты бөлімі – **топонимикалық бөлім**. Мұнда облыс, аудан карталары ілініп, қасына кейбір жер аттары неліктен солай аталғаны туралы мәліметтер, аңыздар жазылған дәптер ілінген. Соның кейбіріне көз жүгіртсек төмендегілерді оқуға болады. «Забурын» деген атау сол жердегі Каспий теңізінің құрлыққа сұғына кірген қолтығы (шығанақ), кеме жүруге қолайлы болғандықтан Савапикян, Чевариев деген орыс купецтері сол жерден батаға тұрғызып, флот салған. Батаға жоғарыдағы купецтердің атымен аталған да, флот «Забурье» немесе «Ықтасын» деп аталған. Кейін алғаш құрылған селолық Совет «Забурын» аталып, совхоз да осы атты иеленген.

Сол совхоздың «Айғана» участогі Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың көтерілісін басуға ханға

болысқаны үшін Исатай жеңілгеннен кейін оның мекен-қонысы болып келген «Бессарал» деген жерді Жәңгір Айғана Хантаковқа сыйға берген. Содан ол жер «Айғана жері» аталып кеткен (архив материалдары бойынша «Чапаев» совхозының «Қызыл үй» участогі Бөкей ордасының, яғни болыс ағасы Мысабаев Әлмұрат 1912 жылы сол жерден қызыл саздан жасалған шикі кірпіштен болыстық кеңсе салдырды). Кеңсе «Қызыл үй» деп аталады. Қазір ол кеңсе үйдің орны да қалмаған.

Сол совхоздың «Айбас» участогі неге солай аталған? Жәңгір хан өлгеннен кейін Бөкей Ордасын басқарған «Уақытша кеңес» құрылған. Ол Астрахан генерал-губернаторлығына бағынған. 1911 жылы август айында «Уақытша кеңес» өкіметтің нұсқауы бойынша Бөкей Ордасының №1 Приморский округіндегі бұрынғы 16 старшина елді енді 16 болыс етіп қайта құрған. Өзгерісі – енді бір ру бірнеше болысқа бөлініп, немесе бірнеше рудың бөлшектері бір болысқа қараған. Және әрбір болыс бірнеше ауылдық старостаға бөлінген. №1 Жайық болысы ол үш старостыға (аульный строй): а) Тумаш, ә) Көтей, б) Шұбар болып бөлінсе; Айбас-Жайық екі старостыға: а) Құттығай, ә) Айбас ауылдарына бөлінген. Революциядан кейін сол жерден құрылған тұңғыш ауылдық совет «Айбас» аталған. Участоктың Айбас аталуы содан. «Индер», «Ганюшкино» деген атаулар жөніндегі аңыздар да мұнда жазылған. Міне, топонимикалық зерттеу бөлімі осылайша жалғаса береді.

Музейдің **алтыншы бөлігі** – «Азамат соғысына» арналған. Мұнда түрлі винтовка, қару-жарақ қойылған. Сонымен қатар Сарайшық селосының, Азамат соғысының мектептік тарихы жөнінде жасақталған және оған баспасөз бетінде жарық көрген мақалалар

қиындылары, ескі фотосуреттер, естеліктер енгізілген альбом қойылған. Сонымен қатар онда жас өлкетанушылардың өздері жасақтаған тарихи экспонаттардың фотостендісі бар.

Сарайшық мектебінің өлкетану музей бөлмесінің әзірге бары осы. Бұл бастамасы ғана екені белгілі. Әрине, алға қарай бұл музей бөлмесі экспонаттар жөнінен байи түседі деген үміттеміз. Өкінерлік жай, Сарайшық мектебі аудандағы ең алғаш құрылған орта мектеп бола тұрса да, өлкетану жұмысына бұған дейін ешкім көңіл бөлмеген. Соның нәтижесінде көптеген құнды экспонаттар жойылып кеткен. Мысалы, К. деген азамат су жағасынан 1453 жылы шыққан түрікше жазуы бар, алтындалған теңге тапқан. Бұл Византияның құлайтын жылы. Бұрын Византиямен сауда-саттық жасап келген Сарайшықтың енді Түрік сұлтандығымен сауда жасағандығы, ал жоғарыдағы теңге Константинопольді жаулап алу құрметіне сол жылы II Сұлтан Махмудтың соқтырған теңгесі еместігіне кім кепіл?!

Сондай-ақ азамат Құсенов К. қабір қазу кезінде әдейі дөңгелек қорапқа салынған, көлемі де бедері де бірдей 16 дана мыс теңге табылғанын, оның балаларға ойыншық үшін берілгендігін әңгімелейді. Сол кісі бірде қабір қазған кезде белуардан тереңдікте автомашина цистернасының аузы сияқты жартылай дөңгелек тас қақпақтың шыққанын, оның екінші жартысы қабірдің қазылмаған ернеуінде екендігін, сонда бүтін дөңгелек қақпақтың жер астына түсетін қуыстың қақпағына ұқсайтынын айтады. Бірақ, бұлар оған көңіл аудармай қазылған шұңқырды көміп тастаған.

Бұл сияқты мысалдар Сарайшық маңынан көптеп кездеседі. Алға қарай жергілікті адамдар байқаған жоғарыдағы сияқты жайларға көңіл бөліп, тиісті орган-

дарға, мектепке кезінде хабарлап, пікірлесіп отырса, игі іс болар еді және бұған қоғамдық органдар да көңіл бөліп, құлақ түріп отырғаны жөн деп ойлаймыз» деп жазады [8]. Мақалада автор өзін Сарайшық мектебінің туған өлке тарихын зерттеуші және өлкетану музейінің жетекшісі деп таныстырады.

1976 жылы 6 мамырдағы қолжазбасында өлкетанушы: «Бұл салада біздің ауыз толтырып айтарлықтай, мақтанарлық тындырған ісіміз өнжеусіз, жоқтан бар ғана. Дейтұрғанмен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы қарсаңында мен сол кездегі бір топ шәкірттеріммен әуесқой тарихшы ретінде осы істі қолға алған болатынымын. 200-ге жетер-жетпес оқушысы бар, жаңа құралған шағын ғана жұтаң сегіз жылдық мектепте бұл сияқты маңызды жұмысты жүргізу оңайға соқпағаны белгілі. Біз бұл жұмысты көктемгі су тасқыны кезінде құлаған жардың астынан әртүрлі экспонаттарды жинап алып кетіп жатқан бұрын немесе басқа жер адамдарын көргеннен кейін бастап қолға алдық. Аз жылдың ішінде археология, нумизматика, топонимия саласында шама-шарқымызша бірқатар жұмыстар бітірген едік. Бірақ, амал не, 1971 жылдың жазында, сол кездегі мектеп басшыларының оралымсыздығы мен бұл іске мән бермеуінің нәтижесінде мен жазғы демалыста жүрген кезде жиырмаға жуық алтын жалатқан таза күміс әшекей бұйымдарын, өмілдірік-құйысқан, көптеген әр кездің күміс монеталары т.б. мектеп бөлмесіне орналасқан құрылысшы кавказдықтар тонап кетті. Ал бірнеше қыш-құмыра мен өзге ыдыстарды мектеп үйіне жөндеу жүргізушілер бөлмеден-бөлмеге тасып, лақтырып қиратты. Бұл фактыны осы трибунада мысал ретінде келтіріп тұрған себебім – әрбір тарихи ескерткіш, экспонат сайрап тұрған шежіре екенді-

гін екенің бірі, тіпті, кейбір мұғалімдердің өзі де біле бермейді. Сондықтан да бұл істің кенже қалып келе жатқандығын, әсте жасыруға болмайды» деген пікірлерін қағазға түсіреді. Бұл арада М.Намазғалиев сол кезеңнің өзінде Сарайшық жәдігерлерінің тоналғанын ашық жазады [9].

Сарайшық музей қорынан табылған М. Намазғалиевтің баяндамасы мен қолжазбасы оның Сарайшық ауылында өлкетану үйірмесін ашып, ол арқылы жәдігерлерді жинап музей жұмысын үлкен күшпен жандандырғанын айғақтайды. Ел тарихын сүйген азамат: «Туған жердің тарихын білу өте пайдалы. Жете білмейтін нәрсесін кім-кімнің де сүйе қоймайтыны белгілі. Олай болса туған өлкені сүю үшін де оның кешегі өткенін және бүгінгісі мен болашағын бағдарлап білу шарт. Әрбір жас буын туған жердің әрбір метрінде аға ұрпақтың аққан қаны мен төккен тері бар екендігін білуі жөн. Бұл туған жердің қасиетін арттырып, оның қадірін молайта түсетіні кәдік»; дей келе, Сарайшықтың батыс пен шығыс ортасындағы сауда қақпасы екенін, Сарайшықта 1823 жылы Жәңгір ханның Исатай батырды қамауда ұстағанын, түрмеден батырдың айып төлеп босағанын ерекше атап өтеді [10].

М. Намазғалиев музей жұмысына айырықша көңіл бөлген. Қоғамдық негіздегі осындай жұмысы тәжірибесімен Москвада өткен бүкілодақтық өлкетанушылар конференциясына қатысқан. Конференцияда «Шәкірттерге коммунистік тәрбие беруде өлкетану музейінің ролі» атты баяндама жасайды. Кейін осы баяндамаға пікір берген кабинет меңгерушісі Ж.Дюсемалиев: «Қазіргі кезеңде мектептерде өлкетану музейін ұйымдастыру мәселесі күн тәртібінде қойылып отырған, ең басты мәселенің бірі болып есептеледі. Бірақ та жасы-

ратыны жоқ, бұл мәселені іс жүзінде жүзеге асыра орындалуы кең түрде етек алып отырған жоқ. Бұндай музейі бар мектеп облыста санаулы-ақ. Сондықтан да М.Намазғалиевтің бұл баяндамасын облыстық «педагогикалық оқуға «жіберуді мақұлдадық» деп жоғары бағалайды [11].

1971 жылы ауыл мектебінде басталған жөндеу жұмыстары барысында музей жәдігерлері селодағы ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы ғимаратының бірінші қабатындағы бөлмеге көшіріледі. М.Намазғалиев музей директоры болады. Содан *музей облыстық өлкетану музейінің филиалы* болып өзгертіледі. Нәтижесінде «*Сарайшық тарихи-өлкетану селолық музейі*» ресми түрде өмірге келеді [12].

М. Намазғалиев Сарайшыққа келетін археолог ғалымдармен оң қарым-қатынас орнатқан. Ол турасында тарихшы А. Ахмет: «1974 жылдың көктемінде Сарайшықта болған КСРО Ғылым академиясы Археология институтының ғылыми қызметкері Л.Л. Галкин М. Намазғалиевпен кездесіп, көне қала орнындағы қазба жасалған жерлермен танысып, тың мәліметтер алған. Сол жылдың күзінде археолог-ғалым Москва қаласынан бандероль жібереді. Келген хатта: «Қымбатты Мұстажап! Сізге қажет-ау деген бірнеше кітапты жолдап отырмын. Өзімнің жұмыстарымнан тек біреу ғана қалған екен, оны да жібердім. Бұлар сенің кітапханаңның қымбат қазыналары болады деп сенемін. Құрметпен Галкин. 10.VI. 1974 ж.», – делінген [13].

Л.Л. Галкин жіберген еңбектердің ішінде ірі ғалым Б.Н. Заходердің 1962 жылы Москвадағы «Восточная литература» баспасынан шыққан «Шығыс Европа туралы Каспий шежіресі» («Каспийский свод о Восточной Европе») және сол жылы жарық көрген Амин аль-Холидің

«Нил мен Волганың байланысы» (Связи между Нилом и Волгой») атты кітаптары бар болатын. Бір қызығы, археолог ғалым КСРО Ғылым Академиясының баспасынан жарық көретін «Советская археология» жинағының 1963 жылғы №4 санын да жолдаған екен. Осы жинақтағы «Жаңа Сарайдан табылған шоқпар» атты өз мақаласында жолдаған. Бұл мақалада Сарайшықтан табылған бір ескерткіш жөнінде айтылады. Аталған еңбектердің барлығы да өлкеміздің ертедегі тарихынан аса құнды мәліметтер беретін.

Ал 1976 жылдың қараша айында Л.Л. Галкин бас таған бір топ ғалым Сарайшықта тағы да болып, мектеп оқушыларымен кездеседі. Кездесу барысында археолог-ғалым мектеп музейіне М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті баспасынан шыққан көрнекті ғалым Г.А.Федоров-Давыдовтың «Кочевники Восточный Европы под властью золотоордынских ханов» және өзінің «Одно из древнейших практических приспособлений скотоводов» атты кітабын сыйға тартқан. Бұл кездесу туралы Мұстажап ағамыз: «Ғалымдармен кездесу мектеп оқушыларының туған жердің тарихи және мәдени мұраларын қастерлеп, оны құрметтеуге, жинақтауға деген құштарлығын арттыра түсті», – деп жоғары бағалайды [15].

М. Намазғалиев музейді ұйымдастыра жүріп, оның келелі мәселелерін баспасөз бетінде үнемі көтеретін. 1988 жылы 11 наурызда ол кезекті мақаласын «Коммунистік еңбек» газетіне жариялайды. Мақаласында: «Патша аттандырған осы қол 1578 жылы Сарайшықты талқандайды. Сарайшық ханы Урус осы соғыста қаза табады. Содан бастап Сарайшық Жайық казак-орыстары мен ноғай көпестерінің мекеніне айналады. Жайық казак-орыстары алтын мен өзге де қазыналарды іздеп,

бұрынғы Сарайшықтың талқанын шығарып қана қоймайды, тіпті өлгендердің молаларына дейін қопарып, қорыс қылады. Сөйтіп Сарайшықтың аты ғана ел аузында қалады. Көне Сарайшықтың орта ғасырларда гүлденген қала болғандығына одан табылған музей экспонаттары дәлел бола алады. Онда әртүрлі тереңдікте су құбырлары болған. Көне көз қарттардың айтуына қарағанда, Сарайшықтан жер астынан табылған қыштан күйдірілген құбырдың бөліктері Ұлы Отан соғысы кезінде Сарайшықта жерленген кейбір азаматтардың мүрделеріне табыт орнына пайдаланылған көрінеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының деректері бойынша, ескі Сарайшықтың орны Жайық өзенінің жаңа арнасының астында қалған... Әйтсе де, тарихи көне ескерткіш орындарының бірі ретінде Бүкілодақтық есепке алынған Сарайшық бұл күнде жойылып кетудің алдында тұр. Сарайшық аты селолық совет пен орталық мектепте ғана сақталған. Бірақ, бұлардың өзі Сарайшықта емес, Опытное селосында орналасқан. Көне мұралардан Сарайшықтың тарихын зерттеп, ескі Сарайшық орнынан табылған экспонаттардан тарихи-өлкетану музейін ұйымдастырған едім. Қазір ол музей селолық музейге айналып, ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының кеңсесі үйінің бір бөлмесіне орналастырылды. Оның «Сарайшық» деген аты өзгеріп, *Опытное тарих-өлкетану музейі* деп аталады. Меніңше мұны дұрыс деуге болмайды. Бұл жөнінде республикалық және жергілікті газеттерде әр кезде орынды пікірлер де қозғалды. Өкінішке орай, бұл мәселе әлі күнге елеусіз қалып келеді» деп жанайқайын жеткізеді [16].

Өз ойларын кейін жарияланған «Көне Сарайшық жөнінде не білеміз?» мақаласында жалғастырып, «Көне Сарайшықтың аты күні бүгінгі Сарайшық селолық ок-

ругі мен сондағы орта мектептің атында ғана сақталған. Қазір ескі Сарайшықтың жайы қыл үстінде тұр. Бір кезде гүлденген қаланың болмашы шет-пұшпақтарынан қалған археологиялық экспонаттарды жинап, өзім құрастырған осындағы тарихи-өлкетану мұражайы бар. Алайда оның да болашақ тағдыры белгісіз. Оны «біресе облыс орталығындағы мұражайға, біресе аудан орталығына аламыз» деп оқтын-оқтын әңгіме жасап қояды. Біздің пікірімізше, бұл жердегі «Сарайшық» атауы жойылмауы керек, қайта кеңейтіле түскені жөн. Ал тарихи-өлкетану мұражайы шағын штат пен мемлекеттік дербестік құқығына ие болса дейміз», – деп толықтыра түседі [17].

Өлкетанушының арманы ел тәуелсіздігіне қолымыздың жетуімен толық жүзеге аса бастады. 1992 жылы 1 шілдеде Сарайшық жәдігерлерінің жағдайын саралаған Атырау облысы мәдениет басқармасы басшысы К.Танқиев облыс әкімшілігі басшысы С.Түгелбаевқа: «Археологиялық жәдігерлердің басым көпшілігі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік музейі және Атырау облыстық және Сарайшық қоғамдық музейінде сақталуда. Біздің есебімізше, Сарайшық қалашығы орналасқан елді мекеннен тысқары жерде коллекциялардың былайша «шашырап орналасуы» ортағасырлық мәдениетті жан-жақты, әрі толыққанды көрсете алмайды. Ескерткіш өзі қалыптасқан жерінде ерекше әсерлі болмақ, «шынында ескерткіш иесіз, экспедициялар табылған жәдігерлерді есепке алмай, облыстан тысқары жерлерге алып кетуде» дей келе Сарайшық музейіне арнайы қаржы бөлінбейтінін, ал бір ғана аға ғылыми қызметкер облыстық тарихи-өлкетану есебінде тұрғанын алға тартып, Сарайшық музейіне

қосымша бір штат бөлуін сұрайды. Хатпен танысқан облыс басшысы міндетін атқарушы Р.Шырдабаев 1992 жылы 10 шілдеде Махамбет ауданы Сарайшық селосында облыстық тарихи-өлкетану музейінің археология секторын құру туралы шешім қабылдайды [18].

1996 жылы 26 шілдеде Қазақ Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының Ә.Марғұлан атындағы Археология институты директоры ҚР Ғылым академиясы корреспондент мүшесі К.Байпақов Атырау облысы әкімі Р.Шырдабаевқа хат жолдайды. Хатта: «1989-1991 жылдар аралығында Атырау облысында 1989 жылғы Ғылым академиясының көшпелі сессиясы шешімімен Археология институтының экспедициясы жұмыс жасады» делінген. Ол бойынша облыста Сарайшық пен Ақтөбеде, Иманқарада, Құлсары мен Сарқамыс, Қаратонда т.б. жерлерде қазба жұмыстары жүргізіліп, кешенді зерттеулер қолға алынғаны анықталады. Қазба жұмыстарына облыс қаржылай қолдау көрсеткен. Осы жайды алға тартқан К.Байпақов 1996-2000 жұмыстарды жалғастыру үшін облыстық бюджеттен қаржы сұрайды. Қорытындысында институт пен облыстық мәдениет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Г.Дюсенғалиев Атырау облысында археологиялық қазба жұмыстарына келісім шарт жасасады. «Көне және ортағасырдағы Шығыс Каспий аймағы. Көшпелі және отырықшы халықтар мәдениетінің өзара қарым-қатынасы және трансформациялануы» тақырыбы бойынша облыс зерттеуге 1 млн 500 мың теңге бөледі [19].

Облыстық мәдениет басқармасы институт ғалымдарына Сарайшық пен Ақтөбені қазуды жүктейді. Дегенмен қазба жұмыстары барысында түрлі шешімін табуы тиісті мәселелер кезе-кезек күн тәртібіне шығып отырды. Мәселен, оны 1996 жылы тамыз айында өлкетану-

шы В.Афанасьев көтереді. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Батыс бөлімшесінің басшысы академик-хатшы Ш.Айталиевке жолданған хатта өлкетанушы келетін археологтарға тұрғын-үй мәселесін алдынала шешу қажеттігін ескертеді. Өйткені 1996 жылы шілде айында В.Ольховский басқаратын Маңғышылақтан келген 17 адамның орналасу мәселесін өзі шешкен болатын. Ендігі жағдайда ол тамыз айының ортасында Сарайшыққа келетін екінші топқа қажетті көлік т.б. жайларын шешіп алуды ұсынады [20].

Атырау облысында Сарайшықта басталған археологиялық қазба жұмыстары, оның соңында табылған жәдігерлер ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихынан мол ақпарат жинақтады. Олар болашақ музей-қорықтың ашылуына, оның ғылыми тұрғыдан зерттелуіне септігін тигізді. Міне, осы арада Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметін атқарған Қуанғали Қаштеұлы Жұмалиев айырықша еңбек сіңірді. Ол 1996 жылы облыстық музейге жаңа ғимарат іздестіре жүре өлкедегі музей ісіне облыс әкімдігінің назарын аударады. Осы тұста ол Сарайшыққа келген белгілі археолог З. Самашевпен танысады. Кейін өз естелігінде З. Самашев: «Мен келу жолымда осында мұражайда басшы қызметін атқарып жатқан Жұмалиев Қуанғали атты азаматпен таныстым. Қуекен үйіне апарып, қонақасы беріп отбасымен таныстырды. Бұл кісі үлкен өнер иесі екен – ән салып, күй тартып берді. Сарайшыққа өзі бастап жүрді. Осылайша қазба жұмысы басталды. Сарайшықтың XII-XIII ғасырларда гүлденген, мәдениеті мен қолөнерінің дамыған қала екендігі дәлелденді. Сол кездердің өзінде Сарайшықтың екі қабатты үйлері бар, қыштан жасалған су ағатын құбырлары бар, биік-биік мұнаралары мен керуен және

де ақша ауыстыратын сарайлары бар екені анықталды. Қазба кезінде табылған құнды-құнды мұрағаттар облыс, Сарайшық музейлерінде ашылған «Көне Сарайшық» атты бөлімдерден орын алды. Екі-үш жылдай ағалы-інідей болып, қоян-қолтық жұмыс жасадық, көптеген деректерді осы Қуанғали ағамыздан алдық. Осы аз уақыттың ішінде Қуекеңнің өлке тарихының сай-саласын жақсы білетін, өнеріне білімі сай іскер басшы, жақсы жолдас, мықты журналист-қаламгер, жан-жақты дамыған адам екенін білдім» деп ерекше ықыласпен еске алады [21; 83].

1996 жылы 5 шілдеде Қ.Жұмалиев Атырау облысы әкімі Р. Шырдабаевқа жолдаған хатында: «1-шіден, музейді жергілікті халық және шетелдік қонақтар келе алатындай қалалық транспорттар тоғысқан орталық алаңға көшіру; 2-ден, музейге лайық қаладағы бірден-бір ғимарат – «Ғалымдар үйі». Осы ғимаратты өлкеміздің тарихын сақтап отырған музейге беру» қажеттігін көтереді. Хатта: «Халық музейге келетін болады. Музей халыққа қызмет көрсететін ғылыми және рухани орталыққа айналады. Біз музейге сирек келетін шетелдіктерді көптеп тартатын боламыз. Олармен контрактқа отырып, ақылы қызмет арқылы қаржы табатын боламыз. Музейдің қазіргі жағдайында бізге келген шетелдіктер музей үйінің тұрған орнының қолайсыздығын, қыс кезінде суықтықтан жабық тұратындығына реніш білдіріп, бізді талай ұялтып жүр. Сіз бен біз осы ұяттан құтыламыз. Сіз осы мәселелерді парасаттылықпен шешеді деген үмітпен осы хатты жолдап отырмын» деп анық жазады [22].

Жаңа бастамаға 1997 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары-Білім және мәдениет министрі, кейін Президент Әкімшілігі Басшы-

сының орынбасары, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің меңгерушісі болып И.Н. Тасмағамбетовтың тағайындалуы үлкен серпіліс әкелді. И.Н.Тасмағамбетов облыс зиялыларын ортағасырлық Сарайшық қаласы мәселелерін шешу бағытына тоғыстыра білді. Оның тікелей араласуымен облыста алдымен, «Сарайшық – Қазақстанның ежелгі қаласы» («Сарайчик – древний город Казахстана») атты қоғамдық қор құрылады. Қабылданған қор жарғысында Сарайшық қалашығында «Солтүстік-шығыс Каспий аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығын құру және ортағасырлық Сарайшықты қорғау, сақтау басты мақсаты ретінде жазылады.

1997 жылы 9 желтоқсанда Атырау облысы әкімі Р. Шырдабаевтың шешімімен қорды басқару Кеңесі бекітіледі. Қордың құрметті төрағалығына И.Н. Тасмағамбетов, төрағасы болып облыс әкімі орынбасары Е. Нұршаев сайланады. Қор мүшелігіне облыстық мәдениет басқармасы басшысы С. Мұхамбетов, облыстық тарихи-өлкетану музейі директоры Қ. Жұмалиев, АҚ «Ембімұнайгаз» президенті М. Батырбаев, «Қазақстанкаспийшельф» Атырау филиалы директоры А. Қожағалиев, Махамбет ауданы әкімі Ұ. Елубаев енгізіледі. Ел азаматтары қордың атқарушы директорлығына Қ. Жұмалиевке сенім білдіріледі. Облыс әкімі облыстық финанс басқармасы басшысы А. Шанқиевке 1998 жылы әкімнің қосымша қорынан Мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорық құрылысын және Сарайшық қалашығын қоршауды, облыстық «Автожол» басшысы П. Липатовқа Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мемориалды кешені мен Сарайшық қалашығы аралығын жөндеуді, Қ. Жұмалиевке мемориалды кешен салу және Сарайшық селосы мен Тәжірибе станциясы маңындағы Жайық өзені

жағалауын бекіту жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Финанс министрлігінен қаржы сұрауды жүктейді.

1998 жылы 30 қаңтарда Атырау облысының құрылғанына 60 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Қ. Жұмалиев: «Үстіміздегі Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы Атыраудың 60 жылдығы, Қазақстан мұнайының 100 жылдығы, ұлы композитор Құрманғазының 175 жылдығы өтетін мерекеге толы жылы мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуға бағытталған шаралардың ауқымы кең. Мұнай музейін жасау, тарихи-өлкетану музейін реконструкциялау және реэкспозициялау, Құрманғазы ескерткішін орнату, **Сарайшықта ашық аспан астында музей** жасап, мәңгілік арка тұрғызу жұмыстары тарихымызды таразылап, мәдениетіміз бен өнерімізді тағы бір сатыға көтеріп тастайтындығына сенім мол» деп сөз сөйлейді [22].

1998 жылы 5 ақпанда Атырау облыстық мәдениет басқармасы Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына байланысты арнайы жұмыс комиссиясы мен облыстың жұмыс жоспарын бекітеді. 16 пункттен тұратын жұмыс жоспарының төртеуі тікелей Сарайшыққа бағытталады. Олардың ішінде қазба жұмыстарын жүргізу, Сарайшықтағы археологиялық ескеркіштерді консервациялау, музеефикациялау, «Сарайшық-Қазақстан» ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру, Сарайшықта туристік инфрақұрылымды жүргізу айырықша маңызға ие болды. Қ. Жұмалиев әр пунктін негіздеп, өз қолымен қажетті сомманы есептеп шығарады. Соның ішінде ол Сарайшықтағы қазба жұмыстары мен археологиялық ескеркіштерді консервациялау, музеефика-

циялауға 248 млн теңге сұрайды. Оның ішінде Сарайшықта ашық аспан астындағы музей құрылысы да қаралады. Қ.Жұмалиев қоғамдық қордың Сарайшық үшін 1998-2002 жылдарға арналған кешенді жоспарын да жасайды. Жоспарда Сарайшық қалашығының болашақ дамуына байланысты мәселелердің барлығы қамтылады.

Дегенмен іскер азамат өзі туған Сарайшықта мемлекеттік деңгейдегі музей-қорықтың ашылуын көре алмай, 1998 жылы 22 ақпанда қайтыс болады. Ал оның қатысуымен жасалған жоспар көп ұзамай іс жүзіне асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: «Дайк-Пресс, 2002.

2. *Ахметова Ұ.Т.* Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918 жж.). Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013.

3. Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві (одан әрі – БҚОМА). – 432 қ., 1-т., 1 іс, 39-40 п.

4. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / құраст. Ж.Қ. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев // Ғылыми ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015.

5. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (одан әрі – АОМА). 376 қ., 1 т., 4 іс, 40 п.

6. Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл)/Жалпы редакцияны басқарған Г.Қ. Қайырғалиева – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017.

7. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – М. Назғалиев қоры. 1970. 1-2 п.

8. Намазғалиев М. Мектеп музейі//«Малды өңір», 1970, 4 сәуір.
9. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – М.Намазғалиев қоры. 66 б.
10. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – М.Намазғалиев қоры. 1970. 1, 3 бб.
11. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – М.Намазғалиев қоры. 34 б.
12. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – Ж.Ғизатов қоры. 2 б.
13. «Малды өңір», 1974, 19 ноябрь.
14. «Малды өңір», 1976, 18 ноябрь.
15. *Ахмет А.* Көне Сарайшықтың жоқшысы//«Жайық шұғыласы», 2019, 17 қаңтар.
16. *Намазғалиев М.* Сарайшық туралы не білеміз? // «Коммунистік еңбек», 1988, 11 март.
17. *Ахмет А.* Көне Сарайшықтың жоқшысы // «Жайық шұғыласы», 2019, 17 қаңтар.
18. АОМА – 376 қ., 1 т., 4 іс, 30 п.
19. АОМА – 376 қ., 2 т., 28 іс, 52-55 п.
20. АОМА – 376 қ., 2 т., 28 іс, 62 п.
21. *Қаштеев Қ.Қ.* Ән ақиығы (естелік). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС-і, 2005.
22. Сарайшық музей қорығының қосымша қорынан. – Қ.Жұмалиев қоры.

ЕКІНШІ БӨЛІМ



«ХАН ОРДАЛЫ САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1999 жылы 18 ақпанда Атырау облысы әкімі болып тағайындалған И.Н. Тасмағамбетов Сарайшық қалашығына айырықша назар аударады. Облыс әкімі ел Үкіметінің 1997 жылғы 11 желтоқсандағы «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығын өткізу туралы» қаулысын орындау мақсатында жасалған жұмыстарға жаңа қарқын беріп, Сарайшықты дамытуға күш салады.

1999 жылы 7 сәуірде оның тапсыруымен әкім орынбасары Н.Мақашев облыстағы ірі өндірістік мекемелермен кездесу өткізеді. Кездесуге «Ембімұнайгаз» АҚ, «АМӨЗ» АҚ, «АКИОК» АҚ, «Каспийшельф» ККШ, «АТМА» АҚ, «АНАКО» АҚ, «Теңізшевройл» АҚ тағы өзге алпауыттар қатысып, бірауыздан «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысын бүкілхалықтық құрылыс етіп жариялауға келіседі. Нәтижесінде 1999 жылы 23 сәуірде Атырау облысы әкімінің №79 шешімі жарияланады. И.Н.Тасмағамбетов шешімінде: «Тарихи-археологиялық «Сарайшық» қорығын құру қажеттілігі еліміздің өткен тарихын жаңғырту және зор ма-

ңызы бар ескеркіштің болашақ тағдырына үлкен қамқорлық қажеттілігінен туындап отыр. Ескерткіштің антропогендік және табиғи факторлардың әсерінен күн санап бұзылуына қарсы шаралар қабылдау және оның орналасқан жерін «бірегей тарихи-археологиялық аймақ» ретінде белгілеу арқылы ғана «Сарайшықты» мүлде жойылып кетуден, сондай-ақ халықтың ғажайып тарихи естелігінен таусылмас қазынасын сақтап қалуға болады.

Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Заңын орындауға, жалпыұлттық маңызы бар тарихи-археологиялық ескерткіш болып табылатын «Сарайшық» мемориалдық кешенін құру мақсатында ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысы бүкіл халық құрылысы деп жариялансын.

2. Облыстық мәдениет және туризм басқармасы (К.Қосыбаев):

1) мәдениетті қолдау ұлттық қорының Атырау облыстық бөлімшесінің есебіне азаматтар мен кәсіпорындардан құрылысқа ерікті жәрдем жинау жұмысын ұйымдастырсын және бұқаралық ақпарат құралдарында мемориалдық кешен құрылысына арналған материалдары жариялансын.

3. Құрылыс, сәулет және тұрғын үй саясаты басқармасы (И.Әміров):

1) мемориалдық кешен эскизін бекітуге ұсынсын;

2) орнын белгілеп, мемориалдық кешен құрылысына жер бөлу және құрылыс жұмыстарына қажетті жобасметалық құжаттарын жасақтасын;

3) 1999 жылғы 1 қыркүйегіне дейін бітіру мерзімімен мемориалдық кешен құрылысын сақтау бойынша құрылыс жұмыстар кестесін бекітісін.

4. Кәсіпорын, ұйым мен мекемелер басшылары кешен құрылысының жұмыстарын орындау үшін қаржылық және материалдық көмек көрсетсін.

5. Осы шешімінің орындалысын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Мақашевқа жүктелсін»» деп анық жазылады [1; 403-404, 412-413 п.].

Кешен құрылысы 2 мамырда басталады. 1999 жылы 25 мамырдағы «Атырау» газеті: «Ортағасырлық Сарайшық қалашығының орнына «Сарайшық» мемориалдық кешенін тұрғызу жөнінде облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың соңғы 3-4 жылдағы идеясы, сәтін салса, биыл-ақ жүзеге аспақ. Осы кешен құрылысы жөнінде облыс әкімінің арнайы шешім алғанына бір ай да болған жоқ. Енді, міне, «ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, кешен құрылысы басталып та кетті. Өткен жексенбі күні Сарайшық селосының оңтүстік шетінде бой көтермек осы кешеннің іргетасын қалаудың ресми салтанаты болып өтті. Жиналғандардың құрмет-қошаметі үстінде Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты, атақты ақынымыз Фариза Оңғарсынова мен облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов мемориалдың іргетасына алғашқы тасты қалау рәсімін атқарып, сөз сөйледі. Одан кейін Атырау мешітінің наиб имамы Жалел Гезер құран оқыды, ал бас имам Серғазы Ибадулла құрылысы басталған осы бір игі іске сәттілік тілеп, бата берді» деп облыс жұршылығын ақпараттандырады [2].

Көп ұзамай 2 тамызда Атырау облыстық мәдениет және туризм басқармасының бұйрығымен кешен директоры болып М.Бердімұратов тағайындалады. М. Бердімұратов уақыт созбай жаңа музей-қорығын жасақтап, оны жәдігерлермен толықтыруға кіріседі. Ол Махамбет аудандық өлкетану музейінен, облыстан көмек сұрайды. Кейін облыстық мәдениет басқармасы басшысы Б. Иман-

ғалиевке жолдаған хатында «Хан Ордалы-Сарайшық музей-қорығы» ашылу қарсаңында Махамбет аудандық өлкетану мұражайынан бірнеше жәдігерлер алынып, уақытша қойылған еді. Енді осы жәдігерлерді мұражай әкімшілігі қайтаруды сұрап отыр. Бұл заттар кейін қайтарылса, Сарайшықтағы мұражайдың жартысы бос қалады» деп мойындайды [3].

1999 жылы 12-13 тамызда Атырау облысына келген ҚР Премьер-Министрі Н. Балғымбаев: «Кеше Сарайшықта болып, Бөкей хан ставкасын қарадым. Жұмыс жүріп жатыр» деп хабарлайды [4; 8]. Мұнайшылар мерейтойы өлкеміздің рухани жаңғыруына ұласады. Осы сәтте музей-қорық кешені құрылысы да аяқталады. Жаңа кешен жобасының авторы және құрылыс басшысы Ақтаулық Сайын Назарбеков еді [5; 85]. Оның басшылығымен мемориалды музей мен мешіт қызыл кірпіштен, ал монумент Маңғыстаудан әкелінген ақ тас-тан қаланады. Кешен халықтан түскен қаражат және демеушілер есебінен салынады.

1999 жылы 3 қыркүйек «Сарайшық» музей қорығы үшін тарихи күн болды. Өйткені көптен күткен музей-қорық ашылып, оған Н.Назарбаевтың өзі қатысады. Ел Президенті кешенді ашарда: «Ол Қасымхан билік құрған тұста Қазақ хандығының астанасы болды. Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені, иісі бүкіл түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары – Тоқта, Жәнібек, Бердібек, Ноғайлының билеушісі – Оқас, одан бергі Қасымхан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны осында мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы пантеоны десек те болады», – деп қала тарихына ерекше маңыз бере сөз сөйледі [6; 7]. Кейін Құрметті қонақтар кітабына Н.Назарбаев: «Тау шайқалса да тарих шайқалмайды – деген халқымыз. Осы мұражай есімізді

жинап, Тәуелсіз ел болып, ата-бабамызды еске алудың дәлелі. Жас ұрпақ тарихтан өнеге алып, қазақ елін, кең-байтақ жерін сүйіп өссін! Баршаңызға жақсылық тілеймін» деген аталы сөзін қалдырады.

Бұл күн расында да Сарайшық қалашығына, оның тарихына деген жасалған ерекше құрметке толы болатын. Барша баспасөз басты беттерін Сарайшыққа арнады. 1999 жылы 4 қыркүйекте «Атырау» газеті: «Көне Сарайшық басы да сол күні ерекше сән-салтанатқа бөленіп тұрған. Бір қапталға көптеген киіз үйлер тігілген, қазандар көтерілген. Махамбет, Исатай және басқа елді мекендерден мың сан жергілікті халық жиналған. Атырау қаласынан да ағылып келушілер толастар емес. Ресейден, Қазақстанның басқа облыстарынан, Алматы мен Астанадан келген мәртебелі қонақтар, мұнай-газ өнеркәсібінің басшылары, ғалымдар, жазушылар, ақындар, журналистер бөлек құрылған орындарда орналасқан. Ескерткіш алдындағы алаңда Президент гвардиясының сарбаздары құрметті қарауылда тұр. Президент тікұшағы қонды. Нұрсұлтан Әбішұлы, Нұрлан Өтепұлы, Иманғали Нұрғалиұлы, Сарыбай Сұлтанұлы ескерткіш кешеніне қарай беттеді. Жиналған халық ду қол шапалақтап құрмет көрсетіп жатыр. Елбасы және оның қасына ерген басшылар ақ тастан қаланған биік ескерткішті, оның жанынан салынған ортағасырлық Сарайшық мұражайы мен мешіт үйін көріп шықты. «Хан ордалы-Сарайшық» ескерткіштер кешенін тамашалап шыққан Нұрсұлтан Әбішұлы мен оның қасына ергендер шағын сахнаға көтеріліп, онда қойылған төрт орындыққа отырды. Облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов мұнайдың 100 жылдық мерейтойы шараларының бірі – Сарайшық кешенінің ашылу салтанатын қысқаша сөзбен бастап, Қазақстан Рес-

публикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сөз берді. Президент Сарайшық, оның тарихи тағылымдары туралы тебірене сөйледі. Ол көне Сарайшық қаласының тарихи рөлін, оның елдің елдігін, ердің ерлігін сынаған ғасырларда әлемге танымал астана атанып, бірліктің, ұйымшылдықтың, ұйтқысы болғанын, сондықтан биылғыдай Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы осы тарихты еске түсіру халық, оның өткен тарихы алдындағы парыз болғанын атап өтті. Елбасы тау құласа да тарих құламайды деді. Еш-уақытта да өшпейтін бір нәрсе бар, ол – намыс. Тарихқа үңілсек, қазақ халқы намысты жоғары ұстаған. Тура соғыста, бетпе-бет келіп ешбір жау қазақты алған емес. Ол үшін ел бірлігі басты шарт. Біз осы тағылымды ұмытпай жүрсек, сонда ғана өсеміз, іргелі ел, бай ел боламыз. Нұрсұлтан Әбішұлы біздің көк туымыз желбірей берсін, болашақ бақытқа бастасын деп, жиналған халықты мұнайдың жүз жылдығымен, Сарайшық кешенінің ашылуымен құттықтады. Атырау қаласының Балықшы поселкесінде тұратын ақсақал, бұрынғы қарапайым балықшы Өтебай Бисенғалиұлы Атыраудың бүкіл халқы атынан Ел Президентіне талай қазақ хандарына орда болған Сарайшыққа қош келдің деп айтып, Атырау халқы атынан батиха берді. «Қарағым Нұрсұлтан, – деді ақсақал, – Алла тағала сәнді де ұзақ өмір берсін, осында жатқан қасиетті хандардың, ата-бабалардың, Бекет атаның аруақтары қолдасын, тұғырың берік, көк туың биік болсын...». Өтебай ақсақал өз елі атынан Нұрсұлтан Әбішұлының келер жылы болатын 60 жасқа толу мерейтойына құтты болсын айтты. Махамбет ауданының әкімі Ұ.Елеубаев Ел Президентіне ат мінгізіп, иығына шапан жапты. Елбасы және оның қасында жүрген басшылар арнайы тігілген киіз

үйге кіріп, астан дәм татты да, кідірмей Атырауға ұшып кетті. Елбасын думанды қол шапалақтармен шығарып салған халық Елбасының өзі ашып кеткен ескерткіштер кешеніне бет алды. Ондағы мұражай мен мешітті көрді» деп жазылған мақалада [7].

Тарихи сәтке куә болған М.Бердімұратов: «Иә, сол кезде облысты басқарған Иманғали Тасмағамбетовтың ұйғарымымен «Хан Ордалы Сарайшық» мұражайының басшысы болып тағайындалдым. Музейдің ашылу салтанатына Мемлекет басшысының өзі қатынасуы – біз үшін үлкен абырой еді. Ұшақтан түскен бойда халықпен амандасып, бірден Хандар кесенесіне келді. Аруақтарға тағзым етіп, жерленген хандар жөнінде түсініктеме берілгеннен кейін атақты әулие ағашқа орамал байлады. Ашылған музей жәдігерлерімен танысу барысында жиі-жиі сұрақтар қойып, көне ұлттық тарихымызға үлкен мән берді. Музей жәдігерлерімен танысып болғасын Елбасына: «Мына естелік кітапқа қолтаңба қалдырыңызшы», – деп кітапты ұсындым» деп еске алады [8].

Музей-қорық ашылған сәтте 120 жәдігер көрмеге шығарылады. Олардың ішінде XIII ғасырдағы Хұм құмыра, түрлі құмыралар, құмандар, қасқыр қақпаны, Сарайшық монеталары, Ресей патшасы монеталары қойылды. Осы арада облыстық музейден тарихи мәтіндер, 30 дана Сарайшық теңгелері, Сарайшық эмблемалары, 40 дана «Сарайшық – көне тарих көзі» фотолар көшірмесі, 1 дана Атырау облысы археологиялық ескерткіштері картасы, XVI ғасырдағы ескі Сарайшықтың орналасу макеті көшірмесі, 4 дана экспонат-ыдыстары алынған. Музейге қызметке директордан басқа аға ғылыми қызметкер Ж. Физатов, экскурсовод М. Бердімұратов, бухгалтер А. Физатова, қарауылға Б. Байтурин,

тазалықшыға Қ.Акимова алынса, 2000 жылы жұмысқа Б.Намазғалиев қабылданады [3].

«Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығы болып ашылған сәттен бастап, басшылық қызметті атқарған М.Бердімұратовтың еңбегі ерекше. М.Бердімұратов 1936 жылдың 2 сәуірде Махамбет ауданы, Алға селосында дүниеге келген. Содан кейін Сарайшық ауылына келіп білімін жалғастырады. Өз әңгімесінде: «Мектепте ұлағатты ұстаздар сабақ берді. Сүйікті ұстазымның бірі – тарих пәнінің мұғалімі Бисенғалиев Жаролла ағайымның сабақ түсіндіруі, әрбір тақырыпқа жасалған талдауы, әсіресе, қазақ тарихына байланысты түсінік беруі тым бөлек-тұғын. Кейде ортағасырлық қалаларды атап, оның ішінде, Сарайшық Қасым ханның кезінде астана болған қала деп түсіндіргенде біз таң қалатынбыз. Көне Сарайшықтың тарихын зерттеу мақсатында, Жайықтың жағасында қазба жұмысы жүріп жатыр, оның басшысы атақты ғалым Әлкей Марғұлан деген ағаларың. Барып көрулеріңе болады, бірақ, бір заттарын шашып, бүлдіріп жүрмендер», – деп ескертетін ол кісі. Сол күннен бастап мен Жайық жағасында қазба жүргізіп жатқандардың қасына жиі барып, қолымнан келгенінше көмектесіп жүретінмін. Әрбір қазбадан табылған көне тарихи жәдігерлерді көріп, таңырқайтынбыз. Ауыл іргесінде қазба жұмыстарын жүргізуге келген ғалым Әлкей Марғұлан бірде маған келіп: «Әй, бұйрабас, күндердің күнінде Сарайшықтың тарихына сен жауап беретін боласың», – деп басымнан сыйпағаны есімде» деп деп өмірінде жиі өткен тарихқа деген қызығушылығын осылай сабақтайды. Міне, сол кезден бастап Сарайшық тарихына деген құмарлығы арта түскен ол 1953 жылы осындағы орта мектепті бітіріп, әр салада жұмыс жасап, кейін Гурьевтің пединститутын 1962 жылы біті-

ріп, Ембі ауданындағы Гагарин атындағы орта мектепте мұғалім, кейін мектеп директоры қызметіне келеді. 1970 жылы Сарайшық мектебіне мектеп директоры болып тағайындалады. Ал 1999 жылдан 2018 жылға дейін үздіксіз музей-қорықты басқарады. Оның ел арасындағы еңбегі еленіп, «Лениннің 100 жылдығы», «Ел ардақтысы», «Егеменді Қазақстанның 20 жылдығы», «Халық ағарту ісінің үздігі» медалдарымен марапатталып, «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың Құрметті қызметкері», «Махамбет ауданының Құрметті азаматы» атағы беріледі.

Музей жұмысының ілгері дамуына үлес қосқан музей-қорықтың аға ғылыми қызметкері болып қызмет атқарған Жанұзақ Ғизатов болды. 16 жыл ішінде музей уақыт талабына қарай үнемі даму үстінде болды. Осы уақыт аралығында оның жетекшілігімен музейдің ғылыми жұмыстары жүргізілді. «Атырау өлкесі Алтын Ордаға дейін», «Ұлы Жібек Жолы – дүниежүзілік өркениет жолы», «Бабамның жұрты – Ноғайлы», «Аңызға толы Сарайшық», «Сарайшықтың екінші өмірі», «Алтын Орда хандары» ғұндар мен хазарлар, оғыздар мен қыпшақтардың Атырау аймағындағы дәуірлеу кезеңін, орта ғасырлық көне қала жәйлі сыр шертсе, Ноғай батыр мен Едіге биден басқа алты хан туралы түрлі ғалымдардың пікірлері жинақтап, салыстырып серияларын жүзеге асырды.

Ж.Ғизатов 20-дан аса ғылыми мақаланың авторы. Ғылыми зерттеу еңбектері республикалық басылымдарда жарияланған. Республикалық «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналдың Атырау облысындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарған. «Сарайшық – Астана қала», «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» атты бірқатар еңбектердің авторы.

Осындай азаматтар елге қызмет етіп, музей-қорықтың өркендеуіне, соның ішінде рухани саласының дамуына сүбелі үлестерін қосты.

1999 жылы 9 қыркүйекте Сарайшыққа Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының алғашқы мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбай келеді. Ол қолтаңба кітабына: «Алтын Орданың ақтығы, Қазақ Ордасының бесігі, Дешті Қыпшақтың байтағы, Тәуелсіз Қазақстанның ежелгілігінің ең қасиетті жәдігерлерінің бірі, Араб, Иран, Тұран, Еуропа араластығының алтын кіндігі – Сарайшықтың санадағы салиқалы да салтанатты есесін қайта тірілткен Атырау азаматтарына аса разы сезіммен, ең ізгі тілектермен» деп шалқи жазады.

Осылайша ел зиялыларының араласуымен 1999 жылы 19 қазанда «Хан ордалы Сарайшық» облыстық мұражай-қорығы түкпілікті ашылып, қаржылық мәселесі толықтай шешіледі [10; 105].

Бұл арада Ел Президентінің тапсырмасын орындаған облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың ерен еңбегі айрықша болатын. Ол турасында Сарайшық кесенесін салдыру тарихын еске алған 1994-2003 жылдардағы Атырау облысы Махамбет ауданының әкімі Ұзаққали Елеубаев бұл идея И.Н.Тасмағамбетовты «көптен толғандырып жүрген, көкірегінің бір түкпірінде жатқанын бұрыннан байқаушы едім. Сирек те болса туған жерге келгенде Сарайшыққа соқпай кетпейтін» деп жазған болатын. Аудан әкімі Елбасының он мыңға жуық халық алдында Сарайшыққа айрықша мән бере тебірене сөйлеуі үлкен тарихи оқиға болды және Сарайшық қаласын қайта жаңғыртуға жол ашқанын атап өтеді.

Сарайшық тарихындағы маңызды тарихи оқиғаны кейін саралаған И.Н.Тасмағамбетов: «Бүгінде осыған қа-

тысты жәдігерлердің біразы, сонау 1999 жылы Елбасының өзі Атырау облысына арнайы келіп ашқан «Хан Ордалы Сарайшық» атты мемлекеттік қорық-мұражайда сақтаулы тұр. Сонымен бірге бұл жерге халқымыздың арғы-бергі тарихында игі істерімен танылған жеті хан жерленген. Атап айтқанда, олардың үшеуі – Алтын Орда хандары – Мөңке-Темір, оның ұлы Токтағу және Өзбек ханның баласы – Жәнібек. Үшеуі – Ноғай Ордасының хан дәрежесіндегі билері – Оқас, Шейх-Мамай және Жүсіп билер. Ал енді Сарайшықта жерленген жетінші тұлға – қазақтың Қасым ханы. Міне, осы бір ғана деректің өзі осынау шежірелі қаланың еліміз үшін қаншалықты мән-маңызы мен мәртебесі барын айшықтап отыр. Осылайша Сарайшық қазаққа 50 жылдан астам астана болды. Бұл хандықтың экономикалық, әлеуметтік кемеліне келіп, шаруашылығын тіктеп, өрісін кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер туғызды. Әрине, жаугершілік заман болған соң уақытша құлдырау кезеңдері де болды. Міне, осындай бір кезеңде астана біресе Созаққа қайта ауып, біресе батысқа кері қайтып алмағайып күй кешеді. Кейін ел тізгіні Тәуекелге тиіп, қайта өрлеген Қазақ хандығында тұрақты заман орнайды. Ендігі жерде елдің тоқырауға түспей, одан әрі өркендеуіне күшті рухани серпіліс керек еді. Сондықтан Есім ханның кезінде елорда Сарайшықтан Түркістанға көшті» деп толықтыра түседі [11].

Музей-қорық ашылу барысында Сарайшықта археолог З. Самашев бастаған археологиялық экспедиция өз жұмысын бастаған-ды. 1999 жылы 6 қазанда М. Бердімұратовқа жолдаған хатында З.Самашев экспедиция қорытындысы бойынша Атырау облыстық өлкетану музейінде 10-20 қазан аралығында арнайы көрме өткізетінін хабарлап, музей-қорық ашылар сәтте уақытша

тапсырған жәдігерлерді кейін қайтаруды сұрайды. З. Самашев осы мақсатта Сарайшыққа әдейі археолог В. Плаховты жібереді.

1999 жылы 1 қарашада З. Самашев М. Бердімұратовқа келесі бір хатын жолдап, археологиялық қазба орындарын қорғау қажеттігін көтереді. Ғалым хатында: «В связи завершением исследования на городище Сарайчик в сезоне 1999 г. обращаюсь к Вам с просьбой не направлять группы организованных посетителей и частных граждан на огражденные участки археологических раскопок. Они пока являются объектами научных исследований, не музеефицирована, официально не являются объектами туристическо-экскурсионных посещений. После создания соответствующих технических и материальных условий – проведения дорожек, смотревых площадок, закрепления специальными составами стен и интерьеров помещений, полной консервации и реставрации эти раскопки будут доступны всем. В настоящее время, до полной сдачи объектов органам госохраны историко-культурного наследия, запрещается производство не согласованных фото-видеосъемков. Материалы экспедиции Вам будут переданы в апреле 2000 года» деп қазба орындарындағы күрделі мәселелерді көтереді [3]. З. Самашевтің ұсынысы орында талап болатын.

Қалыптаса бастаған жаңа музей-қорық алдында өзге де шешімі табылмаған мәселелер тұрды. Оны Махамбет ауданы әкімінің орынбасары Ұ. Төлегенов 2000 жылы 24 наурызда Сарайшық селолық округі әкімі Е. Нүкеев пен музей кешені басшысы М. Бердімұратовқа жолдаған хатында анық көрсетеді. Хатта: «Хан ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені пайдалануға беріліп, халық игілігіне айналғанымен, кейбір мәселелер Сіздердің қатер-

леріңізге берілгенімен күні бүгінге дейін Сіздердің тараптарыңыздан оларды шешуге деген нақты шаралар алынбай жатыр. Әсіресе үш мәселеге көңіл аударып, мәселені шешу шарасын қолға алуды тапсырамын: 1. Келушілер аялдайтын, сусын, жеңіл тамақ ішетін орын, 2. Мұражайды көгалдандыру, 3. Мұражайға жазғы су тарту. Мұражайдың қаржыландырылуы облыстық мәдениет басқармасы арқылы болғандықтан қаржы мәселесі тек қана облыстан шешіледі. Ал аудан әкімі аппараты өз тарапынан көмек көрсетуге даяр» деген жолдар жазылады [3].

2000 жылы 21 сәуірде Сарайшық музей-қорығына ақын, Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты Фариза Оңғарсынова келеді. Қолтаңба кітабына ақын: «Атыраудың киелі бір нүктесі – осы Сарайшық. Ұрпақтың жады жасай береді екен, әйтпесе ұмытыла жаздаған тарихымыз қайта жаңғырып, бүгін бүкіл ел тәу ететін мекен болар ма еді! Елге, еңбек етіп жүрген ұл-қыздарға бас иемін, тілекшімін» деп қолтаңбасын тарихқа қалдырады.

И.Н. Тасмағамбетов облысты басқарған кезеңнен бастап осылайша музей-қорықтың жаңа кезеңі басталады. Ол тек музей-қорықтың салынуымен ғана емес, сонымен бірге ол археологиялық жұмыстардың жандануымен ерекшеленеді. Ол турасында Сарайшықта Ә. Марғұланның соң қазба жұмыстарын жүргізген тарих ғылымдарының докторы З. Самашев: «1999 жылы басталып, 2008 жылы тоқтаған қазба жұмыстарының қайта жандануын тарихи бір кезең деп атауға тұрарлық» деп мәлімдеген-ді [12].

Дегенмен бұл кезеңдегі басты мәселе музей қорын толықтыру болды. Ол турасында облыстық мәдениет

басқармасы 2000 жылы 29 желтоқсанда Махамбет мұражайы меңгерушісі А.С.Бердімұратоваға ашық жазады. Осы арқылы біраз жәдігерлер Сарайшыққа әкелінеді. Кейін 2003 жылғы археологиялық қазбалар нәтижесінде З. Самашев 1341 жәдігерді тапсырады [3].

Музей қорық жұмысына Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылды «Мәдениетті қолдау» жылы деп жариялау туралы Жарлығы жаңа сілкініс әкеледі. Жарлық бойынша 2001 жылы 30 қаңтарда Махамбет ауданы әкімі Ұ.Елеубаев «аудандық мұражай мен «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешенінің жұмыстарын» арнайы қарайды. Аудан басшылығы мәжілісте «Аудандық мұражай және «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені аудандағы тарихи жәдігерлерді келушілерге түсіндіру, жалпы тарихты насихаттау барысында бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Мұражай мен кешен қажетті мүліктер алуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге жеткілікті қаражат бөлінуде. Бірақ та осы екі орында да атқарылып келе жатырған жұмыстар әлі де өз дәрежесінде емес. Әсіресе аудандық мұражайда жәдігерлер қорын толықтыру, түрлі шаралар ұйымдастыру жеткіліксіз. Жұмыс жоспарлары сапасыз жасақталынған. Мұндағы табыс табу өте төменгі дәрежеде. Тарихи мәдени мұраларды қорғауға деген мұражай директорының жетекшілігі төмен, қызметкерлердің өз міндеттерін жете түсінбеушілігі, біліксіздігі басым. Аудандық мәдениет бөлімі (К.Байкунова) тарапынан мұражай жұмысын бақылау және методикалық көмек ұйымдастыру жеткіліксіз. Соңғы екі жылда мұражай жұмысы мәдениет бөлімі кеңесінде бірде-бір рет қаралмаған. «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешенін дамыту мүмкіндіктері бола тура туристердің демалыс аймағын ұйымдастыру мәселесі шешілмей

келеді. Кешендегі мешіт үйінің жабдықталынуы нашар» дей келе, көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында шешім қабылдады. Шешімде:

1. Аудандық мұражай басшылығына (А. Бердімұратова) жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетілсін.

2. Аудандық мұражай жұмысын жолға қою үшін төмендегі шараларды атқару тапсырылсын:

- Мұрағаттарды толықтыру және жаңарту үшін экспедициялар, тарихи және мәдени процестерді зерттеу, зерделеу үшін ғылыми іссапарлар ұйымдастыру;

- Баспасөз беттерінде ғылыми, тарихи тақырыптарда материалдар жариялап тұру;

- Мұражай мұрағаттарымен аудан тұрғындарын және басқа да көрермендер тартуды ұйымдастыру. Ол үшін тақырыптық экскурсиялар; лекциялар; кездесу кештерін; тақырыптық және арнаулы күндер ұйымдастыру;

- Мұражай жанынан үйірмелер, мектептер ұйымдастыру;

- Мұражай жарғысында көрсетілген заңдылық шеңберінде қаржы табу;

- ғылыми, танымдық, библиография кітаптардан шағын кітапхана ұйымдастыру.

3. «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені (М. Бердімұратов).

- мұражай жәдігерлерін толықтыруды жалғастыру;

- ғылыми жұмыстарды жүйелі жүргізу;

- туристердің демалыс аймағынын ашылуына тиісті орындарға мәселе қою тапсырылсын.

4. Аудандық мәдениет бөліміне (Н. Байжунова) мұражайлар қызметіне қатаң бақылау және методикалық көмек көрсету тапсырылсын.

5. Аудандық мұражай мен «Хан ордалы Сарайшық» кешені жұмысы туралы осы жылдың шілде айында хабарлама түсіру мұражай директорларына міндеттелсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары У.Төлегеновке жүктелсін» делінеді [3].

Аудан әкімшілігінің талабы орынды болатын. Көрсетілген нақты кемшіліктер музейдің дамуына бағыт-бағдар сілтеді.

2004 жылы 27 сәуірде «Мәдени мұра» бағдарламасын дамыту мақсатында арнайы қаулы қабылданып оны іс жүзіне асыру облыс әкімі орынбасары Р.Мүрсәлиеваға жүктеледі. Бағдарлама бойынша тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру, көркем және ғылыми толық дес-телерін шығару арқылы ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту т.б. қолға алынады. Қорытындысында Сарайшық қаласы мен Ақтөбе жер асты қалашықтарына археологиялық қазба және ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізу, «Хан Ордалы Сарайшық» және «Арал төбенің Алтын адамы» атты деректі фильмдер түсіру, ЮНЕСКО-ның бастапқы тізіміне кіргізілген «Жібек жолы» (Сарайшық) бойы шекарасының қорғау аймағын анықтау, облыс аумағында ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру, оның қорытындысында «Тарих тағылымы» кітабын шығару, Атырау аймағындағы тарихи-мәдени мұралардың орналасу картасын жасақтау міндеттері тұрды [13; 451-456].

3. Самашев 2017 жылғы Сарайшықтағы қазба жұмыстары Есебінде 2004-2007 жылдардағы қазба жұмыстарын тағы бір сын көзбен саралайды. Ғалым: «Мощный толчок в проведении мероприятий по исследованию, сохранению и популяризации исторического прошлого края дала Государственная программа «Культурное наследие», в ходе реализации которой в 2004-2007 гг.

исследовалось и городище Сарайчик. Именно в этот период проводились полномасштабные работы по изучению древнего города. В этот период исследовался комплекс погребальных сооружений (корхана), остатки бани, печь для обжига поливной керамики, городские жилые постройки, архитектурный комплекс общественной постройки «хана». Применение тогда методик комплексного исследования памятника позволило получить интересные материалы по питанию и жизнеобеспечению средневекового населения города, выявить особенность технологии гончарного производства, денежного обращения, архитектурные особенности формирования древнего города» деп жасалған жұмыстарға бағасын береді.

Сарайшық қалашығындағы өзгерістер, ғалымдардың ұсыныс-пікірлері көп ұзамай ел үкіметінің назарын аудартты. Нәтижесінде 2008 жылы 21 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметі №279 қаулысымен Сарайшық қалашығын Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосады. Осы жылы З. Самашев 300 м² жерді қазып, XIII-XIV ғасырларға қатысты мәліметтерді жинақтайды.

З. Самашевтың археологиялық қазбалары, оның қорытындылары бойынша облыс басшылары мен министрліктерге Сарайшық мәселесін көтере жолдаған ақпараттары мен ұсыныстары қолдау таба бастады.

2009 жылы 30 желтоқсанда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі су ресурстары комитетінің төраға міндетін атқарушы А. Орман ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне арнайы хат жолдайды. Хатта: «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Сарайшық қалашығының тарихи

орнын Жайық өзені ағысының шаюынан сақтап қалу жөніндегі хатына байланысты келесіні хабарлайды. Сарайшық қалашығы Атырау қаласынан солтүстік бағытта шамамен 45 км қашықтықта, Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Бүгінгі күндері көне Сарайшық қалашығының көп жерлері өзен жағалауларының құлауына байланысты Жайық өзенінің сол жағында және өзеннің түбінде қалған. Өкінішке орай, Жайық өзенінің тік жарлары жыл сайынғы көктемгі су тасқынының салдарынан және жарлардың құмды-топырақты болуына байланысты әлсіз болғандықтан құлап, Жайық өзенінің арнасы оң жақ бағытқа жылмажыл 3-4 метрге ығысуда. Жайық өзенінің жазды күнгі деңгейі – 27,58 м БС, ал көктемгі су тасқыны кезде – 21,43 м. БС екенін және су келетін көп жылдары судың ағысы секундына 2500-3000 М³/сек болатынын ескерсек, Сарайшық қалашығының тұсындағы Жайық өзенінің ұзындығы 1-1,5 км оң жағалауын бекіту керек деп есептейміз (жаға бекітудің ауданы шамамен 15000 м²). Сонымен қатар Жайық өзенінің негізгі арнасын Сарайшық қалашығына жеткізбей бөгеп, арнаны бұру арқылы да жүзеге асыруға болады деп есептейміз (Схема тіркелген). Осыған орай, Мәдениет және ақпарат министрлігіне бекітілген заңнама тәртібімен Атырау облысы әкімшілігі арқылы Сарайшық қалашығының тұсындағы Жайық өзенінің жағалауын бекіту немесе өзеннің негізгі арнасын бөгеу бойынша, арнаны бұру жобаның техникалық – экономикалық негіздеме мен жобалық-сметалық құжаттамасын әзірленуін бастамашылық етуді ұсынамыз. ҚР АШМ Су ресурстары комитеті өз кезегінде, аталған құжаттар Комитетке енгізілгеннен кейін тиісті ұсынысты 031 «Гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңарту» бюджеттік бағ-

дарламасы аясында Республикалық бюджеттік комиссиясының қарауына енгізуге дайын екенін хабарлаймыз» деп жазылады [3].

2010 жылы «Хан Ордалы Сарайшық» 1999 жылдан бері жинақталған іс қағаздарына, соның ішінде іс жүргізу және құжаттарды сақтаудың жәй-күйіне назар аударма бастады. Оны 2010 жылы 9 наурызда Махамбет аудандық мемлекеттік мұрағат директоры А. Андашев және І санатты мұрағатшы Т. Шапауова арнайы тексерді. Тексеру бойынша «Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық» 1999 жылы 3 қарашада заңды тұлға ретінде тіркеліп, негізгі жұмыс бағыты өлкенің тарихи-мәдени құндылықтарын зерттеу, сақтау, мұражайды археологиялық қазбалармен толықтыру, ғылыми жұмыстар жүргізу екені анықталады. Сонымен бірге тексеріс барысында 2010 жылға дейін «Хан Ордалы Сарайшықта» құжаттау мен басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстарының ұйымдастырылмағаны белгілі болады. Ол 2010 жылдың қаңтарынан бастап ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің 2009 жылғы 25 қыркүйектегі №128 санды бұйрығымен бекітілген үлгілік ережеге сәйкес құжаттау мен басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстарының қолға алынғанын айғақтайды. Іс қағаздар мен азаматтардың арыз-шағымдарын тіркеуге бас маман О.Сағынбаева жауап берген. Тексеру қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жоюға 15 күн берілген [3].

2010 жылдың бірінші тоқсанына атқарылған жұмыстар бойынша мәлімет Атырау мәдениет басқармасына тапсырылады. Мәліметте: «Ғылыми-мәдени жұмыстардан: Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтымен бірлесіп, Қасым ханның туғанына 565 жыл толуына байланысты «Қазақтың Қасым ханы» тақыры-

бында облыстың бір топ тарихшыларымен дөңгелек стол өткізілді, облыстық мәдениет басқармасы жанынан бұдан екі жыл бұрын құрылған Тарих және археология орталығының осы кезеңде атқарған жұмыс нәтижелері республикалық «Қазақ тарихы» журналы арқылы (№1, 2010 ж.) көпшілікке таныстырылды, музейге келушілерге, студент жастар мен оқушыларға түркі жұртының ұлттық мерекесі Наурыз туралы (экскурсовод О. Сағынбаева), «Сарайшық – Батыс Қыпшақта исламды тарату орталығы» тақырыбымен (ғылыми қызметкер Ж. Ғизатов), «Ұлт бірлігі – дамудың кепілі» тақырыптарында (директор М. Бердімұратов) лекциялар, пікіралысулар өткізілді. Музейдің тарихи қор кітапханасын толықтыру бағытында: Түркі халықтарының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы туралы жазылған Ислам Қабышұлының «Тұран әлемі» (Алматы: «Санат», 2007 ж.) кітабынан Алтын Орда дәуіріне сәйкес бөлігі көшірмесі алынды, интернет арқылы электронды нұсқамен Қазақ тарихына байланысты Қытай деректерінің 2-ші, 3-ші, 4-ші және 5-ші томдарының аннотациялары мен мазмұны жазылып алынды. Енді осы материалдардан Сарайшық тарихына байланысты деректерді теруді бастаймыз. Сонымен қатар жоспарда қарастырылған ұйымдастыру жұмыстары (наурыз айынан бастап ауладағы ағаштар тазаланып, гүл егетін орындарды даярлау, ауланың жиектерін ағарту) да өз кезегінде атқарылып жатыр» делінген [3].

2012 жылы 14 наурызда М.Бердімұратов Атырау облыстық Мәдениет басқармасының бастығы Н.М. Ерғалиевке хат жолдайды. Хатта: «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығының ашылып, жұмыс жасағанына биыл 12 жыл толады. Осы уақыт ішінде көне қала, өлке тарихымен танысушылар легі толастаған емес, жылына

10-12 мыңға жуық көрермені бар. Қазіргі уақытқа дейін табылған жәдігерлер музейдің көлемі $5,37 \times 17,4 = 94$ м болатын екі көрме залына қойылған. Көрермен сұранысына сай музейге экспозициялық көрініс залын жасақтау қажет-ақ. Сонымен қатар көне Сарайшық қаласының орнына жүргізіліп келе жатқан қазба жұмысының тоқтағанына биыл 4 жыл болды. Себебі су тасыған сайын қазба жүріп жатқан жағаны шайып, су астына кетуде. Осыған орай 2-3 жылдан бері су шайып жатқан жағаны бетонмен бекіту туралы сөз қозғалып келеді. Осыған орай музей басшылығы Сізге қазіргі таңда шешімін табуға тиіс төмендегідей мәселелер ұсынып отыр:

1. Музейге қосымша көрме залын салып, жасақтауға көмектесу;

2. Қазба жүріп жатқан көне қала орнының тазалығын, қоршауының бүтіндігін қадағалау мақсатында күзетші қою, яғни бір штат бөлдіру» деп жазылады [3].

Музей қорық басшысының хаты мекеменің жайын толық сипаттайды.

2012 жылы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Сарайшық қаласының орнын Халықаралық ЮНЕСКО бақылауындағы ескерткіштер тізіміне енгізу туралы Үндеу жариялайды. Үндеу «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығы қыметкерлерінің қолдауына ие болды. Ұсынысты Сарайшықтағы барша еңбек ұжымдары бірауыздан қолдайды [3].

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Атырау облысы әкімдігі Сарайшық қалашығын сақтап қалу мақсатында жаңа істерге бастамашы болады. Оған белгілі дәрежеде археолог ғалым З.Самашев өз үлесін қосты. Мәселен

архивте оның Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі М.А. Құл-Мұхаммедке жолдаған хаты сақталған. Ғалым хатынан: «Қадірлі Мұхтар Абрарұлы! Биылғы жылдың 13-маусымында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен Қоғамдық кеңестің отырысындағы Елбасының баяндамасында ерекше аталып, үкіметке арнаулы тапсырма ретінде қарастырылған мәселенің бірі – Сарайшық қалашығын сақтап қалу жөнінде болғаны өзіңізге аян. Осыған сәйкес мен, 1989 жылдан бері сол қаланы зерттеумен шұғылданып жүрген маман ретінде, алдағы 2009-2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына Сарайшық қалашығының орнында арнаулы археологиялық құтқару қазба жұмыстарын кең көлемде одан әрі жалғастырудың жоспарын енгізуді сұраймын. Ал негізгі шара – Жайық өзенінің жағалауын бекіту, немесе оны ескі арнасына қайта бұру болғандықтан, бұл мәселеменен Атырау облысының Әкімдігі шұғылдануға тиісті деп есептеймін. Кезінде осы жоба бойынша әртүрлі жергілікті ұйымдар шұғылданған болатын. Соның ішінде 2006 жылы «Толқын» ЖШС-і екі-үш жоба ұсынған. Бірақта, олар да мәселені түбегейлі шеше алмады. Сондықтан бұл істі Министрлік пен жергілікті әкімшіліктің бірлескен комиссиясын құру арқылы шешкен жөн деп есептейміз» деген жолдарды оқуға болады. Осындай мәтіндегі хат Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Е.Қаринге де жолданады.

2013 жылы 11 қыркүйекте министр М.Құл-Мұхаммед Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б. Сағынтаевқа арнайы хат жолдайды. Хатта: «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы

бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады. Атап айтқанда:

1. Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту;

2. Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу.

Ал Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады. Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізеді. Осы ұсыныстарды саралай келе түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отырысын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз. Тапсырманы орындау тәртібінде енгізіледі» делінеді [3]. Көп ұзамай министрлік облыспен бірлесе арнайы жұмыс тобын құрады.

2013 жылы 5 желтоқсанда «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық»

қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау жөніндегі ведомстволық комиссиясы отырысы Атырау қаласында ұйымдастырылады. Отырысқа комиссия төрағасы, Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасы Т. Қышқашбаев, комиссия мүшелері Шәкімов, Мұқан, Әбілдинова, Әбілда, Қияшев, Төлеков, Самашев, Қуанов, Агитаев, Сарин, Кенжеғалиевтер қатысады. Отырыс барысында Сарайшық мәселесін жете зерттеп жүрген З.Самашев мәжіліске қатысушылар назарына өзінің 1989 жылдан бері жинаған деректерінің нәтижесінде көне қаланы құтқарып қалу шараларына арналған екі жобасын атап өтеді. Оның алғашқысы – Жайық өзенінің жағасын бекіту, екіншісі – 1942 жылы болған су тасқыны салдарынан су астында қалған қала орнын ашып алу. Ғалымның бұл сөзіне Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының басшысы Бисен Қуанов: «Екінші нұсқа шығыны көп және нәтижесі неғайбылдау, сондықтан тек бірінші нұсқаны ғана бағытқа алған жөн. Сарайшықтың негізгі бөлігі Жайық өзенінің сол жақ бетінде орналасқан. Қазір жағаны бекіту жұмыстарын қолға алмасақ, ертең кеш болады. Біз көп қаржы кетеді екен деп бұл жұмысты кейінге ысыра бермеуіміз керек. Егер қазірден бастап қолға алсақ, бір жылдың ішінде Сарайшықтың орнын аман сақтап қалар едік. Атырауға алыс-жақын шетелдерден, еліміздің әр аймағынан келетін туристер саны артып келеді. Сарайшықтың қазіргі орнын сақтап, жаңа технологиямен жағалауды бекітіп, жарықтандырсақ, ұялмай көрсететін орынға айналар еді» деген пікірін білдіреді. Яғни ел азаматтары Сарайшық үшін арнайы екі жобаның дайындалғанын алға тартады. Отырыс соңында толтырылған хаттамада төмендегідей шешімдер қабылданады.

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Мұқан-ның, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Ә. Әбілдинованың, археолог З. Самашевтің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қалашығының қазіргі жай-күйі және оны сақтап қалу мәселесі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» РММ-нің бастығы Б.Қуановтың ұсынымдары назарға алынсын;

1) Сарайшық қалашығы аумағынан айналып өту үшін Жайық өзенінің ағысын түзету;

2) Жайық өзенінің Сарайшық қалашығының аймағы жағалауын бекіту.

Ведомствоаралық комиссияның көшпелі мәжілісінің қорытындысы бойынша Ұсыным беріледі:

1. Атырау облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес Жайық өзенінің жағалауын бекіту үшін ТЭН және ЖСК әзірлеуге қажетті қаржылық шығыстарды қарастырсын.

2. ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті жағалауды бекіту жұмыстары бойынша ұсынылған нұсқаларға қорытынды берсін.

3. Атырау облысының әкімдігі Сарайшық қалашығының іргелес аумағынан жер тілімін бөлуге мораторий жарияласын.

4. ҚР БҒМ, Атырау облысының әкімдігі, ҚР МАМ көне Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени маңыздылығы және шекарасын анықтау үшін археологиялық іздестіруді жүргізу мүмкіндіктерін қарастырсын [3].

Осылайша жылда Жайық өзені шайып жатқан ортағасырлық қалашықты қорғауға алғаш рет тиянақты ұсыныстар жүзеге аса бастайды [3].

2014 жылы қараша-желтоқсан айында «Хан Ордалы Сарайшық» ҚР Үкіметінің 2011 жылға 11 ақпандағы №127 «Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасын бекіту туралы» қаулыға сәйкес арнайы аттестаттаудан өтеді. Нәтижесінде «Мәдениет және мұрағат ұйымдарын аттестаттау үшін құрылған облыстық аттестаттау комиссиясы мәжілісінің 2014 жылғы №11 хаттамасына сәйкес өндірістік-шығармашылық және қаржылық қызметін ұтымды пайдалану, ұйымның әкімшілік-басқару қызметі, ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етуілуі туралы құжаттары зерделеніп, өткізілген аттестаттау нәтижелері негізінде оң қорытынды алған «Атырау облысы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны аттестатталды» деп есептелінсін» деген бұйырық 19 желтоқсанда жарияланады [3].

Сарайшықтың болашақ тағдырына және тарихи-археологиялық ізденістеріне Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарихшы ғалымдары айрықша назар аударады. Алғашқылардың бірі болып оны аға оқытушы Ж.Мұстафин арнайы зерделей бастады. Көп ұзамай оның Қазақ тарихы журналында «Сарайшық ашық мұражай» атты мақаласы жарияланды [14; 75]. Ал 2004 жылы «Сарайшық қаласының тарихы мен тағдыры» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2015 жылы монографиясы жарияланды [15; 177]. Ғалым еңбегін саралаған тарих ғылымдарының докторы Л. Бердіғожин: «Жеңісбек Жұп-

болулы 1968 жылдан елімізге белгілі шығыстанушы Вениамин Петрович Юдиннің жетекшілігімен ортағасырлық Сарайшықты зерттеумен келеді... Жалпы монография ғылыми ортаға және өлке тарихына қызығатын көпшілік қауымға арналған... Көне Сарайшықтың тарихы жаңа қырынан зерделенетініне және болашақ ұрпаққа ұлтжандылық тәрбие беруде ерекше мәнге ие болатынына сенім мол» деп жоғары бағалаған болатын [16].

Ж. Мұстафин Сарайшық тағдырына алаңдап облыс әкімі Б.С. Ізмұхамбетовке арнайы хат жолдады. Бір жолы жолданған хатында: «Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Сізге «Қасымхан (1445 – 1518 жж.) – тарихи тұлға» атты мақаламды жолдай отырып, кейбір ұсыныс-пікірлерімді қолдайды деген сенім білдіремін. Адамзат тарихында кез келген ірілі-ұсақты мемлекеттің тарихы бірнеше кезеңдерден құралатындығы баршаға аян. Сол сияқты қазақ ұлтының да ес жиып, ірге орнықтыруы, яғни біртұтас халық ретінде «ҚАЗАҚ» деген атпен дербес мемлекеттілігінің қалыптасуы да бірнеше кезеңнен тұратындығын тарихи жазба деректермен қатар, соңғы жылдардағы белгілі тарихшылардың зерттеулерінде дәйектелу үстінде. Қазақ мемлекеттілігінің орта ғасырдағы алғашқы көрінісі – Қазақ хандығының да тарихында өз ерекшеліктерімен ұлттық тарихымызда өшпестей ізі қалдырған, дақпырттан да ада данқты кезеңдері қалыптасу, нығайып, біржолата орнығуы болғандығы даусыз. Алғашқы кезеңде әкелі-бала Керей мен Бұрындық хандар 1470-1511 жылдар аралығында ұлтымызды ұйыстыра, мемлекетіміздің негізін қалау жолында көршілерімен сан арпалыстарды бастан кеше отыра, көреген мәмлегерлікке де берік жол салды. Мәселен, алғашқы қазақ тарихшысы Мухаммед Хайдар Дула-

ти «Хандық билікті Бұрындық әкесінен, яғни Керей ханнан иеленгендей келе, Дешті-Қыпшақтағы Жошы ұлысында Бұрындық (1473 – 1511) хан болды. Барлық ханзадalar мен Жошы ұрпақтары оның билігіне бас иіді, олардың әскерлерінің көптігі жөнінен жауын тамшыларымен тайталаса алатын» деген дерек қалдырған. Осылайша XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Бұрындық хан басқарған Қазақ хандығы алыс-жақын көршілеріне айтарлықтай қаһары бар Шығыс-Қыпшақтағы бірден-бір мемлекетке айналды. Қазақ хандығының іргесі берік ел болуына Керей, Бұрындық хандардың ақыл-парасаты, қажыр-қайратымен қатар, сансалалы қолайлықтарды иеленген ежелгі Қыпшақ даласының кіндігі, ертеден шартарапқа өзіндік ерекшеліктері мен даңқын жайған туған өлкеміздің жалқы шаһары – Сарайшықты таңдап, алғашқы ел ордасына айналдыруын қазақ хандарының көреген қайраткерлігі деп тұжырымдауға мәжбүрлейді. Өйткені бұл туралы Мухаммед Хайдар Дулати мен белгілі орыс шығыстанушысы В.В.Вельяминов-Зернов былай деді: «Сарайшықты қазақ ханы Бұрындық бағындырып, алғашқы астана етті». Ең алғашқы ұлттық мемлекетіміздің нығайып, біржолата орнығуы мен алыс-жақын көршілерімізге мойындалуы Қасым тұсында іскерлікпен жалғастырып, хан ел ішінде де, сыртында да айрықша абыройға бөленгені белгілі. Міне, Қасым хан билеген кезең Қазақ хандығының даму тарихында мемлекеттілігіміздің біржолата орнығуы, ықпалды аумағының кеңейіп, бүгінгі Қазақстан аймақтарын тұтас бағындырып, едәуір уақытқа тыныштық орнаған кезеңі болды.

Сондықтан да хан Қасым билігі тұсында хандық күшейіп, ел билеу жүйелері мен қоғамдық қатынастар

реттеле бастаған тұс «Қасым ханның қасқа жолы» деген атауға ие болып, ұлтымыздың тарихы мен санасында өшпестей із қалдырды. Қасым хан абыройға әскери-мәлімгерлік талантымен жеке басының қаһарман жүректілігімен және өзгелерді соңынан ерте білу қабілетімен, алысты болжағыш көреген ақылдылығымен, сезімтал атбегілігімен тұстасына айрықша беделдігі арқасында жеткен. Қасым ханның ресми билігі 1511-1518 жылдар аралығын қамтығанымен жалпы Қазақ хандығы тарихындағы елдің ішкі-сыртқы халық көксеген бейбітшілікті орнатқан ең көрнекті тарихи қайраткер тұлға. Қасым ханға арналған бұл мадақ – қазақ халқын бір орталыққа тұңғыш рет біржолата біріктіруі мен халықтың табиғи мүддесі үшін жасалған еңбегіне байланысты. Өйткені, Қасым хан дәуірінде ұзаққа созылған тұрақты бейбітшілікке қол жеткізіліп, шын мәнісінде мал шаруашылығымен ғана айналысқан көшпелілер үшін жайылым кеңейіп, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» тыныштық заман орнады. Ел ішінде шынайы әділеттілік нығайды.

Сондықтан да орта ғасыр деректерінде Қасым ханның жеке адамдық қасиеттері айырықша мадақтауларға толы. Мысалы, Мухаммед Хайдар Дулати және сол дәуір куәгерлерінің бірі және атақты қоғам қайраткері Захир ед Дин Мұхаммед Бабур: «Қазақ хандары мен сұлтандарының ешқайсысы бұл халықты Қасым хандай біріктіріп билей алмады. Оның әскерінде 300 000-ға жақын адам болды» деп сүйсіне жазған. Ұлан-байтақ территорияны иеленген Қазақ хандығының абырой-беделі де өсіп, нығай түскен қаһары Орта Азияға емес, Ресей патшалығы мен Батыс Еуропаға да таралып, санасуға мәжбүр етті. Өйткені, Қазақ хандығының аймақтарын түгелдей біріктіріп біртекті этностан құрал-

ған мемлекеттің пайда болуы алыс-жақын көрші елдерді үрейлендіріп, сескенткен болатын.

Осыншама ұлт бірлігі мен мемлекетіміздің асқақтауына бүкіл өмірін арнаған Қасым ханның мәңгіге көз жұмып, топырақ бұйырған жері туған өлкеміздің орта ғасырлық киелі де қасиетті мекені Сарайшық шаһарында болуы – бүгінгі ұрпақ, біз үшін баға жетпес мақтаныш болғанымен, ұлтжанды тұлғалар мен өлкені қадір тұтар барша жерлестерімізді ойланта отыра, қынжылтуда.

Өйткені, дана халқымыз «Жаныңның азығы, санаңның қазығы болғаны ләзім» демеуші ме еді? Ұлттық санамыздың діңгек қазығы, тарихи біртуар тұлға – хан Қасымның мәңгі тыным тапқан киелі қабірінің бүгінгі жәйі, яғни, күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған сәулетті ескерткіштің түп негізіне дейін талқандалып, белгісіз қиранды күйінде күні бүгінге дейін шашылып жатуы. «Текті ұрпақ – тегін іздейді» дегендей бүгінде халқымыз өткен тарихқа ауып, тарихи деректерге құлап тұра құмартып, жоғын жоқтай бастаған шағымызда Қасым ханның мәңгіге топырақ бұйырған тарихи орнынан Ұлт мақтаныш етер сәнді кесене орнату баршамызға, ата-баба алдындағы қасиетті парыз және келер ұрпақ алдындағы ғибратты қарыз іспеттес. Өйткені, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының: «Тарихтағы өз орынды білу, бабалардың ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір қасиетінді қорлайтын жаттанды жала-лардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар»; деуі бүкіл ұлтжанды халқымыздың тоқтамы деп түсіну шарт.

Алдымыздағы 2015 жыл Қазақ мемлекеттілігіміздің тарихи ресми қалыптасуының 550 жылдығы екендігін Президент Нұрсұлтан Әбішұлы атап көрсеткендей, біз үшін айтулы жыл екенін ескеруіміз қажет. Осы айтулы жылы университет тарихшыларының бастама-сымен жалпы жұртшылықтың және әкімшіліктердің қолдауымен ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды шаралар өткізіліп, өскелең және келер ұрпақтарға үлгі-өнеге боларлықтай мәнді де, сәнді шаралар өткізілсе деп ойлаймыз.

Яғни, біріншіден, халықаралық деңгейде ғылыми-теориялық конференция ұйымдастыру.

Екіншіден, Сарайшықта мәңгілік топырақ бұйырған Қасым ханға ескерткіш-кесене тұрғызу.

Үшіншіден, «Сарайшық кешенді мұражайын» кеңейтіп, оның жанынан келісті жағажай, қонақ үй, демалыс-спорттық алаңдар, түрлі сувенирлік, қолөнерлік, т.б. тауарлар сататын дүкендер ашу.

Төртіншіден, Сарайшық кешенін университеттің тарихшы, туризм мамандықтарын даярлайтын археологиялық тәжірибелер жинақтайтын алаң базаға айналдыру.

Бесіншіден, орта ғасырлық Сарайшық шаһарының қазіргі сақталған қирандыларын «Ашық мұражай» ретінде сақтап пайдалану. Бұл ұсыныс-шаралар жүзеге асырылса, сөз жоқ, біздің елдігімізге, азаматтық абыройымызға сай келер еді және Сарайшық топырағында мәңгіге орын алатын ата-бабаларымыздың рухтары риза болып, үнемі қолдар еді; университетіміздің тарихшы, туризм сияқты мамандықтарының білімдік сапаларының артуына да игі ықпал жасар еді; шаралар нарық заңына сай шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына да түрткі болар еді; облыс, аудан аймақтарында-

ғы жаңадан дамып келе жатқан туризм бизнесіне де пәрменді қозғау салар еді» деп тебірене хат жолдайды [3].

2014 жылы 2-3 қыркүйекте Қазақстандағы ортағасырлық қалаларды зерттеуге бағытталған «Жайық-Сарайшық» экспедициясы өз жұмысын бастады. Оны Батыс Қазақстан облысы Тарих және археология орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Сдықов ұйымдастырып, экспедицияға халықаралық мән берді. Мақсат – Атырау, Батыс Қазақстан облысы аумақтарында орналасқан Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Жалпақтал және Орал қаласы түбіндегі Жайық қалашықтарын кешенді зерттеу болатын. Ұзындығы 1500 шақырымнан асатын жорыққа Қазақстан мен Ресей ғалымдары қатысты. Экспедиция құрамында жергілікті тарихшылар Ж.Мұстафин, М.Қасенов жұмыс жасады. Сайып келгенде экспедиция Сарайшық мәселесінің маңызды тұстарын тағы бір ғылыми ортада талқыға салды.

Ел зиялылары ұсыныстарымен 2015 жылы 26 қыркүйекте Атырау облысында «Қазақ хандығынан – егемен Қазақстанға» атты халықаралық конференция ұйымдастырылды. Маңызды шараға белгілі ресейлік ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Азия және Африка елдері тарихы институтының президенті, Мәскеу мемлекеттік университеті Таяу және Орта Шығыс елдері тарихы кафедрасының меңгерушісі М. Мейер, Швецияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі К.Кристиан, Әзербайжан Республикасының Ақтау қаласындағы Бас консулы, бірінші сыныпты Төтенше және Өкілетті елші Р. Маммадов, т.б. қатысты.

Конференцияны ашқан облыс әкімі Б. Ізмұхамбетов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Хандықтың мерей-

тойын бабалар рухына тағзым ету үшін, тағдырлы тарихынан тағылым алу үшін өткізіп отырмыз» деген сөзімен бастап: «Қазақ хандығы жайдақ жерде құрылған жоқ. Хандық заманға дейін де Еуразияның жон арқасын қоныстанған бабаларымыз батыста Византия, Рим империяларымен, шығыста Парсы, Қытайлармен тең тере-зе көрші болып, үстемдік етіп, дәурендеген дәуірлер де болған. Көне Түркі заманда бұл жер шығысты батысқа, батысты шығысқа қосып, Ұлы Жібек жолы атты экономикалық логистикалық белдеуге айналды. Бүгінгі күннің басты термині – жаһанданудың іргесі байтақ даламызда қаланды десек, артық айтқанымыз емес. Ұлы Дала халқының екінші дәурендеуі – «қазақ» деген этнонимнің төңірегінде топтасып, Қазақ хандығын құрумен байланысты. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жететуінің жорықта қаза тапқанын ескерсек, елдікті сақтап қалудың оңай болмағанын байқаймыз. Бүгінге үлкен ұлағат қалдырып, ішкі-сыртқы себептерге байланысты хандықтың дәуірі де өтті. Түркі заманынан есептесек, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымыз – Ұлы Даланы мекен еткен халықтың үшінші дәуірлеу кезеңі. Мемлекет басшысының сөзімен айтсақ, бұрынғы қазақ қоғамының бірлігі жарасқанда даңқы асқан, билікке таласқанда берекесі қашқан екен. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған конференция өзек ететін тақырыптарының бірі – төл тарихымыз аманат еткен осы ащы шындық пен сындарлы сабақ болуы тиіс деп ойлаймын» деген пікірін білдіреді [17].

Халықаралық конференцияға қатысушылар – Ресей, Әзірбайжан, Франция, Индонезия, Үндістан, Қытай мемлекеттері мен еліміздің белгілі ғалымдары, қоғам қайраткерлері, академиктер, жоғары оқу орындарының профессорлары 27 қыркүйекте Сарайшық селосына

келеді. Онда Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Сарайшық сыр шертеді» атты театрландырылған көпшілік мәдени шара өткізіледі. Оған М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Азия және Африка елдері институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Мейер, осы институт директорының орынбасары, белгілі тарихшы, профессор Ж. Сыздықова, филология ғылымдарының докторы, «Отырар» ғылыми кітапханасының директоры, профессор, жазушы Т. Жұртбай, Дели университетінің профессоры Индира Ганди атындағы Өнер орталығының ғылыми жетекшісі М. Хайдар, Ресейден тарих ғылымдарының докторы, профессор РҒА Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері Н. Бекмаханова, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, профессор, академик Ә. Дербісәлі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі С. Ананьева келеді. Қонақтар алдымен жергілікті және көршілес аудандардан келген қолөнер шеберлерінің бұйымдарымен, одан соң «Хан ордалы Сарайшық» мемориалды кешенін аралайды. Кешен директоры М. Бердімұратов Сарайшық қолөнершілері дайындаған керамикалық ыдыстар, темірден жасалынған тұрмыстық бұйымдар, қыш құбырлар бөлшектері, сан ғасыр өтсе де сапасын жоймаған кірпіштерімен, көне қаланың ескі археологиялық картасы және сызбалары, керуен жолдарымен, қалаға қатысты аңыз әңгімелермен таныстырады.

Осы тұста университет ғалымдарынан археолог М. Қасеновтың де ізденістері Сарайшық тарихында анық көріне бастады. Ол облыстағы жалғыз кәсіби археолог, тарих ғылымдарының кандидаты еді. Ол кәсіби маман ретінде студенттерді археологиялық қазбаға тарта бас-

тады. М. Қасенов бір мақаласында: «Ежелгі Сарайшық қаласының мүшкіл халі туралы баспасөзде қанша уақыттан бері айтылып та, жазылып та келеді. Дегенмен, сол «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қалып отыр. Сонау, 50-ші жылдары Ә. Марғұлан, С.П. Толстов, Г.И. Пацевичтер қазба жұмыстарын бастаған көне Сарайшықтың бүгінде небәрі 30 пайызы ғана қалғаны қынжылтарлық жайт. Жайық өзенінің қатты ағысынан жаға бұзылып, жылына көне қалашықтың 1-2 метр жері су астына кетеді. Қалашықтың аумағында көне бейіт бар болатын. Қазір су оны да шайып өтіп, өзен жағасында адам сүйектері де шашылып жатыр. Қазба жұмыстары жүргізілген орын қоршаулы тұрғанымен сол жерге кіріп-шығып жүрген балалар өздері тауып алып келген көне жәдігерлерді саяхатшыларға сатып та жүр» дей келе, қалашықты сақтаудың күрделі мәселелерін баспасөзде көтере білді [18].

Сарайшық тарихы мәселелерінің кешенді зерттелуіне тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ж. Жұмабаева да өз үлесін қосты. Оның бірнеше мақаласы мен «Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер» жинағына дайындаған материалдары, ой қорытулары біраз жаңалықты қамтыды [19].

Қорыта келгенде, «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының ашылуы ортағасырлық Сарайшық қаласының ғылыми тұрғыдан зерттелуіне және оны әлемге шынайы насихаттауға, қала орнын сақтау жұмыстарының жандануына жаңа жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (алда – АОМА). – 376 қ., 2 т.ж., 242 іс, 403-404, 412-413 п.

2. *Шахатов Қ.* «Сарайшық» кешенінің іргетасы қаланды// Атырау, 1999, 25 мамыр, №59.

3. Сарайшық музей-қорығы архивінен.

4. АОМА. – 376 қ., 2 т.ж., 255 іс, 8 п.

5. АОМА. – 376 қ., 2 т.ж., 263 іс, 85 п.

6. *Тасмағамбетов.И, Самашев.Е.* Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001.

7. *Шахатов Қ.* Атырауда арайлы мерейтой! (Президент Нұрсұлтан Назарбаев Атырауда). – «Атырау», 1999, 4 қыркүйек, №103.

8. Х.Табылдыев – тарих ғылымдарының докторы, профессор // Атырау газеті, 1999, 9 қараша.

9. Хан ордасы Сарайшық ашық аспан астындағы ел тарихын сөйлетер музей//merci-m.kz/2016/11/30/han-ordaly...

10. АОМА. – 376 қ., 2 т.ж., 248 іс, 105 п.

11. *Тасмағамбетов И.*, 2018.

12. Сарайшықты жандандыру қажет // «Айқын» газеті, 2017, 14 қараша.

13. АОМА. – 376 қ., 2 т.ж., 413, 451-456 п.

14. *Мұстафин Ж.* Сарайшық ашық мұражай // «Қазақ тарихы», 2001, №4,75-б.

15. *Мұстафин Ж.Ж.* Ортағасырлық Сарайшық. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015.

16. *Бердіғожин Л.* Тәлімі мол тұлға//«Атырау», 2018, 2 сәуір.

17. «Атырау», 2015, 29 қыркүйек.

18. *Қасенов М.* Сарайшықты сақтап қалуға болады ма? // «Абай-ақпарат», 2013, 19 маусым.

19. *Жұмабаева Ж.* Мұрат ақын және Ноғайлы жырлары [Текст]//«Жас қазақ» газеті, 2018, 19 қазан; Сарайшық – балалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер /құр. Ж.Қ.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015.

ҮШІНШІ БӨЛІМ



«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Сарайшық музей-қорығының замана талабына сай даму кезеңі Атырау облысына Н. Ноғаетын әкім болып тағайындалуымен тұспа-тұс келді. Өйткені облыс әкімдігі Сарайшық мәселелерін мемлекеттік деңгейге көтереді. Атыраулықтар ұсынысын Мәдениет және спорт министрлігі қолдайды.

2017 жылы 23 ақпанда Атырау облысына жұмыс сапарымен ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы арнайы келіп, Сарайшық қалашығын сақтау мәселесі бойынша кеңейтілген отырыс өткізеді. Кеңейтілген отырысқа депутаттар, танымал қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы билік өкілдері, жетекші тарихшылар мен археологтар, атап айтқанда, ҚР Парламенті Сенатының депутаты С. Еңсегенов, ғалымдар З. Самашев, К. Байпақов, Б. Аяған, Б. Кәрібаев, философ Ғ. Есім, зиялы қауым өкілдері Е. Раушанов, М. Құлкенов және т.б. қатысады. Отырыс барысында А. Мұхамедиұлы: «Біздің басты мақсатымыз – көне Са-

райшық қалашығының табиғи бұзылуын тоқтату. Біз бұл бірегей мәдени ескерткішті сақтап қалып, болашақ өскелең ұрпаққа табыстау үшін бар күшімізді салуымыз қажет. Бұл жерде әкімдікке жағалауды бекіту жұмыстары бойынша қабылданған шаралар үшін алғысымды білдіргім келеді. Бекіту жұмыстарын жүргізгеннен кейін археологиялық зерттеулер өз жалғасын табатын болады. Археологиялық қазбалардан кейін бірден реставрациялық жұмыстарға көшетін боламыз», – деп өз жоспарымен бөліседі [1]. Осылайша отырыс алдағы үлкен шаруаларға жол ашады.

2017 жылы 3 сәуірде Атырау облысының әкімдігі ел назарын аудару мақсатында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесе Астана қаласында «Сарайшық: ұлы қала тарихы» тақырыбында Халықаралық ғылыми конференция өткізеді. Оған 40-тан аса отандық және шетел ғалымдары арнайы шақырылады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы халықаралық жиында табиғи-климаттық және антропогендік факторлардың әсерінен Сарайшық қаласын сақтау және қалпына келтіру мәселелерін қозғай келе, «Бұл проблемаларға біз білікті шетелдік және отандық ғалымдардың назарын аудартуымыз керек. Сөйтіп, ұтымды бірлескен шешімдер қабылдағанымыз жөн. Жалпы алғанда, қаланы сақтауға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ғалымдар мен өзге де мүдделі тараптар қалашыққа қатысты күрделі мәселелерді бірлесіп шешуге атсалысуы қажет. Мәселен, Жайық өзенінің жағалауын бекіту жұмыстарын аяқтау, археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыру, осыдан кейін қалашықта консервациялау жұмыстарына барлық ресурстарды жұмылдыруымыз керек» деп түйіндейді.

Конференция барысында Мәдениет және спорт министрлігі мен Атырау облысы әкімдігінің арасында бірлескен меморандум жасалды. Халықаралық конференцияда Атырау облысы әкімі Н.Ноғаев: «Сарайшық Атырау облысы тұрғындарының немесе осы саламен айналысатын ғалымдар, тарихшылар, археологтардың айтатын әңгімесі ғана емес, Сарайшық – біздің мақтанышымыз. Біз осыны түсініп, білуіміз керек», - деді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор археолог К.Байпақов: «Бүгінгі жиын тек Сарайшық қаласының тарихи-мәдени маңызына ғана арналды десек, қателесеміз. Жайық-Каспий өңірінде көптеген Жалпақтас, Ақтөбе-Лаэти сынды қалалар бар. Қазба жұмыстары соларға да жүргізіліп, зерттелуі керек. Тек Атырау ғана емес, Маңғыстауда да талай мұра жатыр. Батыс Қазақстанда да солай. Бәрі үлкен туристік бағдардың құрамына кіріп, халықаралық және ішкі туризмнің нысандарына айналуы керек. Екіншіден, Сарайшықты су шайып кетуден сақтау үшін өзен арнасын бекіту жұмыстары мені айырықша қуантты. Бұл тарихи мұраны консервациялаудың басы деп білемін. Енді археологиялық жұмыстармен қатар консервация да жалғаса береріне сенемін. Салалық министрліктің бұл қалаға көңіл аударуы да – құптарлық іс», - деп тұжырымдады.

Ресей ғалымы, тарих ғылымдарының докторы А. Ковалев: «Сарайшық – бәріміз үшін қымбат. Өйткені, Алтын Орда көбіміздің мемлекеттілігіміздің бастауында тұр. Сондықтан Сарайшық қаласын сақтап қалу ісін құптаймын. Бірақ, мені алаңдататын дүние басқа. Ол – «қара археология» мәселесі. Археологиялық жұмыстар жүргізілген жерлерден табылған дүниелерді саудалау-

шылар бар. Заңдарымыз осал. Мәселен, Ресейде 100 жылға жетпейтін тарихы бар дүниелерді археологиялық мұра деп бағаламайды. Сарапшылардың бірі «мұның тарихи-мәдени құны жоқ» деген бір жапырақ анықтама берсе болды, қалаған адам ел мұрасын шет елге алып кетуі мүмкін. Сондықтан заңнамалық тұрғыда археологиялық, тарихи мұраларды сақтау мәселесін реттеу қажет» деп Сарайшықтың әлемдік тарихтағы орнын тағы бір айшықтады [2].

Осылайша алғаш рет ел астанасында халықаралық деңгейде өткен конференция Сарайшық қалашығын сақтап қана қоймай, оны туристік орталыққа айналдырудың нақты жолдарын көрсетті. Мәселенің түйіні 2017 жылы 26 сәуірде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен бекітіле түсті. Нәтижесінде республика бойынша жасалған қасиетті жерлердің 2-ші тобы «Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар» тізіміне Атырау облысынан – Сарайшық қалашығы енгізіледі. Мұның өзі Сарайшық бағытындағы жұмыстарды жандандыруға тікелей себепкер болады. Облыс әкімдігі Жайық жағалауын бекіту жұмыстарына қаржы бөліп, археологиялық қазбаға қаржы бағыттады.

2017 жылдың жазында З. Самашев бастаған археологтар қазба жұмыстарына кіріседі. Ол турасында облыстағы «Ақ Жайық» газеті 11 қазанда арнайы мәселе көтереді. Қазбаға қатысқан Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі, Астрахандағы тарихи-сәулет музей-қорығының археология секторының меңгерушісі В. Плахов: «Астрахан облысының аумағында Еділ бойында ондаған көне қалалар бар. Алайда Иван Грозный заманында және одан кейін тонауға ұшырап, әрбір кірпіші бөлшектеліп қалғандықтан тарихтың кейбір қойнауын

қалпына келтіру мүмкін болмай отыр. Сарайшық секілді қалашықтар көп жылдар бойына ғалымдарға тыныштық бермей келе жатқан көптеген құпиялардың сырларын ашады» дей келе, «Сарайшықта бір кездері құрметті, әйгілі шеберлер өмір сүргенін, шәкірт ұстап, оларға өздерінің кәсіби құпияларын сеніп тапсырғанын әңгімелейді. Оның анықтауынша «Сарайшықта жасалған саз құмыра Қытайдан әкелінген немесе тіпті, бірнеше шақырымдағы әлдебір көрші қаладан әкелінген құмырадан ерекшеленеді. Бір елді мекен шеберлерінің негізгі сурет тақырыбы бір (сарайшықтық шеберлер құстарды бейнелеген), бір түс гаммасы, тіпті, бұйым құрамы бірдей болған», – деп ғалым еңкейіп жерден жаңа ғана қазылып алынған ескі ыдыс сынығын алып көрсетті. «Қазір, тіпті, заманауи технологиялар мен білім болса да, мынадайды дәл жасау мүмкін емес. Неліктен? ХХІ ғасырдың шебері сурет салу кезінде бояуды араластыру үшін қандай өсімдіктің шырыны қолданылғанын қайдан білсін? Иә, ол төңіректегі бүкіл өсімдікті жинап, мың қайтара одан сығынды жасап көруі мүмкін. Бірақ қажетті түс немесе қоюлық шығу үшін оларды қандай маусымда жинау керектігін ол қайдан біле алады? Оның сырлары көп: желім, илем, температура... Бұл ешқашан ашылмайтын мәңгілік құпия болып қалады. Бірақ осы сынықтардың негізінде тарихтың басқа элементтерін толықтыра аламыз. Мәселен, керуендер қайдан бастап шыққан және олардың жету нүктесі қандай болған? Олардың жолында қандай ұсақ аралық «станциялар» болған? Мұның бәрін Жібек жолындағы керуендердің саудагерлері айырбас жасағанын және сатқанын осындай артефакттерден анықтауға болады» – деп ойын тұйіндеді.

Осы жолғы қазбада археолог М. Қасенов ұзындығы шамамен 20 сантиметр, іші қуыс, екі жағы тегіс өңдел-

ген, ортасы ойылған және жоғарғы жағында екі кішкентай және төменде бір тесігі бар сүйекті тапқан. Археолог оны әріптестеріне, жергілікті тұрғындарға: аңшыларға, балықшыларға, қариялар мен әйелдерге де көрсеткенімен оған нақты жауап таба алмаған.

Ол сонымен бірге кіп-кішкентай қытай вазасын тауып, «Фарфор құмыраның кесегі шамамен XIV ғасырға тиесілі. Ноғай сұлуының қола айнасы, оның келесі жағына жүгіріп бара жатқан киіктер мен түлкілердің бейнелері соғылған. Арабша өрме жазумен басылған қырық дана Сарайшық монетасы және сансыз сазды пазлдар. Сенбейтін шығарсыздар, алайда, осы сынықтарда дәмдеуіштердің нәзік иісі сақталып қалған... Ал осы жазда табылған ең бағалы олжа – қамалды қорғап тұрған және жақын маңдағы тұрғын поселкеге қарай созылатын бекініс қабырғасының бірі бөлігі» деп қорытады [3].

2017 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары 2017 жылы 8 қараша айында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында шығарылады. Түрік Республикасы Анкара университетінің профессоры Гондугдуй Абдуллах, Әзірбайжан Ұлттық академиясынан тарих ғылымдарының кандидаты Исмайлзаде Пирага, Қазақстаннан белгілі тарихшылар Б. Ермұханов, З. Самашев, Ә. Мұқтар, М. Сдықов, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Б. Әбдіғалиұлы, «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу орталығының басшысы А. Оңғарұлы, филология, мәдениеттану салаларының ғалымдары, көршілес Ресейдің

Астрахань облысының музей қызметкерлері, өлкетанушылар қатысқан конференцияда облыс әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігі арасына жасалған «Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі» жобасының іс жүзіне аса бастағаны белгілі болды және осы жылғы археологиялық қазбаның қорытындылары жарияланды [4; 8-9]. Конференция тағы да барша жұртшылықтың назарын Сарайшыққа аударды.

2018 жылы 23 ақпанда Сарайшық қаласын мұражайға айналдыру жұмыстары барысымен танысу мақсатында ҚР Мәдениет министрі А.Мұхамедиұлы тағы да арнайы Сарайшыққа келді. Ол турасында өз facebook парақшасында: «Достарым, сіздерге Сарайшық қаласының орнын сақтау және мұражайға айналдыру жұмыстары барысымен таныстырғым келіп отыр. Естеріңізге сала кетсем, қазіргі Атырау қаласынан 50 км қашықтықта, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан теңдесі жоқ көне қорық-мұражайды сақтау шараларын белсенді түрде қолға алғанбыз. Зерттеу және жүргізілетін жұмыс нысаны – өзен суы шайып жатқан қаланың мәдени қабаттары орналасқан Жайық өзенінің жағалауы. Жобалық-сметалық құжаттар 2015 жылы жасалып, одан кейінгі жылдары №3 археологиялық қазбаны сақтап қою және №5 қазбаның үстіне қалқан құру жұмыстары жүргізілді. 2016 жылдың аяғында мұнда қаланың мәдени қабаттары бар жағалауды су тасқынынан қорғау мақсатында дамба салу жұмыстары басталған болатын. 2017 жылы Жайық өзенінің жағалары бекітіліп, Атырау облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау аймағы айқындалды, тарихи-мәдени мұра нысандарын іздестіру үшін дала экспедициялары ұйымдастырылды, Сарайшық қаласының айналасын қоршау жұмыстарының жобалық-сметалық құ-

жаттар дайындалды, т.б. Сарайшық қаласындағы жұмыстар Атырау облысы әкімдігі бөлген қаржыға және облыс әкімі Н.Ноғаевтың бастауымен жүргізілуде. Жұмысты орындаушылар ретінде Ресей Федерациясынан, Астана, Алматы, Орал қалаларынан ғалымдар мен мамандар шақырылды. Сарайшық ескерткішіндегі ғылыми және қайта жаңғырту жұмыстары жалғаса береді, бұл ашық аспан астында мұражай жасауға мүмкіндік туғызады. Биыл №5 қазбада сақтап қою жұмыстарын орындап, маңайын абаттандыру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар бізге жеткен ескерткіштің тарихи бейнесін барынша сақтап қалуға бағытталған. Болашақта Сарайшық қазақстандық мемлекеттік және халықаралық туристік маршруттар жүйесіне қосылып, дамып келе жатқан туристік инфрақұрылымының ерекше торабы болатыны сөзсіз», – деп жазады [5].

2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №162 қаулысы жарияланады. Қаулы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта құрылады. Ол турасында «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығының директоры Б. Әбдіғалиұлы; «Осы орайда республикалық деңгейде үш қорық ашылды. Бұл үлкен жетістік. Оның ішінде, алғашқысы – Сарайшық, екіншісі – жылқы малы алғаш қолға үйретілген жер екенін бүкіл әлем мойындаған Солтүстік Қазақстандағы Ботай. Үшіншісі – Бозоқ», – дей келе, жобаның тұңғыш рет жалпыұлттық деңгейде іске

асырылғанын атап өтті. Ол жобаның мақсатын «Киелі жерлер арқылы ел өз-өзін тану, тарихын, дәстүрін танудың маңызын түсінеді. Туристік сапармен сол жерлерді аралап шыққанда батыстағы ағайындар шығыстағы қасиетті жерлерді білсе, шығыстағы ағайындар оңтүстіктегі жерлерді білсе, сөйтіп, бүкіл Қазақстандағы қасиетті жерлер бәріне бірдей белгілі болса, бұл елдің басын қосады» деп анықтады. Үкімет қаулысы бетбұрысты қадамдардың бастамасы болды.

Қаулыдан соң 1999 жылы ашылған Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны аталып, мүлктік кешен ретінде республикалық меншікке Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қарамағына қабылданады. Міне, осыдан соң оның Жарғысы бекітіледі. Ал 2018 жылы 27 қыркүйекте ҚР Мәдениет және өнер істері департаментінің ұсынысы бойынша тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар музей-қорық директорының міндетін атқарушы болып тағайындалады. Сөйтіп жаңадан ұйымдастыру жұмыстары басталады.

Сарайшық музей-қорығының маңызды мәселелерін шешу барысында алдымен аудан, облыс әкімдігімен байланыс жолға қойылады. 2018 жылы 26 қазанда Махамбет ауданы әкімі Ж.Ахметовпен кездесу ұйымдастырылады, өзара жоспар жасалады.

Содан соң 2018 жылы 22 қарашада Атырау облысы әкімі Н. Ноғаевқа арнайы хат жолданады. Хатта: «Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Сіздің қай уақытта да облысымыздың рухани дамуына барлық жағдайды жасап келе жатқаныз барша жұртшылыққа аян. Оған өзіміз

еңбек ететін Сарайшық ортағасырлық қалашығы үшін жасаған қыруар жұмыстарыңыз куә. Тікелей қолдауыңызбен 2017–2018 жылдары тұңғыш рет Сарайшық қалашығын Жайықтың тасқын суынан сақтап қалу жобасы жүзеге асырылып, жағалау толық бекітілді, қалашыққа археологиялық қазба жұмыстарына қаржы бөлінді, реставрациялық жұмыстар басталды, өлкеде туризмді дамыту үшін жаңа Сапар орталығына жер бөлініп, жобалық-сметалық құжаттары жасала бастады. Осындай игі істердің жалғасы ретінде қыркүйек айында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК құрылды. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының алдына қойылған басты міндет – көне Сарайшық қалашығын туристік орталыққа айналдыру, ол арқылы халқымыздың бай мұраларын әлемдік деңгейде насихаттау. Оған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы жаңа серпін берді. Мемлекеттік басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында музей-қорыққа қазіргі таңда кәсіби мамандар тартылып, жаңа даму концепциясы әзірленді, археологиялық және реставрациялық жұмыстарға лицензия алу бағытындағы шаралар қолға алынды. Бүгінде Сарайшық қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге барша түркі жұртының, әлем жұртшылығының назары ауған ортағасырлық қалашық. Ол Жошы Ұлысы, Ноғайлы мен Қазақ Хандығының астанасы болуымен емес, керісінше, әлемге жоғары рухани-мәдени байлықтарымен, гүлденген экономикасымен, коммуникациялық жаңалықтарымен сол заманда-ақ белгілі болды. Ендігі мақсат оны лайықты көрсете білуде болып тұр. Ал бұл тұрғыда көптеген шешімін таппаған мәселелер баршылық.

Біріншіден, бүгінге дейін көне Сарайшық қалашығының территориясы нақты белгіленбеген. Оның заң-

ды құжаттары жасалмаған. Нәтижесінде қорғалуы тиіс аумағы ашық-шашық жатыр. Жаяу жүргінші, мал, автокөліктер Жайық жағалауын әбден бүлдірген. Ал қалашыққа келіп-кетушілерге, тіпті «жабайы» археологтарға есік әрдайым ашық. Оның үстіне «Қазреставрацияның» Қазақ бейіті қорымы ішінде және Жайық жағалауында жасалған археологиялық қазбалар алаңындағы темір торлы қоршауды ұрылар бүгінде түбірімен кесіп алып кеткен. Бұл жөнінде облыстық Ішкі істер басқармасына қыркүйек айында облыстық мәдениет басқармасы басшысы С.Сабыр хат жолдаған болатын. Әзірге еш нәтиже жоқ. Ол жүзеге аспағасын мен қызметке тағайындалған соң 19 қарашада Махамбет ауданы әкімі Ж.Ахметовке хат жолдадым. Ендігі басты мақсат мүмкіндік болса облыс бюджетінен қаржы бөліп тез арада көне Сарайшықты қоршау аса маңызды шаруа болып тұр. Мұнсыз археологиялық зерттеулер ретке келмейтіні ақиқат. 2017 жылы Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы қалашықты қоршау жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттамасын дайындаған.

Екіншіден, қалашықтың цитаделі саналатын қазақ бейіті шоғырланған қорымға жергілікті халық жақсы ырым санап бүгінгі күнге дейін қайтыс болған адамдарды жерлеуді жалғастырып келген. Бұл сорақылықты жақында ғана тоқтатқандай болдық.

Үшіншіден, Өзіңіз білетіндей, Жайық жағалауынан Сапар орталығына 2 га жер бөлінген. Ендігі жағдайда Музей-қорық пен хандар кесенесінен Қалашық орнына, Қалашық орнынан Сапар орталығы аралығына туристер жүретін инфрақұрылымдарды да ойластырған орынды болмақ. Өкінішке орай, ол аралықта тұрғын үйлер орналасқан.

Төртіншіден, Сарайшық қалашығына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге ұзақ мерзімді жыл сайын облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, арнайы жоспар жасалса орынды болар еді. Бұл – жұмыстың кешенді жүргізілуін қамтамасыз етеді және қалашықты қалпына келтіру жұмыстарын жеделдетеді. Біздің есебіміз бойынша қазба жұмыстарының шығыны 2019 жылы шамамен 50 млн теңгені құрайды.

Бесіншіден, музей-қорықтың материалдық-техникалық базасы мүлдем сын көтермейді. Бұл арада археологиялық экспедицияға қажетті темір іздеуіш детектор, әуеден аэро фото-, видеотүсірілім жасайтын дрон аппараты, кәсіби фотоаппарат, видеокамера, жер сканерлейтін георадар аппараты және т.б. арнайы құрылғылар қажет-ақ.

Бұған қоса мекеме 2019 жылы республика, шет елдер деңгейінде көрме жасауды жоспарлауда.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Елбасымыз «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы арқылы барша қоғамымызға жаңа міндеттер жүктеді. Оны іс жүзіне асыру және Сарайшық қалашығының жаңа келбетін жасау кім-кімге де абырой» деген жолдарды оқуға болады [6].

2018 жылы 5 желтоқсанда Атырау облысы әкімі Н. Ноғаев «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Б. Бабашпен кездесіп, «Атырау елі – тарихи, мәдени мұралары берік сақталған өңір. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына облыстан 7 нысан енді. Соның ішінде Сарайшық қалашығы да бар. Көне Сарайшықты жаңа заманға сай жаңғырту мақсатында тағы қандай жоспарлар бар?» деген сұрағына: «Ұлы Даланы мекендеген халқымыздың жалпыұлттық қасиетті саналатын орын-

дарын зерделеу бағытындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының төл тарихымызда алар орны ерекше. Сондықтан жобаға енетін нысандардың құндылығын анықтау мақсатында тарихшы, өлкетанушы, музей, архив және қоғамдық ұйым өкілдерінен облыстық жұмысшы тобы құрылды. Нәтижесінде Қазақстанның жалпыұлттық деңгейдегі 100 қасиетті нысанының тізіміне өңірден 7 нысан енді. Олар: Сарайшық қалашығы, Махамбет Өтемісұлының жерленген жері, Ақмешіт және Ұшқан ата қорымы, Аралтөбе қорғаны, Құлшан ата жер асты мешіті, Иманқара үңгірі. Биыл республикалық маңызы бар макронисандар тізіміне Индердегі Тұзбұлақ кешені секілді 17 орынды ұсынып отырмыз.

Сарайшыққа келсек, ол – қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге барша түркі жұртының, әлем жұртшылығының назары ауған ортағасырлық қалашық. Ол әлемге жоғары рухани-мәдени байлықтарымен, гүлденген экономикасымен, коммуникациялық жаңалықтарымен сол заманда-ақ белгілі болды. Ұлы Жібек жолындағы тарихи маңызы бар көне Сарайшық қалашығын сақтап қалу мақсатында Жайық өзенінің жағасын бекіту бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізіліп, 2017 жылы Атырау облысы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бірлескен ведомствоаралық отырысы өтіп, екіжақты меморандум жасакталды. Меморандумға сәйкес Сарайшық қалашығын Жайық өзені арнасының шайып кетуінен сақтап қалуға 1,6 млрд теңге бөлініп, жағаны бекіту жұмыстары жүргізілді.

Қала орнына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, оған Зейнолла Самашев бастаған белгілі ғалым археологтер тартылды. Бұл жұмысқа да жергілікті бюд-

жеттен 40,0 млн теңге бөлінді. Ал министрлік тарапынан қазба орнын реставрациялау және консервациялау жұмыстары іске асты. Әрине, аталған шаралар келер жылдары да жалғасын табады. Тарихи ескерткішті сақтаумен қатар оны жаңғырту, туризмді дамыту басты мақсаттардың бірі. Биыл «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығын республиканың меншігіне ұсындық. Сарайшық қазба орны мен музей-қорықтың жаңа даму концепциясы дайындалып, кәсіби мамандар тартылуда. Сонымен қатар Сарайшықта Сапар орталығын салу жоспарда тұр. Қазір Сапар орталығына жер телімі бөлініп, жобалық-сметалық құжаттары жасакталуда. Құжаттар аяқталып, мемлекеттік сараптамадан келісім алғаннан кейін құрылыс жұмыстары басталады» деп алдағы жоспарымен бөліскен болатын [7].

Бұл арада Сапар орталығы туристер мен келушілер үшін барлық жағдай жасалған толық кешен болуы нақтыланды. Кешен ішінде әкімшілік ғимарат, қонақүй, шаруашылық-тұрмыстық үй болмақ. Екі қабатты әкімшілік ғимарат ішінде экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы, 100-150 орындық конференц-зал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы мен электронды мәліметтер базасы бар кітапхана орналасып, оның аумағында лекция өтетін алаңдар, ашық аспан астындағы музей мен этноауыл болады. Яғни елдегі осындай игі жоспарлар Сарайшықтың жаңа келбетін қалыптастыра бастады.

2019 жылы 9 қаңтарда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында Ғылыми кеңес құрылды. Кеңестің басты мақсаты, біріншіден, ортағасырлық Сарайшық қалашығының туристік орталыққа айналу бағытындағы мемлекеттік саясатты іс жүзіне айналдыру; екіншіден, музей-қорықтың материалдық-техни-

калық базасын нығайту; үшіншіден, музей-қорықтың одан әрі дамуына ықпал ету болса; негізгі міндеті, музей-қорық қызметінің мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметі үрдісіндегі негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдау, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып белгіленеді.

Сол күні Сарайшық ауылындағы орта мектепте Ғылыми кеңес өз жұмысын бастады. Кеңес құрамында мекеме мамандарымен қоса облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекеменің басшысы М. Кипиев пен Х. Досмұхамедов атындағы АтМУ тарихшы ғалымдары Ж. Мұстафин, Қ. Сүндетұлы, Л. Бердіғожин, Ұ. Ахметова, Семей мемлекеттік университетінің профессоры А. Исин енгізіледі. Кеңеске арнайы шақырылғандар қатарында аудандық Мәдениет бөлімінің басшысы Н. Аруев және БАҚ өкілдері болды. Мәжіліс барысында 9 мәселе – Ғылыми кеңес құрамын бекіту, кеңес орынбасарын бекіту, кеңестің ғылыми хатшысын бекіту, Ғылыми кеңестің жұмыс және музей-қорықтың жылдық жоспарын бекіту, «Музей-қорықтың 2018 жылғы қорытындылары және алдағы міндеттері», музей-қорықтың 2018 жылғы қаржылық есебі, Музей-қорықтағы жәдігерлерді тексеру қорытындылары, «Сарайшық – Қазақ хандығының астанасы» сериясымен музей қызметкерлері дайындаған брошюраларды баспаға ұсыну, «Сарайшық музей қорығы сайты» презентациясы талқыға шығарылды. Сонымен қатар мәжіліс барысында музей-қорықтың ғылыми қорына М. Кипиев Сарайшыққа қатысты құнды фотолар мен құжаттарын және Ж.Мұстафин өзінің Сарайшықты зерттеу жөніндегі еңбектерін табыс етті.

Музей қорық үшін ендігі үлкен мәселе «Ортағасырлық Сарайшық» жобасына жер алу болды. Атырау облы-

сы Махамбет аудандық әкімдігі 2017 жылғы 9 маусымда №182 «Сарайшық ауылы жерінен «Ортағасырлық Сарайшық» жобасы үшін жер учаскені резервке алу туралы» қаулысына сәйкес 8 га жерді «Ортағасырлық Сарайшық» жобасына бөледі. Кейін, 2018 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедияұлының арнайы Сарайшыққа келіп резервке қойылған жермен танысып, болашақ салынатын Сапар орталығын туристерге тартымды болу үшін Жайық жағалауына жақын бос жерлерге көшіру туралы мәселені қозғайды. Содан 2019 жылы 6 сәуірде Махамбет аудандық құрылыс, сәулет, қалақұрылыс бөлімшесінің басшысы А. Қуанғалиевтің шешімімен бүгінгі ескі Сарайшықтағы №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы артындағы Жайық жағалауына жақын жерден 2 га жер беріледі. Мұны есепке алған музей қорық басшылығы 2019 жылы 21 қаңтарда Махамбет ауданы әкімі Ж. Ахметовке: «Бүгінде Өзіңіз білетіндей «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК осы мақсаттағы жұмыстарды қайта жаңғыртып бұрынғы берілген 8 га жерді Жайық жағалауында бір аймақта болуын маңызды санап отыр. Өйткені, туризм объектілері тұтастай кешен ретінде салынбақ және Сапар орталығы өзге салынатын этно объектілермен бірге болуы тиісті» деген мәтінде хат жолдайды. Мақсат туризм кешенінің бір бағытта болуын қамтамасыз ету болатын. Уақыт өте Жайық жағалауындағы жердің табиғи-географиялық қолайсыздығы белгілі болады. Мұның өзі Сапар орталығы құрылысының кешеуілдеуіне әкелді.

2018–2019 жылдары музейге арнайы келетін ғалымдар саны арта түсті. Мәселен, 12 қыркүйекте Токио қаласындағы Риккио университетінің профессоры, Жошы

ұлысы, Алтын Орда тарихының маманы Йоккаичи Ясухиро, 26 қазанда Түрік Республикасы Анкара университеті профессоры Абдуллах Гюндоду, 27 қазанда белгілі ноғайтанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әнес Сарай, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ. Мұхамбетқалиев, 1 қарашада Назарбаев университеті түркітану кафедрасының оқытушысы, археология және этнология магистрі А. Жүнісханов, 19 қарашада Атырау мемлекеттік университетінен ф.м.ғ.к., профессор Ж. Джумамухамедов, Түрік Республикасы Ниде университетінен профессор Аднан Горюр, 27 қарашада Алматыдан филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес, Москвадан Ресей Ғылым академиясы Тарих институтынан тарих ғылымдарының докторы, профессор Д. Аманжолова арнайы келді. Мұндай кездесулер әрдайым пайдалы. Мәселен, жапон Йоккаичи Ясухиро ортағасырлық керамика саласынан, Ә. Сарай ноғайтану мәселелерінен, соның ішінде Сарайшықта жерленген Мамаш хан туралы, түрік Абдуллах Гюндоду ортағасырлық сауда жолдары, Астрахандық археолог В. Плахов Сарайшықта жасалған керамика ерекшеліктері туралы кеңес берді.

2018 жылдың соңында Атырау облысында ноғай халқының мәдениет күндері ұйымдастырылды. Арнайы келген делегация және «Ибн Батуттаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, 25 желтоқсан күні Сарайшыққа Анкара университетінен тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Серхан Чынар, Ресей Ғылым академиясы Дағыстан Республикасының Тарих, археология және этнография орталығының профессоры, тарих ғылым-

дарының докторы Даниял Кидирниязов, Семей мемлекеттік университетінен ноғайтанушы ғалым А. Исин келді.

2019 жылы қаңтар айында музей-қорық Сарайшықта жерленген Қазақ хандығының ханы Қасым ханның мәңгілік мекенін табу экспедициясын қолға алады. Оның құрамына бас инспектор Ф. Байдаулетов, археолог А. Тұрарұлы, археолог М. Әбдіғали, топограф С. Мираш енгізіледі. Олар 1861 жылғы топограф Алексеев картасымен жұмыс жасап, ортағасырлық Сарайшықтың цитаделі орнын және Қасым ханның жерленген орнын шамамен анықтайды.

Экспедиция нәтижесіне сүйене отыра музей-қорық Атырау облысы әкімі Н. Ноғаевқа Атырау-Орал трассасы бойында Сарайшық ауылы тұсында еңселі ескерткіш орнатуды ұсынады. Облыс әкіміне жолданған хатта: «Ортағасырлық Сарайшық қаласы XVI ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығының астанасы болып, елдің іргесінің бекуіне және болашақ бүгінгі Қазақ мемлекетінің территориялық тұтастығын айқындауда маңызды саяси орталығы болды. Оның басында сөз жоқ, Керей және Жәнібек хандардың сарабал саясатын батыл жүргізген, өзінің даналығымен әлемге мәшһүр болған Қасым хан тұрды. Тарихи деректер Қасым хан тұсында қазақ халқының саны 1 млн-нан асып, әскері 300 мыңға жеткенін айғақтайды. Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы «Қасым ханның қасқа жолын» жарыққа шығарды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді.

Қасым хан 1523 жылы Сарайшықта қайтыс болып, мәңгілікке өзі туын тіккен Ел астанасында жерленді.

Оны сол заманда өмір сүрген Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри еңбектері, 1861 жылғы Алексеевтің картасы мен ел ішіндегі аңыз-әңгімелер дәлелдейді. Қасым ханның тарихи қызметіне ешкім шек қоймайды, алайда біз оның тарихи қызметін толығымен бағалап, ел жадында мәңгі сақтанарлық еңбек еттік деп айту ерте. Өйткені осы уақытқа дейін Қасым ханның есімі кең-байтақ Қазақстанның бірде-бір елді мекеніне, оқу орнына берілген жоқ, еліміздің қалалары мен ауылдарында бірде-бір ескерткіш орнатылған жоқ. Осыны ескере келе Атыраулықтар бірінші болып қазақтың атын әйгілеген атақты ханы Жәнібекұлы Қасым құрметіне бір кезеңде өзі Ел астанасы еткен, мәңгілік мекені болған Сарайшық ауылы тұсындағы Атырау-Махамбет тас жолы жанына еңселі ескерткіш тұрғызуы қажет деп есептейміз. Бұл шара Елбасының «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары аясында атқарылар аса маңызды шара болары сөзсіз. Ол бүгінгі ұрпақтың парызы. Осыған орай, Сізден Қасым ханға ескерткіш салу мәселесінің жүзеге асуына ықпал етуіңізді сұраймыз» деген жолдар жазылады.

Көп ұзамай Атыраулық ғалымдар да өз ойларын облыс әкіміне жолдап, музей-қорық ұсынысына қолдау білдіреді. Хатқа тарих ғылымдарының докторлары А. Сарсенов, Л. Бердіғожин, Ұ. Ахметова, ғылым кандидаттары Ж. Мұстафин, Г. Қайырғалиева қол қояды [8].

Көтерілген ұсыныс 2019 жылы 4 ақпанда Атырау облысы қоғамдық кеңесінің мәжілісіне шығарылады. Мәжіліс төрағасы М. Өтешов, Атырау облысы мәслихаты А. Зейнуллин қатысқан жиын Сарайшық музей-қорығының ұсынысын бірауыздан қолдайды.

2019 жылы 17 маусымда Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі болып тағайындалған

Ақтоты Рахметоллақызы Райымқұлова да Сарайшық музей-қорығы мәселелерімен жете таныс болатын. Ол вице-министр кезінде-ақ Сарайшықта бірнеше рет болған-ды. А. Райымқұлова министрліктің игі бастамаларын жалғастырып, Сарайшықта жерленген қазақтың атақты ханы Қасым ханға арнап түсірілетін фильмнің еліміз үшін маңыздылығына назар аударды.

Министр: «Жақын арада біз 75 сериялы Қасым хан туралы фильмді түсіруді бастаймыз Елбасының арнайы шақыруымен келген, фильмге сценарий жазған танымал түрік режиссері Гюнай Метин тарихи орындарды аралады. Осы картинаның арқасында біздің ежелгі Түркістан, Отырар, Сарайшық, Сауран және басқа да жерлеріміз орасан зор танымалдылыққа ие болып, миллиондаған туристер келетін орынға айналатынына сенімдімін» деп нақтылады [9]. Мұның барлығы Сарайшық музей қорығының жұмысын жандандыра түсті.

2019 жылы шілде айында Сарайшық қалашығында облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, археологиялық қазба жұмыстары басталды. Соңғы рет ол 2017 жылы жүргізілген болатын. Оған белгілі дәрежеде республикалық мәртебе алған Сарайшық музей-қорығының да әсері болды деуімізге болады. Өйткені музей-қорық тарихында алғаш рет 2018 жылы желтоқсан айында республика көлемінде тарихи-мәдени ескерткіштерге ғылыми-реставрациялық, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу лицензиясына ие болды. Мұның өзі музей-қорыққа археолог ғалымдарды тартуға, олармен жылдың төрт мезгілінде археологиялық экспедициялар ұйымдастыруға жол ашты. 2019 жылғы қазбаға музей-қорық атынан археологтар А. Тұрарұлы мен М. Әбдіғалиев қатысты. Оны болашақ үлкен жұмыстарға дайындық деп түсінген абзал.

Оған қоса музей-қорық еліміз көлемінде жарияланатын ірі ғылыми жобаларға қатысу үшін аккредитациядан өту құжаттарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне құжаттарын тапсырды. Олай болса ғылыми бағыттағы ізденістер нәтижесі алда болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Мұхамедиұлы А.* Сарайшық қалашығы ашық аспан астындағы музейге айналуы мүмкін // bnews.kz/kz/news/amuhamediuli_... копия.
2. Сарайшықты зерттеу кезеңі басталды, 2018.
3. Көне Сарайшық жаңалықтары//azh.kz/kz/news/view/29150 копия. 27.01.2019.
4. «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы, 2017.
5. *Мұхамедиұлы А.* Сарайшық қаласын мұражайға айналдыру жұмыстары барысымен таныстырды // zakon.kz/4905601-a-m-hamedi-ly-... копия.
6. Сарайшық музей-қорығының қосымша қорынан.
7. *Ногаев Н.* Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – парызымыз // «Егемен Қазақстан» 2018, 5 желтоқсан.
8. Сарайшық музей-қорық архивінен.
9. Қасым хан туралы 75 сериялы фильмді түсіру басталады // lenta.inform.kz/.../kasym-han-turaly-75-seriyaly-fil-mdi-tusi...

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



МУЗЕЙ-ҚОРЫҚТАҒЫ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА, ЖӘДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАР ТАРИХЫ

Ғылыми кітапхана

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» кітапханасы қорында 281 кітап есепке алынған. 2019 жылдың I жарты жылдығында 23 кітап қабылданды:

1. *Ахметова Ұ.Т.* Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887–1918 жж.). Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 320 б.

2. *Ахметова Ұ.Т.* Ресейдің Қазақстанды зерттеуі: тарихы, бағыттары, нәтижелері (XIX–XX ғ. басы). Монография. – Астана: «ЖК Самрад» баспасы, 2014. – 150 б.

3. *Исин А.И.* Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV–XVI вв. – Алматы, 2004. – 160 с.

4. Ортағасырлық Сарайшық Ж.Ж. Мұстафин // ғыл. ред. Х.Б. Табылдиев. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 177 б.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі: алғашқы қадамдар. Астана: «Фолиант», 2015. – 264 б.

6. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер/кұраст. Ж.Қ. Жұма-

баева, М.Қ.Кипиев//Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

7. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің археологиялық және этнографиялық коллекциясы. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2009. – 150 б.

8. Атырау даласының тарихи-мәдени мұрасы. Кітап-альбом/құр. М.Қ.Кипиев. – Атырау: «Қазақстан Жазушылар одағының Атырау филиалы ҚБ», 2016. – 160 б.

9. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Ақмешіт, Алтын, Дәрі, Ұшқан ата қорымдары, Т. I./рецензент т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтар, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2017. – 152 б.

10. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Атан, Жаналы, Кетебай, Көпмола, Қабдуәлі, Қарабала-Қантемір, Қосай, Мыңбай, Сағатай, Сұлтанәлі, Тайлан, Шелекмола, Шошақмола қорымдары, Т. II./рецензент т.ғ.к. М.Қасенов, т.ғ.к. Қ.Мұхитов. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2018. – 153 б.

11. История и культура Атырау в русских источниках (XVIII – XX вв.). Том. 1 / сост. М.К.Кипиев//Науч. ред. Ж. Шалгынбай. – Атырау: ИП «Сисенғалиев ЖМ», 2014. – 400 с. + 16 с. ил.

12. История и культура казахов Западного Казахстана в российской историографии XIX – 20-30 гг. XX века. Том II/сост. Н.Алимбай, М.К.Кипиев//Науч. ред. Н.Алимбай. – Атырау: «Ағатай», 2015. – 520 с. + 16 с. ил.

13. История и культура казахов Младшего жуза XIX – начало XX века. Том. III/сост. Р.А. Бекназаров, М.К. Кипиев // Науч. ред. Р.А.Бекназаров. – Атырау: «Ағатай», 2015. – 504 с. + 16 с. ил.

14. История и этнография казахов Западного региона. Том. IV / сост. М.К. Кипиев//Науч. ред. Р.А.Бекна-

заров. – Атырау: «Атырауский филиал Союз писателей Казахстана», 2016. – 400 с. + 16 с. ил.

15. История и культура Атырау. Том. V/сост. М.К.Кипиев // Науч. ред. Р.А.Бекназаров. – Атырау: «Атырауский филиал Союз писателей Казахстана», 2016. – 400 с. + 16 с. ил.

16. Атырау облысында тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын киелі жерлер./ жауапты ред. М.Кипиев. – Атырау, «Ағатай» баспасы, 2018. – 96 б.

17. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы: Атырау қаласы және Махамбет ауданы. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2013. – 302 б.

18. Фотоальбом: Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштері. – 2013.

19. Эдиге: ногайская эпическая поэма/под. ред. Н.Х. Суюновой. – М.: «Наука», 2016. – 512 с. + 16 с. вкл.

20. Сююмбике / авт. текста Р.Г. Шагеева. – Казань: «Татар», 2017. – 128 с.

21. Марғұлан оқулары. Көрнекті қазақстандық археолог К.А. Ақышевтың 95 жылдығына арналған Халықаралық археологиялық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. – Нур-Султан. – 2019. – 704 с.

22. *Мұқтар Ә., Сыдықов Б.* XVII – XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. Монография: – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2015. – 688 б.

23. *Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы.* Биобиблиографиялық көрсеткіш. Алматы: – «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2014. – 102 б.

Осылайша кітапхана қоры көбейіп келеді. Болашақта салынатын Сапар орталығында арнайы арнайы кабинет беріледі. Ол жас ізденушілер үшін аса маңызды.

Музей қорықтағы жәдігерлер

«Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұртқа барымызды көрсетіп насихаттау – абыройлы міндеттің бірі», – деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда ұлттық мұраны қастерлеуге, сақтауға ерекше ден қойылды.

Қазіргі заманның кезек күттірмес маңызды міндеттерінің біріне айналған халықтың мәдени мұрасы сақталатын, көрсетілетін, насихатталатын орны – музей. Музейдің негізгі жұмысы тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу. Сонымен қатар қорларды жинақтау, сақтау мұражай қызметінің ең негізгі міндет.

1999 жылы 3 қыркүйекте «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғимараты 120 жәдігермен ашылады. Олардың дені 1996–2000 жылдары З. Самашевтың жетекшілігімен Батыс Қазақстан экспедициясының жүргізген зерттеулері кезінде жинақталған болатын. Мәселен, облыстан Мұқашева 1999 жылы – 140, З. Самашев 2000 жылы – 161, 2003 жылы 789 жәдігер мен 1 кг дән (тары), кейін – 1341, 2004 жылы – 263, археолог В. Плахов 2000 жылы 2 қарашада – 12, 2005 жылы Оралбай – 181, 2006 жылы археолог Т. Локашева – 191, 2007 жылы – 391 жәдігер тапсырады. Соның ішінде З.Самашевтың 2003 жылы тапқан 17 күміс тиыны құнды жәдігерлер қатарына қосылады.

Бүгінде қазба жұмыстары барысында және жергілікті ауыл тұрғындары тапсырған 3827 жәдігер музейдің негізгі қорын құрап отыр. Жергілікті жерде жасалған және сырттан әкелінген, көркемдігі жағынан аса тартымды жүздеген бұйым, теңгелер, әшекейлер, тұрмыс-

тық заттар, еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, шикі кірпіштен тұрғызылған сәулет өнерінің ғаламат үлгілері, «хана» деп аталатын Сарай кешенінің қалдықтары және тағы басқалар Сарайшықтың негізгі қорын құрайды. 2018 жылдың аяғында оларды қайта түгендеу жұмыстары басталды.

Сарайшық музей-қорығында сақталған жәдігерлер

Сырланбаған қыш ыдыстары – XIII ғ.

Сарайшық қазба орнынан табылған. Қыштан жасалған ыдыс. Жалпы қыштан жасалынған ыдыстар Сарайшықта керамикалық коллекцияның 80-90%-ын құрайды. Дайындау үшін шикізат ретінде құрамы темір тотығымен, иі қануымен және ұсақ қоспалармен (қоңыр темір-тас, пирит, слюда, әктас) ерекшеленетін темірленген балшық пайдаланылған. Формалық массаларды дайындау технологиясы жоғары деңгейде дамыған, себебі сынған жерлері тегіс, кедір-бұдырсыз болып келген. Жалпы барлық ыдыстар «көзе дөңгелегінде» жасалған. Ыдыстардың көбісі ангобталған, яғни боялған. Зерттелген ыдыстардың барлығы жоғары температурада күйдірілген. Керамикалық қыш ыдыстарды одан әрі жіктеу, жалпы ыдыстарының пішінінің-ернеуінің, мойынының, бойынының, тұтқаларының және түбінің ерекшеліктеріне қарай жүргізіледі.

«Горшок» тәріздес ыдыстар

Шартты түрде 3 топқа бөлуге болады. Біріншісі – тұтқасыз, цилиндр мойынды, екі немесе үш сызықшамен әшекейленген, жоғары жағы тіке кеңейтілген гор-

шоктар. Олардың шаңағы күмпііңкі, жоғары жағы шар секілді және төмен қарай конустала бітеді. Екіншісі – бір тұтқалы, сәл ғана қайырылған жиегінің қимасы үшбұрышты болып көрінетін ыдыстар. Бойының ұзындығы оның диаметрінен аздап үлкендеу болып келетін ыдыстар. Үшінші тобы – қос тұтқалы, цилиндр мойынды және ернеулерінің пішіні әртүрлі: дөнес, кималары үшбұрышты болып келеді.



Құмыралар

Ірі өлшемді құмыралар. Ұзынша келген тік мойынды, дөңгелентілген кең иықты, кеңейте немесе ұзарта жасалған құмыралар көп таралған. Түптері жалпақ. Ыдыс ернеуінің диаметрі табанының диаметрінен кіші. Бұл категорияға жататын ыдыстар көп жағдайда шаңағының жоғарғы тұсында көлденеңінен айналдыра және толқын іспеттес қылып салынған сызықтармен әшекейленетін болған.

Көлемі орташа құмыралар

Аласа әрі кең мойнымен және сыртқа қарай сәл шығыңқы, қимасы сопақша келген ернеуімен ерекшеленеді. Құмыра диаметрінің ең бір кеңейген жері – бұйымның орта тұсы. Құмыраның түбі оның мойын диаметрінен біршама кең болып бітеді. Бұл категорияға жататын ыдыстар көбіне безендірілмейді. Кей жағдайларда ортасынын тек көлденең сызықтар кездеседі. Кейбір құмыралардың кішігірім суағары бар.



Көлемі шағын құмыралар

Шанағы шар тәрізді, мойындары қысқа, ернеуі мен шанағын жалғастыратын тік орналастырылған ілмек іспеттес тұтқасы бар ыдыстардан тұрады. Сондай-ақ, мойны аузына қарай кеңейе беретін шағын құмыралар да бар. Олардың ернеуінің қимасы дөңес, шеті сыртқа шығыңқы. Шанағы күмпиген және шар тәрізді. Тұтқасының қимасы сопақ, ернеуі мен шанағы біріктіреді.

Құмғандар (шүмегі бар құмыралар)

Биік мойынды, кең ауызды ыдыстар. Жиегінің қимасы үшбұрышты немесе дөңес. Мойынының кеңейе түсетін ортасына тұтқа бекітілген. Ыдыстың иініне конус тәріздес шүмекше орнатылған. Ыдыстың ортасы көбінесе ойып салынған енді сызықтармен әшекейленген. Түбі тар, әрі жалпақ. Бұндай ыдыстар бүкіл Алдыңғы Шығыс, Кавказ және Орта Азияда кеңінен таралған. Алтынордалық кезеңде бұндай құмғандар Төменгі Еділ бойы және Хорезм қалаларында кездеседі.

Мескей

Жоғары жағына қарай дөңес, төмен қарай кесік конусты шанағы мен жалпақ түбі бар ыдыс. Мескей ыдыстар бірнеше категорияларымен ерекшеленеді. Бірінде, шанағы орта тұсына қарай кеңейетін дөңес және астыңғы жағы кесік конус, ернеуі сөре тәріздес, ал түбі жалпақ әрі тар болып келеді. Кейбір мескейлердің жиегі күрделі кескінделген. Ал шанақтардың жоғары жағы айналдыра жүргізілген сызықтармен әшекейленген. Келесі бір түрлері шанағының жоғары жағы дөңес, ал астыңғы жағы кесік конусты болып келеді, түбі жалпақ, ернеуі сыртқа шығыңқы.

Тостаған

Конус табанды, жартысфера тәрізді шанақты, қабырғасы биік тостағандар жатады, олар қимасы дөңес немесе сәл үшкірленіп бітетін тік ернеулі болады. Тостағандар сырт жағынан жиегінің астын ала бір немесе бірнеше тырнап, айналдыра салынған сызықтармен әшекейленген. Жиектері ішке кіріңкі.

Тұз құтылары

Көлемдері шағын болып келеді. Шанағы сфералық дерлікттей болып келеді. Шанағының төменгі жағы біртіндеп жалпақ түпке айналады. Пошымы және көлемі жағынан ұқсас болып келетін «тұз сауыттары» Еділ бойы, Өрен-Қала қазба материалдарында кездескен.

Тәрелке

Қазба барысында табылған тәрелкелерді екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын тәрелкелердің шанақтары сегмент тәрізді және жиектері қалың да қисайыңқы тәрелкелер. Келесі нұсқасы – шағын шанақты және сыртқа қатты шалқайтылған жиегінің қимасы дөңес болып келетін түрі. Кейбір тәрелкелердің жиегінің асты жіңішкелеп, ойып салынған сызықтармен әшекейленген. Жалпақ түпті немесе аласа диск тәрізді табаны бар болып келеді.

Тагора

Жалпақ табанды, конус пішімді, ернеуі сыртқа қайырылған ыдыс. Кейбір тагораларда ернеуінің астына көлденең бекітілген текше тұтқалары бар.

Амфора

Шанағы жұмыртқа тәріздес, қысқа әрі тар мойынды және сәл қалыңдау қарапайым ернеулеріне екі тұтқа бекітілген. Түбінің диаметрі мойынынан үлкен. Шанақ пошымы бойынша келесі нұсқаларды ажыратуға болады, біріншісі – ең үлкен диаметрі бұйымның орта тұсынан жоғарылау жерден өтетін шанақтары созылыңқы пропорциялы ыдыстар; екіншісі – ең үлкен диаметрі бұйымның ортасынан өтетін шанақтары күмпітілген ыдыстар.

Хұм

Сұйық және дәнді азық-түліктерді сақтауға арналған ірі көлемді ыдыстар. Олардың ернеулері әртүрлі болып келеді. Мойындары жоқтың қасы.



Хұмша

Хұмдардан көлемі кішірек, сұйық және дәнді азық-түліктерді сақтау мен алып жүруге арналған ыдыстар. Олардың шанағы жұмыртқа тәріздес, ұзынша болып келеді, түбі жалпақ, кең емес. Бұл ыдыстар түзу және ирек сызықтармен әшекейленіп отырады.

Тиын сауыт

Мойыны жоқ, шанағының жоғарғы жағы шар тәріздес, ал төменгі жағы ұзыншалау болып келетін және шанағының жоғарғы жақ қапталында тесігі бар шағын ыдыстар түрі. Бұндай ыдыстар Еділ бойындағы, Болғарда, Пруто-Днестрлік қос өзен аралығындағы алтынордалық қалаларда кеңінен тараған болатын, себебі ұсақ монеталардың кең айналыста болғандығымен түсіндіріледі.



Түбек

Өрнектелмеген горшок тектес, жиегінің шеті жұқа болса да, тік бұрыштандырыла кеңінен қайырылған, жалпақ түпті балалардың бесігіне арналған гигиеналық заттар қатарына жатады. Олардың түп отаны Орталық Азия деп есептеледі.



Қақнақ

Жиектері енді және қысқа кертпесі цилиндр тәріздес; үстінде қысқа шошақ тұтқасы бар, іші ойық сфералық сегмент тәрізделері де бар.

Шығыр ыдыстары

Егіндікке, мал суарғанда пайдаланылған. Бұл қыш құмыралар шығыр доңғалағына төменгі жағынан байланып бекітілетін болған. Сарайшық қазба орнынан табылған шығырлық ыдыстарының биіктігі 30-дан немесе 50 см дейінгі мөлшерде болып келеді. Олардың ауыз қуысы кең, шеттері қалыңдатылған, кейбір ыдыстардың мойыны қысқа, болмашы ғана бой көрсетеді. Мойнына қарағанда, шанағы кеңдеу келеді.



Құбырлар

Қолданылуына қарай көлемі мен пошымы әртүрлі жасалған. Кесік конусты түрінің жіңішке шетінде ернеу (муфта) бар. Муфтаның көмегімен құбырлар бір-біріне бекітіліп, су құбыры жүйесін құрайды. Олар тандыр пештерге түтін тарту үшін де, су тасымалдау мен канализация өткізуге және басқа да қажеттіліктерге қолданылған.



Ұршық

Ұршықтың басы негізінен сынған ыдыстардың жарамды бөліктерінен жасаған. Оларға дөңес пішім беріліп, ортасын бұрғылап тескен. Кейбір ұршық бастарында кесіп салынған белгілер бар.

Батырғылар

Ортасында тесігі бар, дөңес пішінді болып келеді. Олар балық аулағанда керек, батырғы ретінде қолданылған [1].

Сфероконус

Саз балшықтан шарықта нәзік түрде әсем жасалып, жоғары температурада күйдірілген қыш сфероконусты ыдыстар немесе сынапкөзелер. «Сфероконус» деп ыдыстың сыртқы пішініне қарай қарай айтылған. Ол екі сөзден: «сфера» және «конус» сөзінен құралған. Ыдыстың үстіңгі бөлігі (бүйірінен жоғары) «сфераға» (грекше «σφαῖρα» – шар), ал төменгі жағы «конусқа»

(латынша «conus», грек тілінде «konos» – геометриялық дене) ұқсайды. Сфероконустардың көбіне аузы тар. Бүйірі домалақ, түбі үшкір, кең иықты, мойны жіңішке әрі қысқа, бас жағы саңырауқұлаққа ұқсас, ернеуі ұршықтасы секілді, қара сұр және күлгін сұр түсті болып келеді. Сырттары әртүрлі тәсілде әшекейленеді. Сынапты тасымалдау үшін немесе жұпар судың ыдысы ретінде пайдаланылған [2].

«Қаражылтырақ» ыдыстар

Құрамында темірі көп балшықтан даярланып, ерекше қалпына келтіру атмосферасында (оттегінің жетімсіздігі жағдайында немесе пешке қатты түтіндейтін отын түрін салу арқылы) күйдірілген. Күйдірілген ыдысты ұн ерітіндісіне (қайнатпасына) малып немесе сулы жапырақтарға батырған. Нәтижесінде ыдыстың сыртында баттасқан қара «қабықша» пайда болады. Кейін оны ысқылап жылтыратады.

Штампөрнекті ыдыстар

«Штампталатын» бұйымдарды жасау үшін балшықтың бірнеше түрін пайдаланған. Штампөрнекті ыдыстар бөліктерден құралып жасалған. Шанағының жоғары жағын қыш бұйым формасы – қалыпта басып шығаратын болған. Тостаған-қалыптың ішінде бедерлі және ойық техникасымен өрнек жасалған. Қалыпқа басып алғаннан кейін ыдыстың сыртқы беті әлі де «өңдел» түсетін: салынған өрнек тазаланатын, түзетілетін, кейде ол қосымша өрнектермен сызып немесе ойып салынған, кейде кішігірім штамптармен басылған өрнек түріндегі әшекейлермен толықтырылатын болған. Дегдіген ыдыстың сыртына қосымша балшық жапсырып, оның үстіне штамппен өрнек салу – жиі қолданған

әдістің түрі. Штамп арқылы жасалған қыш ыдыстарының әрленуінде жан-жақтарын өсімдік өскендері мен геометриялық фигуралар қоршаған, бедерлеп өрнектенген араб жазуларынан тұратын эпиграфиялық жазулар да едәуір маңызды орын алған.

Сырланған қыш бұйымдар

Сырланған қызыл балшықты қыш бұйымдар. Қыш бұйымдарды жасау үшін темірлеген, пластикалық қасиетті жоғары немесе орташа деңгейлі балшықтар, соның ішінде әртүрлі темірленген қоспалы, темірленген және карбонаттық қоспалы түрлері пайдаланылған. Қоңыр теміртас, слюда және әктас бұл балшықтардың табиғи қоспалары болып келеді. Қамыры, ыдыстардың сынықтары арқылы көз жүгіртсек, өте тығыз да тегіс немесе ұсақ қиыршықты. Жасанды қоспалар ретінде тозаң түрлі, негізгіге ұқсас шамот пен ргоза жиірек, ал граниттік ірі құмдар сирек пайдаланылған. Барлық бұйымдар көзе дөңгелегінде даярланған. Бұйымдардың сырлануы әртекті болып келеді: мөлдір қорғасандық және күңгірт, қорғасынды-сілтілі және сілтілі. Жасыл мөлдір сырлы, мөлдір сары сырлы, қоңыр сырлы, мөлдір, түссіз сырлы қыш бұйымдар.



Кашиндік балшықтан жасалған сырланған қыш бұйымдар

Қыш бұйымды жасау үшін кашин, яғни силикат текті ашық ақ түсті ерекше қамыр пайдаланылған. Оның негізгі компоненттері құм, каолин, далалық шпат, балшық және желімдегіш заттағы әк болған. Қамыр үлпілдек болып шығатын, сондықтан оны сырланған қабаты тозаңданудан сақтайтын. Сарайшық қазба жұмысында табылған бұндай ыдыстардың саны 66% құрайды. Мұндай ыдыстарды екі үлкен бөлімге, біріншісі – сыры мөлдір кашиндік қыш бұйымдар (сыры түссіз қыш бұйымдар, глазурь асты полихромды суреті және глазурь асты бедері бар қыш бұйымдар, бедерсіз глазурь астылық полихромды суреті бар қыш бұйымдар, ою өрнекті кобальтты, ақық түсті мөлдір сыр жағылған, глазурь астына кара түсті суреттер салған қыш бұйымдар, глазурь астында кара суреттері бар және бедерлі қыш бұйымдар, суретсіз және бедерсіз қыш бұйымдар); екіншісі – ультрамаринмен сырланған қыш бұйым – құрамына кобальт қосу арқылы қол жеткізеді.

Қытай фарфоры

Селадон негізінен ашық жасыл түсті ыдыстар қатарына жатады.

Еуропада бұндай ыдыстарды «селадон» деп атаған. Фарфор тәрізді массадан даярланатын, жасыл реңді мөлдір сырмен жалатылған қалың қабырғалы шағын тостағандар.

Сарайшық ғимараттарының дені **текше кірпіштерден** салынған. Сондай-ақ, бұл кірпіштер ішкі бөлмелердің еденіне төсеуге де пайдаланылған [1].



Сарайшықтың ақша тиындары

Сарайшықтың ақша тиындары кешені Жошы ұлысы және басқа да мемлекеттердің 25 қаласының тиын соғатын орындарында соғылып шыққан өнімдер. Олардың ішінде, Сарайшықтың өзінде XV–XVI ғасырларда соғылған тиындары да бар. Тиындардың көпшілігі қаланың

мәдени қабаттарында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында табылған. Қаладан табылған ең көне тиын Бату ханның немересі Меңгу-Темірдің (1266 – 1282 жж.) билігі кезінде соғылған дирхем. Ол қаланың төменгі мәдени қабатынан табылды және Еділ бойындағы Үкек қаласында шығарылған. Үкектің дирхемдері жалпы өте жұқа әрі қоспасы сапасыз күмістен жасалынып тұрған. Аталмыш дәуірдің тиындары алғаш рет Жошы ұлысы хандарының аттары жазыла басталды. Бұрын Ұлыстың тиындары марқұм халиф Насыр-аддиннің атымен шығатын еді. Г.А.Федоров-Давыдовтың пікірінше, осындай дирхемдер Берке хан (1257 – 1266 жж.) тарапынан соғылып, мемлекетте исламды уағыздап насихаттауға арналған болатын. Қалған дирхемдері оған ұқсас, әрі оларда Шыңғыс ұрпақтарының таңбасы бедерленген еді. Ол кезде мемлекет Қарақорым орталықты моңғол империясынан бөлектеніп, Жошы ұлысының дербестігі күшейе бастады, оның белгісі іспетті ол кездері тиын ақшаларда мұсылмандық символдар пайда болды. Дәл Меңгу-Темір заманында Алтын Ордалық хандардың атымен алғашқы тиындар соғыла бастады. Тиындар хандарға қатысты «сұлтан», «ағзам» (ұлық) деген мұсылманданған атақтар мен сөз тіркестер пайда болды.

XIII ғасырдың соңына қатысты Сарайшықтың тағы бір тиын түрі Меңгу-Темірдің ұлы Тоқты немесе Тоқтағұның (1290 – 1312 жж.) атымен байланысты. Оның билік құрған кезеңіне байланысты Сарайшықтан табылған хұлағұд елхандардың (ирандық) тиындары жатады. Ол тиындар мұнда Иранмен жүргізген саяси-әскери қатынастары мен сауда-экономикалық байланыстар нәтижесінде келсе керек. Тоқтының Ноғай туыстарымен болған үздіксіз талас-тартыстар мен билеуші Шыңғыс

ұрпақтары ханшайымдарының билікке деген тақталас ұмтылыстары ұлыстың жағдайын қиындатып, әбден әлсіретіп те жіберді. Күміс тиындар айналымнан ғайып бола бастады. Кейбір тиын шығарылымдарда билеушінің аты жазылмай, біркелкі ұқсас соғылып жатты. Дирхемдегі күміс салмағы да тұрақсыз болды. Сондықтан Тоқтағұ алғашқы ақша реформасын жасады. Қай жерде болмасын дирхем 1,365 грамм салмақпен соғылатын болды. Тиындарда Тоқтының аты кейде мадақтау атымен «Насыр-ад-Дин» және «Гийяс ад-Дин» («дін тірегі») деп жазылды. Мыс тиындары аз мөлшерде ғана ақша айналымына енгізілді.

Экономиканы тұрақтандыру екінші кезеңде, яғни 1310–1311 жылдары саяси тұрақтылықтың арқасында тағы да қосымша ақша реформасы жасалды. Дирхемнің салмағы 1,486 грамм болды.

Империяда Өзбек ханның (1312 – 1342 жж.) кезеңдерінде тұрақтылық пен гүлденудің ең жоғары деңгейіне жетті. Мемлекеттің базарында алтын, мыс тиындар қалың санмен қолданылды. «Гийяс ед-Дуниа» мен «Гийяс ед-Дуниа уа ед-Дин» («діннің тірегі, дүниенің қамқоршысы») деген лақап атымен Өзбек хан өзінің тиындарында тұрақты түрде соқтырып отырды. Өзбек ханның немересі Бердібек хан өз ағасынан қолынан қайтыс болған соң, Орда әлсірей бастайды. Орданың ұрпағы Қызыр билігі дәуірі басталады. Ол өз билігінде көптеген пұлдар соғылып шығады, содан кейін Қызырдың ұрпағы Өзіз-Шейх таққа отырған кезден бастап, тиындар неізінен Гүлістан мен Сарайда соғылып тұрды. Кейіннен Ноғай Ордасының билерінің тұсында да соғылған тиындар Сарайшық қазба орнынан көп табылған.

Қордағы қару-жарақ түрлері

Берік сауыт кигізді,
Садағын сала байланып.
Ер қаруы – бес қару
Бесеуін тамам ілгізді.

(«Құбығұл»)

«Ер қаруы – бес қару» дейді халық мақалында. Ер жігітке сын сағатта қару болған жарақтар ел аузында түрліше аталып жүр. Алыстан шолып, аңдысуға немесе бетпе-бет келіп, алысуға байланысты қару түрлері де әртүрлі болғаны белгілі. Қазақ сарбазының соғыс қаруы негізінен бес түрге бөлінеді. Ату үшін – садақ, түйреу үшін – найза, кесу үшін – қылыш, шабу үшін – айбалта және соққы қаруы – шоқпар. Қару – атадан балаға мұра болып қалып отырған. Ер жетіп, алғаш рет ел қорғауға шыққан жас батыр әкесінің, не атасының қаруын сандықтан алып беліне тағынған. «Қоңыраулы найза қолға алып, Қоңыр салқын төске алып, Қол төңкерер ме екенбіз?! Жалаулы найза жанға алып, Жау қашырар ма екенбіз?!» – деп жырлайды Ақтамберді жырау. Осылайша отансүйгіштікке, ерлікке шақырады [4]. Осы аталған бес қарудың үш түрі Сарайшық қазба орнынан табылған.

Садақтың оғы, яғни жебесі

Ұшы ғана табылды, мыстан жасалған, кезеңі XIV ғ.
Екінші бір түрі, ол найзаның ұшы.

Найза – атты жауынгердің негізгі түйреу қаруы. Сабы қайың, қарағай, емен сияқты қатты ағаштардан жасалатын болған. Әдетте найза басына шашақ тағылады. Бұл аққан қанды қарудың сабына жібермеуге арналған.

Әскербасының найзасына дәреже белгісі ретінде байрақ, жалау тағылады. Сабының қолға ұстайтын жері жұмсақ болу үшін барқыт, мақпалмен оралып, қайыстан ілгек салынады. Әдетте қазақ найзаларының ұзындығы 150-190 см болғанымен, темір сауытқа қарсы қолданылатын «сүңгінің» ұзындығы 3-3,5 метрге дейін жеткен. Өткен ғасырларда сирек те болса найзаның тағы бір түрі – алыстан лақтыруға арналған қысқа сапты найза да болған. Оны «жыда» деп атаған. Музейде тек найзаның ұшы ғана көрмеге қойылған, сабы сақталмаған.

Қазақ қылышы – басы бір жүзді, сыртына қарай қайқылау болып келетін кесу қаруы. Басының қайқылау болуы қылыштың кесу күшін күшейтеді. Ал өте қайқы қылыштарды қазақтар «Наркескен» деп атаған. Қылыштың басының ұзындығы әдетте 75-88 см, жүзінің ені 3-3,5 см болып келеді. Сабы 10-13 см болып, ағаштан, сүйектен немесе мүйізден жасалған. Сырты күміспен көмкеріліп, әртүрлі ұлттық нақыштармен өрнектелген. Қылышты «қынап» деп аталатын арнаулы қабына салып, қылышбау арқылы белге тағып жүреді [4].

Шойыннан жасалған мүсінше

«Бай мен кедей» атты башқұр ертегісінің мотиві бойынша жалпы келген көрермендерімізге, мән-мағынасын біз былай деп түсіндіреміз: «Қандай адам болмасын, бай болсын, жарлы болсын, екеуі де бір кеменің үстінде келе жатыр». Қашан да біздің халқымыз қалып айтпаған, бұл көршілес елдің жерінде шығарылған мүсіншеге де біздің ата-бабамыздың бір нақыл сөзі бар: «Кемедегі адамның жаны бір» деген.



Шырағдан

Халық түсінігінде шырағдан негізінен бөлмені жарықтандыру үшін қолданылатын зат. Сонымен қатар шырақ сөзі де ұлт ұғымында мәртебелі мағынаға ие. Тілектің ең жақсысы «Шырағың сөнбесін!» болуында да үлкен мән жатыр. Әрдайым тілегін жақсылықпен байланыстыратын, ісін игілікке балайтын халқымыз қашанда шырағының сөнбеуін тілеген. Сондықтан да ортағасырлық шеберлер сол дәуірдің болмысы мен мінезін бейнелейтін дүниелер жасап, ұрпағына аманат еткен [5]. Шырағдандардың тарихы ерте дәуірлерден бастау алады. Мәселен, Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған түрлі кезеңдерді сипаттайтын шырағдандар бай тарихымыздан, өнегелі өткенімізден хабар береді. Қазба жұмыс барысында ортағасырлық кезеңде қыштан жасалынған шырағдандар мен табақшалары табылды. Бөлмелерінің ішіне қойылған шырағдандары діни сенімдері бойын-

ша тұрғындардың өз отауларының отын сақтауға негізделген болса, кішігірім шырақтары бөлмелерінің ішін жарықтандыру үшін пайдаланған. Жоғары қарай созылыңқы келетін конустық пішінінің үсті шырақ қоятын тостағаншамен бітетін шамдалдарда болған. Шамдалдар көбінесе «шағын табақша» секілді болып келеді, бұл еріп аққан балауызды жинау үшін жасалған. Кейбір шырақтарын бөлме арасында жүргенде, қолдарына ұстап жүру үшін пайдаланған. Оны табылған шырақтардың құлақшаларынан байқауға болады.

Сарайшық қазба жұмыс барысында *шығыс моншасының* орны табылған.

Су қыш құбырлармен тартылған. Іші мозайка тастарымен безендіріліп отырған. Мұның өзі орта ғасыр мәдениетінің даму дәрежесін көрсетеді.

1996–2000 жылдары жүргізілген зерттеулер барысында табылған үйлердің шикі кірпіштен қаланғаны, көлемі 4x5 метр 2 немесе 4 бөлмеден тұрады. Бөлмелердің төр жағында етегінен ені 1,5-2 метр келетін көлденең орналасқан түтін шығатын қос каналмен жылынатын суфа орналасқан. Олар тандырлы ошақтан шығып, бөлмеден қабырғаның арасына тік жол арқылы төбеге шыққан [6]. Түтін шығатын құбырлары қыштан жасалған, 20-25, градусқа дейін қыш жылуды бойында ұстап тұрған екен.

Музей қорында ұлтымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан кейбір зергерлік өнер туындылары да бар. Зергерлердің өте көп жасайтын, көбінесе қыз-келіншектердің ажарын ашып, көркін келтіретін, оларды нәзік, талғампаз, сұлу етіп көрсететін зергерлік бұйымдардың бірі – білезіктер.

Білезік – қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы.

Шығыс елдерінде сақина, жүзіктерді сиқырлы күші бар заттар деп қарастыру кеңінен таралған түсінік. Кез келген әйел ас тазалығы үшін күміс сақина немесе жүзік салып жүруге тиіс болды. Бұл ретте қазақтың «Тамақ адал болуы үшін қолда күміс жүзік болуы керек» деген қағидасы бар. Сақинаның жасалуы жүзікке қарағанда оңай. Өйткені, оның сыртына бізбен безеу, шапқымен шеку әдісімен орындалатын қарапайым ою-өрнектер салынды. Құдағи жүзік – жаңа түскен келініне аналық мейірімін, шуағын төге білген парасатты құдағиға ғана сыйға тартылатын дәстүрлі сыйлық [7].

2019 жылы музей-қорыққа қабылданған жәдігерлер

Музей-қорықта 2019 жылдың басында «Музейге сый» акциясы бастау алды. Акцияны ауыл тұрғындары және ел зиялылары қолдады.

Терме алаша мен қылыш

Оны музей-қорыққа Сарайшық селосының тұрғыны З. Қайрошева тапсырды. 109х220 см болатын терме алашаны Зэмзэ апайдың енесі Ж. Қожахметова сақтаған, алашаны 1960 жылы Сәнім әже (Жаңылсын әженің енесі) тоқыған. Ол иірілген жүн жіптен термелеу әдісімен тоқылған, қызыл, сары түстерден құралған бес жолақтан тұрады. Сары түсті жолақтарға қызыл түспен қазақ оюларының бейнесі тоқылған. Ал, ақ түсті жалпақ жолақ бетіне қызыл түспен жүз теру өрнегі салынған. Екі шеті қара түсті матамен көмкерілген.

Кебеже

Сарайшық селосы тұрғыны Ж.Ж. Мұқанов өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жасалған кебежесін сыйға тартты. Кебеженің өлшемі биіктігі – 41 см, ұзындығы – 76 см, ені – 37 см. Геометриялық пішіндер мен ою-өрнектер түсірілген.

Кебеже – қазақ халқының қол өнері ішінде өнер туындыларына жататын бұйымдарының бірі. Тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым. Кебеженің түбі қалың тақтайдан жасалады. Қазақ ежелден азық-түлік сақтауға кебежені пайдаланған. Көшпелі заманда сүр ет, құрт-май салып сақтауға да, түйеге теңдеп алып жүруге де ыңғайлы, кімге болса да тұрмысқа өте қажет бұйым болған.

Домбыра

Белгілі шебер Н.Т.Бисенбаев «Нұрриза» шеберханасында 2015 жылы алғашқы жасаған домбырасын сыйға тартты. Домбыраның басы, сағағы жидек ағаштан, шанағы қара талдан, бет ағашы қарағайдан және тәжірибе ретінде шанақ ішіне ірі әйнек сынығын желіммен айластырып жағылып жасалған.

Суреттер

ҚР Мәдениет қайраткері, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Отарбай Кендір Сарайшық қалашығына және Махамбет бабамызға қатысты өзінің 4 туындысын тапсырды.

Кебеже мен жастық ағаш

Бейбарыс ауылының тұрғыны Қ.Биляшева «Музейге сый» акциясын қолдап, жастағаш (жастық ағаш) пен кебежесін сыйға тартты. Кебеже мен жастағаш енесі Уалиқызы Замариядан (1912 ж. дүниеге келген) қалған.

Жалпы жастағаш қазақ тұрмысында жастықты биік-теп салу үшін қолданылатын арнайы ағаш жиһаз, яғни жастық ағаш. Далалық мәдениетте жастағаштың тұрмыстық қажетінен басқа философиялық та мәні бар. Оны жаңадан отау құратын баласына арнап әкесі немесе атасы жасатады, яғни ол қыздың жасауына кірмейді. Сондай-ақ, жастағаштың басы неғұрлым биік болса, жасатқан адамның беделі соғұрлым жоғары болғаны және балаларына бастарың төмендемесін, айналаңа қадірің жоғары болсын деген тілегін білдіреді.

Құран кітап

Сарайшық ауылының тұрғыны М. Уалиева өзінің қайын атасы Дінкуат Уалиевтан қалған ХХ ғасырдағы арабша жазылған, Қазан баспаханасынан шығарылған Құран кітабын табыстады.

Арба

2019 жылы музей-қорыққа Махамбет ауданы Бейбарыс ауылының тұрғыны Ж.Ж.Шағаев ХХ ғ. бас кезіндегі жасалған, 17-разъезд тұрғыны Үмбетияров Ербатыр тұрмысқа пайдалануға берген арба тапсырылды.

Арба-ертеде әскери көлік ретінде қолданылған, кейін жол жүруге, жүк тасуға, сондай-ақ уақытша жылжымалы тұрғынжай ретінде пайдалануға арналған көне көлік түрі. Арба түрлері шаруашылық, тұрмыс қажеттіліктеріне байланысты үнемі жетілдіріліп отырған.

Музей-қорық қорына алынған жаңа архивтік құжаттар

Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Мұқтар** Башқортостан Республикасы Орталық мемле-

кеттік архивінен әкелінген атасы имам қатып Кәкімбек Байғазиевтің архивтік құжаттары мен фотосын, қажы Ғұбайдолла Араловтың архивтік құжаттары мен Меккеге барған күнделігін, Ә.Марғұланның Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен алынған қолжазбасын, Г.Ф. Генстің қазақ хандары туралы қолжазбасын;

- тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры **А.Ахмет** Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен әкелінген атасы қажы Алдоңғар Қарағұловтың Меккеге барған құжатын;

- тарих ғылымдарының кандидаты, Семей мемлекеттік университетінің профессоры, ноғайтанушы **А.Исин** Мәскеудегі Ресей көне деректер архивінен алынған Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығына қатысты құжаттарды;

- Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекеменің басшысы **М.Куниев** Сарайшыққа қатысты Москва архивтерінен алынған құнды фотолар мен құжаттарын тапсырды.

Жоғарыда аталған тағылымы мол, баға жетпес осынау тарихи жәдігерлер мен архивтік құжаттар ата-бабаларынан қалған қаншалықты құнды дүниелер болса да, музей қорына табысталып, тек бір адамның ғана меншігі болмай, баршаға ортақ болып, қанша рет музей-қорыққа келген туристерді таңқалдыруда. Олар ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Керамика Сарайчика. Ceramics of Saraichik hillfort. З.Самашев, О. Кузнецова, В. Плахов. – Алматы, 2008.

2. *Ақымбек Е.Ш.* Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер// <http://nlib.library.kz/elib/library.kz/journal/АКҮМБЕК.....20113....pdf>.

3. Сарайшық тиындары. Монеты Сарайчика. З.Самашев, Р.Бурнашева, Н.Базылхан, В.Плахов. – Алматы, 2006.

4. Қазақ сарбазының бес қаруы // https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/kazak_handyigy_550_jyil/akberen/44862

5. *Есаман Х.:* Шырағдандар шындығы // <https://egemen.kz/article/161221-shyragh-dandar-shyndyghy>

6. Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. И.Тасмағамбетов, З.Самашев. – Алматы: ОФ «Берел», 2001.

7. «Мәдени мұра», 2016, №6, 69-70-б.б.

БЕСІНШІ БӨЛІМ



«САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДА» САҚТАЛҒАН ҚОЛТАҢБАЛАР

Музей-қорықта 1999 жылы 3 қыркүйектен бері арнайы келген қонақтар лебізі, тілегі қалдырылған кітап сақталған. Оның басы Нұрсұлтан Әбішұлының қолтаңбасымен басталады.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың музей-қорық ашылар сәтте қалдырған қолтаңбасы

«Тау шайқалса да тарих шайқалмайды» деген халқымыз. Осы мұражай – есімізді жинап Тәуелсіз ел болып, ата-бабамызды еске алудың дәлелі. Жас ұрпақ тарихтан өнеге алып, қазақ елін, кең-байтақ жерін сүйіп өссін! Баршаңызға жақсылық тілеймін.

03.09.1999 жыл

Ақын Ақұштап Бақтыгерееваның қолтаңбасы

Қалмау керек айтылмай тойда бір ән,
Мынау байлық кімдікі, ойлан ұлан!
Атамекен Атырау – қасиетім,

Қара алтынның жыры аққан қойнауынан
Мынау тарих кімдікі, ойлан ұлан!
Беткейінде өтетін тойлар ғажап,
Ұлан-асыр той өтпеу жайлауға жат,
Ғасыр бойы мұнайлы бұл өлкенің
Кедей болса ұрпағы, ойлан қазақ!
Тарихы бар елденсің, ойлан қазақ!

1999 жыл. Мұнайдың 100 жылдық тойы, Сарайшық-
та мұражай ашылды. Тарихи күн. Тілім жырлайды, жү-
регім жылайды, ұрпақты көріп қуанамын. Ертеңі нұрлы
болғай!

03.09.1999 жыл. Сарайшық

*Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және
қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғаш-
қы мемлекеттік хатшысы (1996-2002) Әбіш Кекілбай-
дың қолтаңбасы*

Алтын Орданың ақтығы, Қазақ Ордасының бесігі,
Дешті Қыпшақтың байтағы, тәуелсіз Қазақстанның
ежелгілігінің ең қасиетті жәдігерлерінің бірі, Араб,
Иран, Тұран, Еуропа араластығының алтын кіндігі –
Сарайшықтың санадағы салиқалы да, салтанатты есе-
сін қайта тірілткен Атырау азаматтарына аса разы се-
зіммен, ең ізгі тілектермен.

09.09.1999 жыл

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академия-
сының академигі, жазушы Зейнолла Қабдоловтың қол-
таңбасы*

Қасиетті Сарайшыққа келген қазақты ғажайып мақ-
таныш сезімі билейді: дана бабалар үшін мақтанасың,
батыр бабалар тұлпардың тұяғымен жазып кеткен Ұлы
Даланың тарихы үшін мақтанасың, осылардың бәрін

біздің дәуірімізде жер қойнынан қаздырып жер үстіне шығарып, қираған дүниені қалпына келтіріп, ұрпақтан ұрпаққа ұлағат етіп ұсынып жүрген біздің бүгінгі Шоканымыз – атыңнан айналайын Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов үшін мақтанасың...

09.09.1999 жыл

Прозик, драматург, қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанованың қолтаңбасы

Айналайын ағайын!

Біздің тәуелсіздігіміз көктен түсе қалған жоқ. Аруақтар қолдаған болар. Ал аруақтың үлкені осы Сарайшық пен Сарай-Беркеде. Қазақ мемлекеті болғанының дәлелі осы қасиетті Жайық-Атырау айдынының жағаларында. Тарихсыз ел болмайды, біздің ұлы тарихымыз бар.

Бабаларымызға ұқсап бағайық!

Ел-жұрт аман болсын!

Алла жар болсын!

29.09.1999 жыл

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих және этнология институтының директоры (1988–2002), Ұлттық Ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбаевтың қолтаңбасы

Ұлы Дешті Қыпшақ Сахарасының кіндігі – астанасы болған, Дала өркениетінің Ордасы болған киелі Сарайшықтың мұражайына табыс тілеуші академик Манаш Қозыбаев.

09.12.1999 жыл

Қазақ ақыны, Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты (1996–2004) Фариза Оңғарсынова қолтаңбасы

Атыраудың киелі бір нүктесі – осы Сарайшық. Ұрпақтың жады жасай береді екен. Әйтпесе ұмытыла жаздаған тарихымыз қайта жаңғырып, бүгін бүкіл ел тәу ететін мекен болар ма еді! Елге, еңбек етіп жүрген ұлқыздарға бас иемін, тілекшімін.

21.04.2000 жыл

Қазақстанның Құрметті сәулетшісі А.Мамырбаевтың қолтаңбасы

Біздер, Қазақстанның тарихи жәдігерлері көп сақталған Оңтүстік өңірінен келген бір топ қонақтар, мұражай экспонаттарымен таныса отырып, ата-бабамыздың біздерге мұраға қалдырған жәдігерлері мен ескерткіш ретінде сақталған қолөнер туындыларын тебірене қарап шықтық. Келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізу үшін аянбай еңбек етіп жатқан мұражай қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Сіздерге шығармашылық табыс, зор денсаулық тілейміз.

15.08.2008 жыл

Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Садықұлов Төлеуханның қолтаңбасы

ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Ештай Сарайшық мұражайын көріп, өзіміздің ата-бабаларымызға деген сүйіспеншілігіміз, өз елімізге деген патриоттық сезіміміз теңдей жоқ артты. Осы мұражайдың жарық көріп, осыған ат салысқан адамдарға зор алғыс айтамыз.

16.08.2008 жыл

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі
Кәрім Мәсімовтің қолтаңбасы*

Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын ұлықтау жолында «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығының алар орны айырықша.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің кара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек» деген сөзі мәдени мұраларымыздың әлемдік тарихта қаншалықты құнды екенін көрсетеді. Сондықтан, бәріміз ұлттық тарихымызды әлемдік деңгейге көтеруге күш салуымыз керек. Бұл орайда, мұражай ұжымының алдағы қызметіне сәттілік тілеймін.

18 маусым 2010 жыл

Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, ҚР Президенттігіне экс-кандидаты Жамбыл Ахметбеков

Ұлы Қазақ Елі тарихын жандандырып, кейінгі ұрпаққа үлгі етуде, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды дәріптеуде жасап жатқан еңбектеріңізге табыс тілеп, істеріңіз жандана берсін демекпін.

Керемет мәдениетіміз бен қолөнеріміз дамыған, бүкіл дүние жүзіне паш ете алатындай Сарайшық қаласы туралы деректеріміз арта берсін. Мен осындай атабабаларым құрған елінің баласы болғанымды мақтаныш тұтамын. Ендігіде де еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

27.11.2012 жыл

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалиннің қолтаңбасы

Сарайшық – қазақ еліміздің ең маңызды тарихи жеріміздің бірі. Бұндағы деректерді өсіп келе жатқан ұрпақтарға сақтап, таныстырып отырған мұражай жұмыскерлеріне үлкен рахметімді айтамын. Соның ішінде мұражай директоры Бердімұратов Молдашқа зор денсаулық, ізденістерде үлкен табыс тілеуші.

01.10.2013 жыл

Қоғам қайраткері Асан-Әлі Әшімовтің қолтаңбасы

Ойынды кеңейтетін де, шындайтын да, өткен тарихың. Соның бірі, бірегейі – Сарайшық қаласы. Ұлы аталарымыздың рухы. Көз алдыңа келіп, өткен күндердің елесі көз алдыңа елестеп, ойынды шындайды. Тарихқа жиі оралып, кеңінен үңілмесең мәңгүрттікке ұшырауың мүмкін. Мүмкін емес, хақ! Ұлы Көсем – хан Қасымханның рухы қолдасын деп, қол жайып, басымды иемін.

30.05.2015 жыл

Павлодар облысы Әділет департаменті басшысы Сейдімбек Ернар Ақселеуұлының қолтаңбасы

Қазақ елінің болашағы біздің тарихымыздың байлығында, тарихымыздың құндылығы елдің рухының құндылығында, күшінде. Бұның себебі ретінде көріп отырған Сарайшық қаласының бейнесі сол заманға тән өмір сүріп, өркендеудің, дамып-өркендеудегі ең бір биік белгісі деп білемін. Осы тарихымыздың бейнесін сақтап отырған, халқымызға, қонақтарға таныта білген мұражай ұжымына алғысымыз зор.

11.08.2015 жыл

Халық қаһарманы, Қазақстан Республикасы космонавт ұшқышы Айдын Айымбетовтың қотаңбасы

Огромная благодарность коллективу музея за вашу работу! Спасибо, что сохранили историю казахского ханства для будущих поколений. Без прошлого нельзя построить будущее! Желаю вам всего наилучшего и творческих успехов!

31.10.2015 г.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Аңсар Мұхасанов пен Жабал Ерғалиевтың қолтаңбасы

Біз сәтін салып Астанада келіп, көне Сарайшық қаласының тарихымен танысып, қуанып тұрмыз. Қазақтың бай тарихы мен бар тарихын Сарайшық арқылы таныту қажет. Бұл орайда Елбасымыз түгел тарихты түгендеу жөніндегі тапсырманы орындау баршамыздың міндетіміз. Елге, халыққа, мұражай ұжымына сәттілік тілейміз.

26.03.2016 жыл

Қазақстан Журналистер одағының мүшелері Қарим Бақриденов, Ораз Исмайловтың қолтаңбалары

Сарайшық жеріне неше келсем де тебіреніп, тарих шежіресінен тұшымды әңгімелер естіп, татымды сырларға қанығамын. Не бір тарих тәлкегіне ұшыраса да тарих өзгеруге тиіс емес, соны саф алтындай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген өлкеміздің асыл ұлдары жасай берсін. Иманғалидай ұрпақтың бастамасы осыдан кейінгі жастарымызға тәлім-тәрбие, үлгі болып, ел рухын көтеретіндей, тарих шежіресімен сусындап, бойын тіктеп, ойын діттеп, айтарын саралап сөз саптайтындай жетілген ұрпақ болып өсіп-өне берсе

деген тілектемін. Алтын Сарайдың ішін біліммен де, ғылыммен де шырайландырып, өнеге өсиетіңізбен де, шежіре сырларыңызбен де елді нұрландырып, санасын гүлдендіріп, жаттаған өлең-жырларыңызбен де санаға жарық сәуле шашудан еш шаршамай аман-сау жүріңіз!

Өз аға Молдаш Бердімұратұлы, Жеті Ханның аруағы қолдап, ел аман, жұрт тыныш, халқымыз тоқ, аспанымыз ашық, ұрпағымыз алаңсыз өсіп, ынтымақты татутәтті болып, шат-шадыман заман болса екен, басымыз аман болса екен деген тілекпен.

26.03.2016 жыл

*Филология ғылымдарының докторы, профессор
Б. Момынова, Ғ. Әнес, Ә. Меңдеке, Б. Үсенбаев, Р. Жұмагазинаның қолтаңбасы*

Ноғайлылар мен қазақтар көршілес болып, көшіп-қонған кездегі, Ұлы Жібек жолының тірі көзі, қазақтың қағаз емес, жер бедеріндегі жазба тарихы Сарайшықты көздің қарашығындай сақтай беру керек. Өздерін Алтын Орданың иесі, тірі мұрагері етіп алған татарлардың ғалымдары ғана емес, дүниежүзінің аймақты саяхатшылары тамсана жазатын, қайран Сарайшықтың шырақшысына мың алғыс!

07.05.2016 жыл

Атырау облысы әкімі Нұрлан Ногаевтың қолтаңбасы

Өткенсіз болашақ жоқ... Тарихта болған оқиғалардың жақсы жақтарын асыра отырып, келтелеп қалған тұстарын ескере отырып, бүгін Еліміздің болашағына оң әсер ететін шешімдер қабылдау ләзім. Музей қызметкерлерінің, Молдаш ағайдың атқарып жүрген қызметтері өскелең ұрпаққа, баршамызға өнеге. Ойлаған

ойларыңыз орындалғай! Орталарыңыз толып, Елінің өткенін ескеріп, жарқын болашаққа, Отанына қызмет ететін Азаматтар көбейсін!

16 шілде 2016 жыл

Төлеген мен Қыз Жібек – Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешованың қолтаңбасы

Мұражай ұжымына үлкен алғысымызды айтамыз. И.Н. Тасмағамбетовке мың алғыс! Жастар тарихын жете білгені жөн! Сарайшық тарихына бай мекен! Аман жүріңіздер! Қуаныштымыз!!!

10.09.2016 жыл

ҚР ҰҒА академигі Болат Көмековтың қолтаңбасы

Дала өркениетінің құндылығына байланысты Қазақ елінің жеріндегі талай қалалар мен қоныстар ғасырлар бойы дамып өсіп жатқан. Соның бірі, бірегейі қасиетті Сарайшық қаласы киелі жерінде Қасым хан жерленген, сондықтан біздің тарихымызда, руханиятымызда Сарайшықтың орны ерекше, мәртебе тұтатын Қазақ хандығымыздың кезіндегі астанасы. Сарайшыққа мемлекетіміз көңіл бөліп, қаражатын бөлуі абзал. Сарайшық іспеттес киелі орталықтарымыздың арқасында елдігіміз қадамын жаяды, мәңгі жасайды.

12. 10. 2016 жыл

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының қолтаңбасы

Аты дүниежүзіне мәшһүр Сарайшық қаласының қайта құлпырып, Қазақ Елінің мәртебесін одан әрі биіктетер уақытына куә болып, бүкіл Ел қуанышын көз көру бәрімізге жазсын.

Ерекше ілтипат Молдаш ағамызға білдіре отырып, Сарайшықтың тарихын сақтай отырып, әрі дамуына тілектеспіз.

23.02.2017 жыл

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Пернебай Дүйсенбиннің қолтаңбасы

Мен Жамбыл облысының Жаңатас қаласынан келдім. Сарайшық мемориалдық мұражайымен танысудан үлкен әсер алдым. Әсіресе мұражай экспонаттарының байлығына, олардың орналасу ретіне үлкен қызығушылық таныттым. Үлкен ұстаз, үлкен жүректі азамат, тарих пәнінің мұғалімі Мұстажап Намазғалиевтің ізденгіштігі, алғырлығы, туған өлке тарихына сүйіспеншілігі нәтижесінде осы республикалық мәні бар мұражайдың ашылуына түрткі болған, қозғау салған азаматтығына басымды иемін. Иманды болсын, пейіште нұры шалқынсын! Мұражай экспонаттары үлкен талғаммен жинақталған. Мұражайдың ақсақалы, осы тарихи орынның шырақшысы Молдаш Бердімұратов ақсақалға тағылымды, тартымды әңгімесі үшін, Жанар қызымның байымды да пайымды әңгімелеп, әр экспонаттың қыр-сырын, тарихын айтып бере салған шеберліктеріне тәнтімін.

Қазақ рухының, әдебиеті мен өнерінің ұлы жоқтаушысы, жанкүйері Иманғалидың ерен бітімді зерделі тірліктеріне басымды иемін. Сонау 1999 жылы төрт айда ұлы Сарайшықты аяғынан тік тұрғызып, елдің игілігіне айналдырған қызметіне халық алғысы шексіз. Осынау Сарайшық топырағына мәңгі қоныс тапқан ұлы ханымыз Қасымның салған қасқа жолы бәрімізге нұр шапағатшы болсын! Сарайшық тарихы қазақ тарихының ажырамас ұлы бөлшегі болып, рухымызды асқақта та беруге қызмет ете берсін.

17.03.2017 жыл



Ф.ғ.д., профессор Күлишат Медеуова, т.ғ.д., профессор Арайлым Мұсағалиева, ф.ғ.к., доцент Ұлболсын Сандыбаева, т.ғ.к., доцент Роза Мұсабекованың қолтаңбалары

Біз, Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары арнайы Сарайшық қаласын көру үшін келдік.

Сарайшық қаласының тарихи құндылығы қазақ тарихы үшін өте маңызды. Осы жерде біз үлкен әсер алдық. Музейдегі жәдігерлердің түпнұсқалығы ерекше екен. Біз тарихшы ретінде тарихтың бір бетімен танысқанымға қуаныштымын. Музей қызметкерлерінің тарихты ерекше бейнелеп айтуы жергілікті тұрғындардың өз тарихына деген құрметін аңғартады.

19.03.2017 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Асқар Жұмаділдаевтың, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Темірғалиевтің қолтаңбасы

Әр түрлі елдер өз тарихын мақтаныш етіп көрсетеді, бұл мұражай қазақты биікте көрсететін жер екен! Басқа елдерден асып түспесе, ешқандай кем емес!

Әрине, әр жақсы істің бастауы болады, сондай азамат Молдаш Бердімұратов болып табылады. Рахмет!

07.04.2017 жыл

Ақжайық ауданының әкімі Әділ Жоламановтың қолтаңбасы

Біз, Батыс Қазақстан облысы, Ақ Жайық ауданынан арнайы осы Сарайшыққа келдік. Тарихтағы алатын орны ерекше, Қазақ хандығының ордасы болған атақты

Сарайшық қаласы туралы көптеген мағұлымат алдық. Ұлы тарихты келешек ұрпаққа жеткізуге орасан зор еңбек сіңіріп жатырған мұражай ұжымына, оның басшысы Молдаш ағамызға болашақта шығармашылық табысқа жетуде, сонымен қатар зор денсаулық тілеймін.

17.06.2017 жыл

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының (ҚМДБ) төрағасы, бас мұфти Серікбай Ораздың қолтаңбасы

Сарайшық мұражайына, Молдаш ағама! Қызметкерлеріне, атсалысқан азаматтарға тұнып тұрған тарихымызды қайта жаңғырту мен ұрпаққа жеткізу жолындағы істеріңізге Алла Тағала жар болсын! Өркениет үдерісіне өзіндік үлесі мен кейінгі қалың мұрагер қазақ елі үшін Сарайшық естеліктері аса маңызды.

13.04.2018 жыл

Қазақстанның Халық әртісі Құман Тастанбеков және ҚР Еңбек сіңірген әртісі Меруерт Өтекешеваның қолтаңбасы

Сарайшық мұражайының қызметкерлеріне, халық игілігінде жасап жатқан қызметтері үшін мың да бір алғыс білдіреміз. Молдаш ағамызға мықты денсаулық тілейміз. Кең пейілдеріңіз бен дархан көңілдеріңіз үшін ризамыз.

«Қыз Жібек пен Төлеген». 29.07.2017 жыл

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице министрі, композитор Ақтоты Райымқұлованың қолтаңбасы

Киелі Сарайшықтың тұрғындары!
Ағаларым, апаларым, қандастарым!

Ата-бабаларымыздың тарихын сақтап, тарих толқындарындағы бейнесін сақтай, ұрпақтарға жеткізетін өздеріңіз аман болыңыздар! Егеменді Еліміз Мәңгілік Ел болсын! Киелі Сарайшық жеріне, еліне тағзым етемін!

22.05.2017 жыл

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлының қолтаңбасы

Сарайшық мұражайына келгенде халқымыздың көне тарихи құндылықтарының көзі болған Сарайшықтың қасиетті құндылықтары Еліміздің еңсесін көтеруде аталар аманатынан қалған. Мәдениетіміздің, дәстүріміздің сарқылмас бұлағы болып санамыздың жаңғыртуына, рухымыздың ұлттық дәрежесінің биіктерге жетелей беретінін дәлелі.

Мұражай қызметкерлері Молдаш мырза мен Жанар қызымызға алғысымызды білдіреміз.

22.11.2017 жыл

Қарақалпақстан Жазушылар ауқамының әдебиет мәсләқәтшиси Сейдин Әмирланниң қолтаңбасы

Сарайшық – Орайлық Азия халықлары ушын тарихы ортақ, ески қалалардың бири һәм бирегейи. Әсиресе, туби бир қазақ, қарақалпақ, ноғай халықлары ушын бул муқаддес орын.

Сарайшықтың тарихын тиклеп, музей салып, қала қарабаханасын қазыуда әмелге асырылып отырған жу-

мысларға бас-қас болып жүрген Молдаш аға баслап бәрше маманларға, жас қәнигелерге миннетдаршылығымыз шексіз. Бул бағдардағы нигиликли иелериңыз жемисли болғай, деп тилеймиз.

S_ amirlan@mail.ru 23.11.2018 жыл

Халықаралық академияның докторы, Қарақалпақстан Республикасына еңбегі сіңген экономист, тарихшы-шежіреші Даниярхажы Беласаровтың қолтаңбасы

Ұлы қазақ халқының ауыз бірлігін сақтауда және біріктіруде өткен өмірде және келешек қазақ елінің ұрпағына, киелі, қасиетті орын Сарайшықтың тарихтағы үлесі, ұлағаты үлкен болмақ. Себебі Сарайшық біздің тарихтың тарихы, біздің ұлы қазақтың жері. Осы тарихты жас ұрпақ біліп үйренуге тиіс, келешек ұрпақ үйренуі парыз. Қазақ ешбір халықтан, ұлттан кем еместігімізді бірде-бір қазақ әрбір сағым сәтте естен шығармауы керек деп түсінемін. Өзінің тарихын білмеген елдің келешегі болмайды, соны жақсы ұғуымыз және де тарихымызды білуіміз, жазуымыз, бүгінгі ұрпаққа, келешек ұрпаққа үйретуіміз жеткізуіміз керек!

Сарайшық мұражайын қазіргі күнгі орнына салдырып, керемет қазақ архитектурасы үлгісінде жасап, қыруар еңбек сіңірген ағаларымыз, бауырларымыз, Иманғали Тасмағамбетовке және мұражай бастығы Молдаш аға Бердімұратовқа алғысымыз шексіз. Осы бауырларымызға денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Қазақтар үшін осындай көрегенді, елім, жұртым, қазағым деп жүрген қазақтардың көп болуын тілер едім жаратқаннан.

Осындай ұлағатты істерді жасау кім болса соның қолынан келетін жұмыс емес, оған үлкен қазағым, елім деген қазақи жүрек керек! Соның үшін Иманғали Тасмағамбетов қазақ елін басқаруға келешекте – деп пікір білдіремін және де ылайықты деп ойлаймын.

Молдаш ағамыздың хандар тарихын мазмұнды, терең, ақ жүрегі мен түсіндіруі, Молдаш ағамыздың нағыз қазақтың азаматы екендігін білдіреді. Молдаш аға! Еңбегіңізге көп-көп халық атынан рахмет. Алдымызда аман жүріңіз. Сіз қазаққа керексіз.

18 тамыз 2018 жыл

Дағыстан, Ногай район, шайхур Салимет Майлыбаеваның қолтаңбасы

Казах кардашларымызга Ногай шоьлден исси салам аькелдик. Ата-бабамыз яшаган, уллы оькимет болган ерде юрегимиз калай оьсип туры!

24.12.2018 г.

Қостанай қаласы, ҚМУ профессоры, жазушы Ақылбек Шаяхметтің қолтаңбасы

Киелі Сарайшыққа ат басын тіредік. Көп мағлұмат алдық. Ұрпаққа мирас болған жәдігерлер көңілді толқытты. Мұражай қызметкеріне мың алғыс.

Ата-баба әруағы қолдап-қорғап, желеп-жебеп жүрсін!

23.02.2019 жыл

Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың қолтаңбасы

«Өткендерін ескерген – өскендіктің белгісі,

Өткендерін ұмытқан – өшкендіктің белгісі» дейді халқымыз. Құдайға шүкір өсіп-өніп, жоғалғанымызды тауып, ұмытқанды жаңғыртып, ұрпағымызға үлгі ретінде көрсетіп жатырмыз. Болашақ, келешектің иесі жас ұрпақ өткенін білуі керек, біліп қана қоймай бүгінгі, ертеңгі күнге бабалар аманатын жеткізіп жалғастыр. Өмірлі болсын! Ата-баба құндылықтары, рухани ардақ мұралары жұғысты, сіңімді болсын деп тілеймін!

21. 06. 2019 жыл

Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасының төраға орынбасары Алау Әділбаевтың қолтаңбасы

Бүгін Алла Тағалам сәтін салып қазақтың киелі шаңырақтарының бірі Сарайшық қаласын көру нәсіп болды. Қазақтың тарихи санасын жаңғыртып, күш-қуат, жігер беретін тарихи жәдігерлермен таныстық. Алла Тағалам қазақтың шежірелі тарихын қайта жаңғыртатын ғылыми жұмыстарға сәтін салып, жемісті болуын нәсіп етсін.

Әумин.

25.06.2019 жыл

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы тұрғындары Мухтарова Қаламқас Қапизқызы, Рахимов Қабибулла, Рахимова Ақтілектің қолтаңбасы

Қасиетті Сарайшық мекеніне Ақтау қаласынан келдік. Көптен армандап жүретінмін, киелі өңірді көрсем, Хан ордасы туралы тарихи мәліметтерді білсем деп. Өте қуаныштымын. Өзімде тарих пәні мұғалімі болғандықтан көп мағлұматтарға қызыға қарап, тыңдадым. Тарихқа тұнған әуезді сырлы әңгімелері үшін қызметкерлерге үлкен рахмет. Тарих жалғасын таба берсін, болашақтағы атқаратын жоспарларыңыз игі істерізге сәттілік тілейміз.

08.07.2019 жыл

1980 жылғы Орал педагогикалық институтының түлектері Құспанова Баян, Сисенова Күланда (Батыс Қазақстан облысы), Садақбаева Рзахан, Аманжолова Тамара (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы), Мұхтарова Сандуғаш, Аймұқанов Бекежан (Атырау облысы) қолтаңбасы

Біз көне Сарайшық қаласына Ақтау қаласынан, Батыс Қазақстан облысынан келдік. Тарихтан сыр шертетін

«Хан ордалы Сарайшықты» көріп үлкен әсер алдық. Көп тарихи мәліметтер алдық. Музей қызметкерлері өте үлкен мағлұматтар берді. Ұлы Жібек жолымен, көне Сарайшықтың көрінісімен танысып, қазақ даласында осындай керемет қала болғанын білдік. Болашағының зор екеніне күә болдық. Сәттілік тілейміз. Музей директоры Мұқтаров Әбілсейітке, гид Назеркеге алғысымыз шексіз.

19.07.2019 жыл

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ



САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ ТАРИХЫ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

№1

Главе Атырауской областной администрации
тов. Тугельбаеву С.К.

Сарайчиковский краеведческий музей функционирует на общественных началах с 1963 года. Его коллекцию составляют 1800 предметов археологии, этнографии и нумизматики, представляющие исторические ценности. Одной из главных задач музея является обеспечение сохранности городища Сарайчик – памятника археологии XI-XIII вв., определенного Постановлением Совета Министров Казахстана, в республиканскую категорию охраны.

Сарайчик являлся крупнейшим городским центром средневековья на территории Западного Казахстана, одним из городов Золотой Орды. Здесь пролегал кратчайший торговый путь из Европы в Азию. Богатая культура города и его населения, а также удобное географическое расположение на важном торговом пути

привлекало к себе внимание завоевателей. В 1396 году Сарайчик был разрушен войсками Тимура. Позднее он полностью отстроился и являлся политическим центром Ногайской Орды.

В 1580 году казаки, селившиеся по берегам реки Урал и Волга, окончательно разгромили и разрушили городок.

В середине XIX века в Сарайчике проводились разведочные раскопки. Начиная с 30-х годов нашего столетия в городище неоднократно проводились археологические раскопки научно-исследовательскими экспедициями АН СССР и АН КазССР. В результате раскопок обнаружены интереснейшие находки золотоординского времени: остатки мазара, жилые дома, кирпиче-обжигательная печь, большая коллекция монет, керамики; изделия из бронзы, железа, стекла и другие.

Большая часть находок хранятся в музее Института истории архелогии и этнографии им. Ч.Валиханова АН Республики Казахстан, Центральном Госмузее Республики Казахстан, Атырауском областном и Сарайчиковском общественном музеях. С нашей точки зрения, такая «разобщенность» коллекции не может способствовать всестороннему и полному отражению яркой культуры средневековья где-либо, помимо месторасположения самого городища. Все же, памятник действеннее там, где он был создан.

В настоящее время состояние памятника требует оперативных мер по охране и сохранности городища. Большая часть уже разрушена разливом реки, культурный слой сильно нарушается случайными посетителями. Фактически уникальный памятник бесхозен, нет учета вывозимых экспедициями находок за пределы области. До сегодняшнего дня крупнейший памятник

казахстанской археологии остается до конца неисследованным, в связи с чем, начиная с 1990 года, совместно с АН Республики Казахстан намечены конкретные мероприятия.

Надо отметить, что специально выделенных финансовых средств для Сарайчиковского музея не имеется. Единственный работник – старший научный сотрудник – содержится за счет штатной единицы отдела областного историко-краеведческого музея. Исходя из вышеизложенного, областное управление культуры просит Вас выделить дополнительно штат одного научного сотрудника для Сарайчиковского краеведческого музея.

Начальник областного управления культуры *К.Танкиев*

АОМА. 376 қ., 1 т., 4 іс, 40-42 п.

№2
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ
АДМИНИСТРАЦИЯ
Р Е Ш Е Н И Е

№199

от 10 июля 1992 г.

**«О создании сектора археологии областного
историко-краеведческого музея
в с. Сарайчик Махамбетского района»**

В целях дальнейшего изучения и охраны уникального памятника средневековья, крупнейшего золотоордынского городища Сарайчик, глава областной администрации РЕШИЛ:

1. Создать сектор археологии областного историко-краеведческого музея в с. Сарайчик Махамбетского района.

2. Финансирование сектора производить в пределах сметы расходов областного музея.

3. Областному управлению культуры (т. Танкиев К.), областному управлению финансов (т. Шанкиеву А.), областному историко-краеведческому музею (т. Нурмухамбетов А.) определить структуру, штаты, фонд оплаты труда, обеспечить функционирование сектора.

4. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя областной администрации т. Бисенова А.Б.

И.О. главы областной администрации Р.Чердабаев

АОМА. 376 қ., 1 т., 4 іс, 38 п.

№3

**Атырау облысының Әкімі
Шырдабаев Р.Т мырзаға
Облыстық тарихи-өлкетану
музейінің директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қызметкері
Жұмалиев Қуанғалидан**

Жұмыс бабындағы арнаулы хат

Құрметті Равиль Тәжіғараұлы, облыс орталығындағы өлкеміздің тарихымен этнографиясын, флорасы мен фаунасын жинап, зерттеп, сақтап, халыққа насихаттап, келесі ұрпаққа шашау шығармай жеткізу үшін жұмыстанып отырған тарихи-өлкетану музейінің тағдыры алаңдаушылық туғызып отыр. Өткен жылы жылу қазанында авария болуына байланысты ішкі жылу және өртке қарсы су құбырларының жүйелері толықтай істен шықты. Қаржының жоқтығынан күні бүгінге дейін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ.

Жыл басында музейді қазіргі милиция мектебі тұрған ғимаратқа көшіру мәселесі қойылды. Біз бұл ғимаратты мұқият тексеріп, күрделі жөндеу жұмыстарының жобалық сметасын мамандарға жасатқанымызда 5 млн. теңгеден астам қаржы керек болатын болды. Ал, музейді көшіріп, қайта жасап шығу үшін 13 млн. теңгеге жуық қаржы керектігін ескерсек, бұл экономикалық жағынан аса тиімсіз қымбатқа шығады.

Жобалық-сметалық жоспар бойынша қазіргі музей үйі ғимаратының тек қана жылу жүйесін күрделі жөндеуден өткізу үшін 6,2 млн. теңге қаржы керек. Оның үстіне 60-шы жылдары эксплуатациядан түсірілген, қа-

зир авариялық күйдегі жылу қазанын ауыстыру қажеттігін және оның құлау қаупінде тұрған үйін бұзып, қайта салуға қажетті қаражат мөлшерін есептейтін болсақ, шығын мөлшері үш есе өседі.

Мұның сыртында музейге келетін қалалық су құбыры, оның ғимаратқа тартылған бөлігі бұдан 30 жыл бұрын салынған, қазір шіріп біткен, толықтай ауыстыруды қажет ететінін ескерсек, музейдің қазіргі ғимаратын қалыпты күйде ұстау үшін жыл сайын күрделі қаржы жұмсау қажет болады. Бұл экономикалық жағынан өте тиімсіз. Сондықтан төменгідей ұсыныс енгізіп, өтініш жасаймын:

1. Музейді жергілікті халық және шетелдік қонақтар келе алатындай қалалық транспорттар тоғысқан орталық алаңға көшіру.

2. Музейге лайық қаладағы бірден-бір ғимарат – «Ғалымдар үйі». Осы ғимаратты өлкеміздің тарихын сақтап отырған музейге беру.

Мұның мынадай тиімді жақтары бар:

1. Музей үйін жөндеу үшін біраз жылға дейін күрделі қаржы жұмсау қажет болмайды.

2. Қазіргі музей үйінің жылу жүйесін күрделі жөндеуден өткізуге қажетті қаражат, көшкен жағдайда, музей экспозициясын қайта жасауға пайдаланылады.

3. Аса құнды музей экспонаттары пайдасыз болудан сақталады.

4. Халық музейге келетін болады. Музей халыққа қызмет көрсететін ғылыми және рухани орталыққа айналады.

5. Біз музейге сирек келетін шетелдіктерді көптеп тартатын боламыз. Олармен контрактыға отырып, ақылы қызмет арқылы қаржы табатын боламыз. Музейдің

қазіргі жағдайында бізге келген шетелдіктер музей үйінің тұрған орнының қолайсыздығын, қыс кезінде суықтықтан жабық тұратындығына реніш білдіріп, бізді талай ұялтып жүр. Сіз бен біз осы ұяттан құтыламыз.

Сіз осы мәселелерді парасаттылықпен шешеді деген үмітпен осы хатты жолдап отырмын.

Аса жоғары ілтипатпен және сезіммен

Сізді құрметтеуші Қ.Жұмалиев

5 шілде 1996 ж.

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№4

Қазақстан Республикасы
Атырау облысы
Әкімінің
ШЕШІМІ

Республика Казахстан
РЕШЕНИЕ
Акіма Атырауской области

«9» декабря 1997 ж. №547

Атырау қаласы

г. Атырау

О создании фонда «Сарайчик – древний город Казахстана»

В целях создания на базе Сарайчиковского городища Государственного историко-культурного заповедника «Памятники истории культуры Северо – Восточного Прикаспия» РЕШИЛ:

1. Создать фонд «Сарайчик – древний город Казахстана» и утвердить Совет по его руководству (приложение № 1).

2. Исполнительным директором фонда назначить Жумалиева К. – директора областного историко-краеведческого музея.

3. Поручить Жумалиеву К. – исполнителю директору фонда в 10-ти дневный срок внести предложения по Уставу фонда, штатному расписанию и плану мероприятий.

4. Заместителю акима области, председателю Совета фонда (Нуршаев Е.Н.), начальнику областного управления культуры, члену Совета фонда (Мухамбетов С.К.) решить вопросы, связанные с материально-технической базой фонда и определить место дислокации с необходимыми средствами и условиями для его нормальной деятельности.

5. Правлению «Туран-Алем банка» (Курмангалиев К.) открыть самостоятельные расчетный и текущий счета фонда.

6. Областному финансовому управлению (Шанкиев А.К.) предусмотреть в проекте областного бюджета 1998 года средства за счет резервного фонда акима области на строительство музея государственного историко-культурного заповедника и ограждения Сарайчиковского городища.

7. Атыраускому казенному предприятию «Автодор» (Липатов П.Д.) обеспечить ремонт подъездной дороги соединяющей Мемориальный комплекс государственного историко-культурного заповедника и Сарайчиковское городище.

8. Фонду «Сарайчик – древний город Казахстана» (Жумалиев К.) ходатайствовать перед Министерством финансов РК о выделении средств на строительство мемориального комплекса государственного историко-культурного заповедника и средств для берего-укрепительных работ р. Урал в районе села Сарайчик – Опытная станция.

9. Исполнительному директору фонда (Жумалиев К.) в 10-ти дневный срок представить полные финансовые расчеты, связанные с созданием историко-культурного заповедника на базе Сарайчиковского городища.

10. Контроль за выполнением данного решения возложить на заместителя акима области Нуршаева Е.Н.

Аким области Р.Чердабаев

Сарайшық музей-қорығы архивінен

СОСТАВ

Совета по руководству Фондом «Сарайчик – древний город Казахстана»

1. Тасмагамбетов И.Н. – заместитель Премьер-министра, Министр образования и культуры Республики Казахстан, Почетный Председатель Фонда (с его согласия)

2. Нуршаев Е. Н. – заместитель акима области, председатель Фонда

3. Мухамбетов С.К. – начальник областного управления культуры, член Совета Фонда

4. Жумалиев К. – директор областного историко-краеведческого музея, член Совета Фонда

5. Батырбаев М.Д. – президент АО «Эмбаунайгаз», член Совета Фонда

6. Кужағалиев А.У. – директор Атырауского филиала «Казахстанкаспийшельф», член Совета Фонда

7. Елеубаев У.Б. – аким Махамбетского района, член Совета Фонда.

Сарайшық музей-қорығы архивінен

УСТАВ
Атырауского областного фонда
«Сарайчик – древний город Казахстана»

I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Данный устав регламентирует деятельность юридического лица – некоммерческой организации, учрежденной в организационно-правовой форме общественного фонда, далее именуемого как «Фонд», полное наименование которого указано ниже.

2. Наименование фонда: Атырауский областной фонд «Сарайчик – древний город Казахстана».

3. Фонд основан Решением Акима области от _____ 1997 г и учредительным собранием его учредителей, добровольных взносах и создан путем объединения их усилий для комплексного исследования ранних и поздних истории, культуры Северо-Восточного Прикаспия.

4. Местонахождение фонда: город Атырау, ул.Айтекеби,14.

II. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

1. Фонд является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс и счет в кредитном учреждении, круглую печать со своим наименованием и другие реквизиты, выполняет возложенные обязанности и пользуется

правами, связанными с этой деятельностью, может от своего имени заключать договоры, приобретать имущественные и личные неимущественные права и вести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.

2. Фонд несет ответственность по своим обязательствам всеми своими средствами.

III. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФОНДА

1. Главной целью деятельности является:

– оказание материальной, финансовой помощи ветеранам, инвалидам, сиротам, пенсионерам ликвидированных в бюджетных организации, семьям погибших участников Великой Отечественной войны и приравненных к ним, а также пенсионерам, прибывшим из районов и других областей, беженцем.

2. Участие в разработке, финансировании и реализации целевых программ в области социальной защиты граждан.

– Создание при фонде промышленные и сельскохозяйственные предприятия, организации, кооперативы, хозрасчетные, посреднические, акционерные и другие.

III. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФОНДА

1. Главной целью деятельности является:

– комплексное исследование памятников савромато-сармато-массагетского этнокультурного массива и более ранних и поздних культур Северо-Восточного Прикаспия в контексте выявления механизмов и специфики развития хозяйственно-культурных типов на протяженный последних 4-х тысячелетий и их адаптации к природно-экологическим нищам;

– генезиса и эволюция древних культур и т.д.

2. Охрана и сохранение Сарайчика – древнего города Казахстана.

– продолжать археологические раскопки

– изучение и исследование динамики развития торгово-экономических и культурных связей Золотой Орды с центрами средневековых цивилизации Востока и Запада и определение роли Сарайчика в системе евразийских культурных ценностей, изучение особенностей домостроительства, системы жизнеобеспечения в городских центрах империи и других проблем с полным вскрытием всю территорию, занимаемую этим комплексом.

1. На базе Сарайчиковского городища создать Государственный историко-культурный заповедник «Памятники истории и культуры Северо-Восточного Прикаспия».

2. Участие в разработке, финансировании и реализации целевых программ в области исследования, охраны, защиты, пропаганды памятников истории и культуры в Северо-Восточном Прикаспии.

– Создание при фонде промышленные и сельскохозяйственные предприятия, организации, кооперативы, хозрасчетные, посреднические, акционерные и другие цехи.

– Определение в установленном порядке цены на товары и услуги подведомственных ему предприятий, учреждений и организации, обеспечивая широкую информацию об использовании полученных средств.

IV. УЧРЕДИТЕЛИ ФОНДА

1. Акимат Атырауской области

2. Атырауское областное отделение «Казахстанкаспийшельф»

3. АО «Эмбамунайгаз»

4. Обласной комитет экологии и биоресурсов
5. Обласной комитет по чрезвычайным ситуациям
6. «Гурал»
7. Нефтегазовое управление «Жайкнефть»
8. А,О, «Первомайский»
9. АНАКО
10. Товарно-фондовая биржа «Тенгиз»
11. Атырауское казенное предприятие «Автодор»
12. Областное управление культуры
13. АО АНПЗ
14. Чердабаев
15. АО «Атыраубалык»

2. Учредителями фонда могут быть граждане и юридические лица, признающие уставные цели фонда и имеющие возможность внести определенный вклад в развитие деятельности фонда.

V. ИМУЩЕСТВО И СРЕДСТВА ФОНДА

1. Имущество фонда составляют финансовые ресурсы, находящиеся на балансе.
2. Источниками и имущества фонда является:
 - вступительные и иные взносы учредителей;
 - безвозмездные и благотворительные взносы;
 - доходы от разрешенной деятельности;
 - иные поступления.
3. Взносы учредителей, а также прибыль принадлежат фонду на основе права собственности.
4. За счёт взносов учредителей и полученной прибыли создается фонд оплаты труда.
5. Учредитель не имеет имущественных прав на имущество фонда.
6. Денежные и материальные поступления фонда не могут быть распределены между учредителями и рас-

ходуются на цели, предусмотренные уставом по решению уполномоченных органов фонда.

VI. УПРАВЛЕНИЕ

Управление делами фонда обеспечивается:

1. Общим собранием учредителей.
2. Советом фонда.
3. Ревизионной комиссией.

I. Общее собрание.

1. Высшим органом управления фонда является общее собрание его учредителей. Могут быть созваны очередные и внеочередные собрания. С учетом положения данного устава и действующего законодательства Республики Казахстан, время и место проведения собрания определяются президиумом.

2. Общее собрания созывается советом не позднее 3-х месяцев со времени окончания финансового года. Решение о созыве собрания по требованию учредителей (20 процент) должно быть принято в течении 20 дней со дня подачи требования.

3. Учредители могут участвовать в собрании лично или через представителя.

4. Общее собрания правомочно принимать решение при наличии 3/4 общего количества учредителей.

5. К исключительной компетенции общего собрания относится:

- изменение устава и их размеров;
- определение основных направлений деятельности фонда;
- образование исполнительных органов фонда, избрание их руководителей и отзыв;
- утверждение годовых отчетов;
- избрание ревизионной комиссии фонда;
- о внесении дополнительных взносов;

– ликвидация и реорганизация деятельности фонда.

6. Решения собрания считается принятым, если достигнуто единогласное или большинство голосов по всем рассматриваемым вопросам.

VII. СОВЕТ ФОНДА

1. Текущее руководство деятельностью фонда обеспечивается советом фонда, избираемым общим собранием учредителей на неопределенный срок и отчитывается ежегодно о результатах деятельности.

2. Совет решает все вопросы деятельности фонда за исключением тех, которые входят в компетенцию общего собрания.

3. Совет избирает председателя, исполнительного директора и секретаря фонда.

4. Председатель фонда на общественных началах осуществляет руководство со всеми действиями фонда.

5. Исполнительный директор фонда (штатный) вправе без доверенности, и пределах, предоставленных ему полномочий, осуществлять все действия от имени фонда, представлять его интересы, распоряжаться средствами, заключать договоры, в том числе трудовые, выдавать доверенности, открывать в банках расчетные и другие счета, издавать обязательные для исполнения приказы и выполнять другие действия.

РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ

1. Ревизионная комиссия осуществляет текущий и перспективный контроль за финансово-хозяйственной деятельностью фонда.

2. Ревизионная комиссия избирается общим собранием сроком на один год и состоит из трех членов, не являющимися членами президиума.

3. Ревизионная комиссия проводит ежегодные плановые ревизии и отчитывается перед общим собранием.

4. Ревизионная комиссия, в случае необходимости, имеет права требовать от президиума созыва внеочередного о Общего собрания.

5. Члены комиссии имеют право присутствовать на заседаниях президиума в качестве наблюдателя без права голоса.

VIII. ФИНАНСОВЫЙ ГОД И ОТЧЕТНОСТЬ

1. Финансовый год фонда устанавливается с 1 января по 31 декабря календарного дня.

2. Бухгалтерский отчетность и учет ведутся в порядке, установленном действующем законодательством.

IX. ТРУДОВЫЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ

1. Фонд в праве производит наем работников с заключением трудового соглашения.

2. Социальное и медицинское страхование работников осуществляется в порядке и условиях, установленных действующим законодательством Республики Казахстан.

3. Режим работы устанавливается решением общего собрания в соответствии с общепринятой практикой.

4. Характер и порядок взаимоотношений фонда с третьими лицами определяется в конкретных трудовых и хозяйственных соглашениях.

X. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ

1. Реорганизация фонда/слияние, присоединение, разделение, преобразование производится:

а) по решению высшего органа фонда;

б) по другим основаниям, предусмотренным законодательством.

2. Фонд считается реорганизованным в порядке, предусмотренном действующим законодательством.

3. Фонд может быть ликвидирован по любому основанию по решению органа фонда, уполномоченного на том Уставом, а также в случае предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан.

4. Орган принявший решение о ликвидации назначает ликвидационную комиссию и устанавливает ответственности Гражданским кодексом Республики Казахстан, порядок и сроки ликвидации.

5. Оставшийся средства фонда, по решению уполномоченного органа используется для целей, предусмотренных уставом.

Председатель совета фонда

Нуршаев Е.Н.

Исполнительный директор фонда

Жумалиев К.

Сарайшық музей қорығы архивінен

Атырау – өнер өлкесі

Осыдан 60 жыл бұрын Атырау өз алдына дербес облыс болып құрылғанда бұл өңірде қазіргі мұнайшылардың Мәдениет үйі мен қорында 5600 кітабы, 2-3 қызметкері бар округтік кітапханадан басқа бірде-бір мәдениет пен өнердің ошағы болған жоқ. Адамзат қоғамы дамуының тарихы үшін қас қағым уақытқа тең 60 жылдың ішінде Атырау облысының мәдениеті мен өнері қарыштап дамып, әлемдік сахналарда өнер көрсететіндей ұлттық драма театры, профессионал ұлт аспаптар оркестрі, тарихи өлкетану және өнер музейлері, филармониясы, 2 млн 402 мың кітап қоры бар кітапханалары, ондаған халықтық өнер ұжымдары, мәдениет пен өнердің білікті мамандарын даярлайтын жоғарғы және арнаулы оқу орындары, мәдениет сарайлары мен клубтары, алуан түрлі жанрлардан өнер көрсететін хореографиялық ұжымдары мен ансамбльдері, хор, балет үйірмелері, оларды ұйымдастыратын, басшылық жасайтын білікті мамандары, материалдық-техникалық базасы бар өнер өлкесіне айналды.

1940 жылы 221 мұрағатпен есігін ашқан облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында 40 мыңнан астам мұрағаты, 5 аудандық бөлімшесі, 3 аудандық музейі және өнер музейі, жылына 1000-ға жуық мұрағат жинап, 30 мыңдай көрермен қабылдап, БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның дәрежесінде аймақтық көрме өткізу дәрежесіне жеткен мәдениет ошағына айналып отыр.

Облыс мәдениеті мен өнерінің қарыштап дамуын мынадан көруге болады: облыс құрылғанда екі ғана мәдениет ошағы бар облыста тоқсаныншы жылдардың орта кезінде 356 қалалық және аудандық мәдениет үйі, 239

селолық клуб, 54 дербес автоклуб, 223 кітапханасы, оларда қызмет істейтін 827 маман, 116 хор үйірмесі, 91 хореографиялық ұжым, 76 қазақ ұлт аспаптар оркестрі, 13 халық театры, 140 вокальді-аспаптар ансамблі, 152 мәдени-үгіт бригадасы мен автоклубтары бар, оларға 18 мыңдай көркемөнерпаздар қатысатын мәдениет пен өнердің өлкесіне айналды.

Облыс өнерінің кара шаңырағы Махамбет Өтемісұлы атындағы драма театры, Дина Нұрпейісова атындағы ұлт аспаптар оркестрі – республикалық, кезінде Одақтық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпаздары.

Облыстық драма театры екі дүркін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен байрақталды.

Бұл екі өнер ұжымы 1994 жылы Египетте өткен дүниежүзі театрларының халықаралық, Түркияда өткен «Жерорта теңізі алауы» атты әлемдік фестивалінде жеңімпаз атанды.

«Жайық қызы» ән-би ансамблі кезінде Одақ көлемінен шығып, Шығыс Еуропа елдерінде өнер көрсетті.

Н. Жантурин атындағы облыстық филармонияның «Атырау-Жайық», «Нарын» фольклорлық ансамбльдері республикамыздың көптеген облыстары мен Қарақалпақ, Түрікменстан мемлекеттерінің көрермендерінің сүйікті өнер ұжымына айналды.

Облыс мәдениеті мен өнерінің қауымы соңғы жеті жылда халық аспаптарында орындаушылардың Құрманғазы атындағы республикалық конкурсын екі дүркін, тұңғыш рет Құрманғазы атындағы облыстық конкурсты, өнер шеберлері қыз-келіншектердің Дина Нұрпейісова атындағы республикалық тұңғыш конкурсты өткізіп, қазақ музыка өнерін дамытуға зор үлес қосты. Облысымызда үстіміздегі жылы өтетін Құрманғазы атындағы республикалық конкурс облыс мәдениетін тағы

бір биікке көтеретіндігі сөзсіз. Мұндай ірі-ірі республикалық дәрежедегі шаралардың өткізілуі облыс мәдениеті мен өнерінің деңгейінің жоғарылығын, тәжіребесінің молдығын көрсетеді.

Соңғы үш жылда өткізілген ұлы Абайдың 150 жылдығы, Жамбылдың 150 жылдығы, М.Әуезовтың 100 жылдығы рухани дәрежемізді көтеріп, өмірді өнерге айналдырудың тәжіребесінен өткізді.

Жыл сайын өткізіліп тұрған «Жас қанат», «Әнші балапан», «Жыл әні», биыл тұсауын кескен «Айналайын» сияқты байқаулар облысымыздың болашақ мәдениеті мен өнерінің майталмандарын тәрбиелеуге бағытталған, өнерді ұрпақтан ұрпаққа жалғастырудың дәстүрін сақтауға негізделген, тамыры тереңде жатқан көрегендік пен көсемдіктің болашағын ойластырған шаралар. Ертеңін ойлаған ел осылай болуға тиіс.

1998 жылдың Елбасы шыршасының Атырауда өтуі мәдениетіміз бен өнерімізді бір саты жоғарыға көтеріп кетті. Ел игілігіне сыңары жоқ мәдениеттің тамаша ғимараты тұрғызылып, пайдалануға берілді. Өнерпаз жас бүлдіршіндер мен шашасына шаң жұқпаған өнердің тарландары, тәжірибелі ұйымдастырушылары өнер сынынан тағы бір өтіп, есейіп қалды.

Үстіміздегі Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы, Атыраудың 60 жылдығы, Қазақстан мұнайының 100 жылдығы, ұлы композитор Құрманғазының 175 жылдығы өтетін мерекеге толы жылы мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуға бағытталған шаралардың ауқымы кең. Мұнай музейін жасау, тарихи-өлкетану музейін реконструкциялау және реэкпозициялау, Құрманғазы ескерткішін орнату, *Сарайшықта ашық аспан астында музей жасап, мәңгілік арка тұрғызу жұмыстары* тарихымызды таразылап, мәдениетіміз бен өнерімізді тағы бір сатыға көтеріп тастайтындығына сенім мол.

Облыстық тарихи-өлкетану
Музейінің директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Қ. Жұма-
лиев

Атырау облысының құрылғанына 60 жыл толуына арнап өткізілген ғылыми-практикалық конференцияда облыс мәдениет басқармасының атынан 1998 жылы 30 қаңтарда сөйлеген сөз.

Сарайшық музей-қорығы архивінен

**Перспективный план
работы фонда «Сарайчик – древний
город Казахстана» на 1998-2002 годы**

1. Строительство ограждений в зоне раскопки городища Сарайчик; срок 1998 год.
2. Консервация археологических памятников этого городища, строительство стеклянных колпаков, продолжение археологической работы; срок 1998-2002 годы.
3. Реставрация и музеефикация наиболее значимых объектов древнего Сарайчика; срок 1998-2002 годы.
4. Создание собственного музея фонда под открытым небом в древнем городе Сарайчик и археологического музея Западного региона Казахстана; срок 1998-2002 годы.
5. Строительство и создание туристической инфраструктуры: кемпинг, станции, гостиницы, лавки сувениров, спортивно-оздоровительных станций, пляжа, кафе, жилого дома для работников и т.д.; срок 1998-2002 годы.
6. Строительство триумфальной арки, смотровых площадок, автостоянки и обустройство всей территории; срок 1998-2002 годы.
7. Строительство и создание мастерских по изготовлению сувениров; срок 1998-2002 годы.
8. Строительство и создание фото-, видеолaborатории, лаборатории по научной реставрации археологических экспонатов, столярной мастерской; срок 1998-2002 годы.
9. Приобретение мини типографий, компьютерной системы и множительных аппаратур; срок 1998-2002 годы.

10. Приобретение аудио-, видеосистемы и средства связи (оргтехника); срок 1998-2002 годы.

11. Приобретение станков, материалов, инструментов; срок 1998-2002 годы.

12. Приобретение спортивных оборудований по основным видам (шахматы, шашки, бадминтон, бейсбол, футбол, по гимнастике, баскетбол, бильярд, спортивный тир, виды спортивных лодок, катамаранов, инструменты спортивной рыбной ловли и т.д.); срок 1998-2002 годы.

13. Приобретение музейно-канцелярского оборудования и материалов; срок 1998-2002 годы.

14. Приобретение автотранспорта для хозяйственной, организационной работы: а) автобус – 1 единица, б) грузовая машина – 1 единица, в) легковая машина «Джип» – 1 единица; срок 1998-2002 годы.

15. Создание научной библиотеки, фото- и видеотеки; срок 1998-2002 годы.

16. Проведение археологической раскопки и научно-исследовательской работы (по особому плану); срок 1998-2013 годы.

17. Издательская деятельность по итогам научно-исследовательской работы и по истории края; срок 1998-2002 годы.

18. Проведение научно-практической конференции по проблемам древней и средневековой истории края, традиционной культуры современного населения региона (этнологическая конференция); срок 1998-1999 годы.

19. Идентификация, определение культурно-хронологической атрибуции памятников региона; срок 1998-2002 годы.

20. Определение границ и составление реестра памятников истории и культуры историко-культурного заповедника; срок 1998-2002 годы.

21. Научная связь с научно-исследовательскими институтами и учреждениями МН-АН Республики Казахстан и Российской Федерации Узбекистана, Туркменистана, Таджикистана, Киргизстана, Китая, Азербайджана, Армении, Грузии, Турции, Ирана, Египта, Украины, Болгарии, Румынии и др. государств; срок 1998-2002 годы.

22. Комплексно-строительная работа по изменению русла реки Урала и по направлению течения реки по ее рукаву речки Сорочинко; срок 1998-2002 годы.

23. Строительство двух мостов по речке Сорочинко и открыть дамбы-перекрытия по этой речке; срок 1998-2002 годы.

24. Строительство и ремонт асфальтированной дороги от автомобильной трассы Уральск-Атырау до старого городища Сарайчика; срок 1998-2002 годы.

25. На базе фонда «Сарайчик – древний город Казахстана» создать историко-археологический и культурный заповедник «Золотая Орда»; срок 1998-2000 годы.

26. На основе тендерной комиссии определить проектировщиков, общую сумму строительства комплекса, сооружений и строителей; срок 1998 год.

27. Ходатайствовать перед Министерством образования, культуры и здравоохранения, Министерством финансов Республики Казахстан о выделении средств на строительство мемориального комплекса государственного историко-культурного Заповедника и средств для изменения русла реки Урал к ее рукаву Сорочинко.

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№9
«САРАЙШЫҚ» кешені
құрылысын бүкіл халық құрылысы деп
жариялау туралы

Тарихи-археологиялық «Сарайшық» қорығын құру қажеттілігі еліміздің өткен тарихын жаңғырту және зор маңызы бар ескерткіштің болашақ тағдырына үлкен қамқорлық қажеттілігінен туындап отыр. Ескерткіштің антропогендік және табиғи факторлардың әсерінен күн санап бұзылуына қарсы шаралар қабылдау және оның орналасқан жерін «бірегей тарихи-археологиялық аймақ» ретінде белгілеу арқылы ғана Сарайшықты мүлде жоғалып кетуден, сондай-ақ халықтың ғажайып тарихи естелігінің таусылмас қазынасын сақтап қалуға болады.

Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Заңын орындауда, жалпыұлттық маңызы бар тарихи-археологиялық ескерткіші болып табылатын «Сарайшық» мемориалдық кешенін құру мақсатында ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысы бүкіл халық құрылысы деп жариялансын.

2. Облыстық мәдениет және туризм басқармасы (К.Қосыбаев)

1) мәдениетті қолдау ұлттық қорының Атырау облыстық бөлімшесінің есебіне азаматтар мен кәсіпорындардан құрылысқа ерікті жәрдем жинау жұмысын ұйымдастырсын және бұқаралық ақпарат құралдарында мемориалдық кешен құрылысына арналған материалдарды жарияласын.

3. Құрылыс, сәулет және тұрғын үй саясаты басқармасы (И.Әміров)

1) мемориалдық кешен эскизін бекітуге ұсынсын;

2) орын белгілеп, мемориалдық кешен құрылысына жер бөлу және құрылыс жұмыстарына қажетті жобасметалық құжаттарын жасақтасын;

3) 1999 жылғы 1 қыркүйегіне дейін бітіру мерзімімен мемориалдық кешен құрылысын сақтау бойынша құрылыс жұмыстарының кестесін жасақтап бекітсін.

4. Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшылары кешен құрылысының жұмыстарын орындау үшін қаржылық және материалдық көмек көрсетсін.

5. Осы шешімнің орындалысын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Н.Мақашевқа жүктелсін.

Облыс Әкімі

И.Тасмағамбетов

Атырау, 1999, 27 сәуір, №47

№10
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАХАМБЕТ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМ
МАХАМБЕТСКОГО РАЙОНА

Махамбет селосы
№239
8.04.1999 ж.

Облыс әкімі орынбасары
Т.К.Мурсалиева ханымға

Аудан көлемінде орналасқан Сарайшық селосы Қазақ мемлекеті астаналарының бірі. Бұл қала туралы деректер сонау XIV ғасырда Ибн Батутаның, ағылшын көпесі Джениксонның, орыс ғалымы Бартольдтың жазбаларынан кездесетіні өзіңізге аян.

Көне орында 1950 жылдары академик Ә.Марғұлан да қазба жұмыстарын жүргізген. Соңғы кездері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғалымдары қазба жұмыстарымен айналысуда.

Ілгеріде көне астана орнын ұлттық мұра ретінде сақтау, кейінгі толқындар игілігіне жарату үшін кейбір төмендегі шараларды атқару мүмкіндігі қаралса деген өтініш бар.

Бұл өтініш атқарылмақшы жұмыстар үшін ғалымдар ұсынысы және қаржы қажет болғандықтан аудан

мүмкіншілігінен жоғары болғандықтан сізге хабарланып отыр.

1. Ескі Сарайшық ауылы маңындағы қазба жұмыстары жүріп жатқан жердегі 600 (алты жүз) метрдей Жайық өзені жағасын бекіту. Бұлай болмаған жағдайда таяудағы 10 жыл ішінде қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан орын түгелдей су астында қалу қаупі бар.

2. Күні бүгінгі қазба жұмысы жүріп жатқан (керуен – сарай орны) учаскені ашық мұражай ретінде қалдыру үшін үстінен жабын (қалқан) жабу мәселесін ғылыми тұрғыдан шешу қажеттігі туындауда. Себебі, жылмажылғы қазған жер жаңбыр, қар әсерінен құлап зерттеушілерге, қиындық келтіріп көрермендерге ескі дүние ескерткіштерін тамашалауға мүмкіндік бермеуде.

3. Қазба орнын қоршап, жарықтандырып, трассадан бұрылатын алаңға мемориалды арка орнату мәселесіне көңіл бөлінсе

Аудан әкімі орынбасары

У.Төлегенов

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№11

Атырау облысы
Әкімінің орынбасары

Заместитель Акима
Атырауской области

08 апреля 1999 г.

Президенту АО «Атыраужолдары»
г-ну Нургалиеву К.

Уважаемый Кабдолрахим Сагинович!

Инициатива общественности Атырауской области поддержанное Президентом Республики Казахстан Назарбаевым Н.А. по строительству мемориального комплекса «Сарайчик» одобрено и поддержано всеми участниками совещания, проведенного 7 апреля 1999 г. в областном акимате.

Придавая огромное значение к строительству данного комплекса, который увековечит историю первой столицы казахского народа, аким области принял решение возводить мемориальный комплекс силами общественности, предприятий и организаций, объявив его «Всенародной стройкой».

Исходя из этого, мы просим Вас, уважаемый Кабдолрахим Сагинович, как руководителя, небезразлично относящегося к судьбе и истории народа, поддержать наше решение и во исполнение протокольного решения, выделить 100 м.3 песка.

С уважением,
Заместитель Акима области

Н.Махашев

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№12

**Атырау облыстық
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ТУРИЗМ
БАСҚАРМАСЫ**

**Атырауское областное
УПРАВЛЕНИЕ
КУЛЬТУРЫ И ТУРИЗМА**

**466400 Атырау қаласы
Балықшы поселкесі
Набережная**

**466400 город Атырау
пос. Балыкши**

**Лермонтова көшесі, 64а. Набережная Лермонтова,
64а**

Тел: 5-20-06.

Тел:5-20-06

Исх: № 01-и. 404
13.05.99 г.

**Махамбет ауданының әкімі
У.Б. Елеубаев мырзаға**

Сіздің хатта (№239. 8.04.99 ж.) баяндалған ұсыныстармен таныса келіп мынаны хабарлаймыз:

Атырау облысының басшылығы қазақ халқының ортағасырлық тарихындағы ерекше орны бар ұлы Сарайшық қаласының Отан тарихындағы орнын қалпына келтіру үшін бүгінгі еліміздегі экономикалық жағдайда, Сіз көтерген мәселелерге орай, ғылыми тұрғыдан бірден-бір дұрыс шешім – қаланың сақталған территориясында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу деп шешті. Осы мақсатта облыс 1996–1998 жылдары бюджеттен 6 млн тенге жұмсаса, биылғы 1999 жылы 7 млн тенге көлемінде қаржы бөлініп отыр. Сөйтіп бұрынғы 3 жылғы қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылған сақтаулы әртүрлі дәрежедегі құрылыс ғимараттарының

(керуен сарай, монша, мешіт, шеберхана және т.б.) басқа да материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми нақты документациясын жасауды қамтамасыз етті.

Қаланың қалған орнының жойылып кетуінің бірден-бір себепкері – Жайық өзенінің жағалауын бекіту де күн тәртібінде тұр. Өйткені бұл шара болашақта ашылмақ Сарайшық қорық-музейінің экспозициялық қорының негізін құрайтын архитектуралық, діни-монументальдық ескерткіштерді сақтаудың бірден-бір алғышарты болып есептеледі. Аталған мәселенің оң шешімін табу үшін үлкен көлемде қаржы қажеттілігін ескере отырып, оның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық әрі тарихи-танымдық тұрғыдан ғылыми тұжырымдалған жобасын жасау үшін үстіміздегі жылдың шілде айында облыстық мәдениет және туризм басқармасы қала орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Археология институтымен бірге облыстық ғылыми-шаруашылық мекемелерінің қатысуымен Атырау қаласында аймақтық ғылыми-практикалық конференция өткізуді жоспарлап отыр. Мемориалды арка орнату жұмыстары басталып жүріп жатыр. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында аяқтау жоспарланып отыр.

Облыстық мәдениет және
туризм басқармасының бастығы

К.Т.Косыбаев

Сарайшық музей-қорығы архивінен

Махамбет ауданы әкімі
Елеубаев У.Б мырзаға

**Көшірмесі: Атырау облыстық
мәдениет басқармасының бастығы
Қосыбаев Кеңес Темірұлы мырзаға**

«Сарайшық» мемориалдық кешені құрылысын аяқтау және «Қазақстан мұнайының 100 жылдығын салтанатпен атап өтуге әзірлік» мәселелері туралы ұсыныстарымыз.

I. «Сарайшық» мемориалдық кешені құрылысын аяқтауға байланысты төмендегі ұсыныстарымыз бар:

- Кешеннің қоршау жұмысы жедел қолға алынуы керек, қоршау элементтері, архитектурасы, дизайны жедел арада бекітілуі тиіс.

Бұған жауапты «Шельф» заводына бөлінетін қаржы мәселесі жедел шешілуі керек деп есептейміз.

- Қоршау көлемі кемінде 200x200 и немесе 300x300 м шамасында (периметрі 800-1200 м, аумағы 4-9 га шамасында зертхана, актовый зал салынуды т.с.с даму перспективасын ескертуді қажет деп есептейміз.

- Тез арада музей үйі мен мешіттің электр жүйесін, сантехникалық жылу жүйесінің схемасын шешіп, әрлеу жұмыстары алдында осы жүйелерін жүргізу қажет.

- Музей үйіне қойылатын экспонаттар тізімі анықталып, аудио-, видеотехникалар мәселелері шешіліп, стендалар көлемі мен мөлшері музейдің көрме залына лайықталып ($6 \times 20 = 120 \text{ M}^2$) әзірленіп, облыста жинақталып, қажетті тумбалар, шкафтар алынып, мебельдер шешіліп, нақты экспонаттар қойылып әзір тұру

керек, музей құрылысы аяқталғанда көшіріп апаруға әзірленсе.

- Сыртқы жарнама (вывеска) дарбаза қақпа элементіне еніп, әрбір музей мен мешіт жарнамасы, кешеннің кіреберісте объектілер орналасу схемасы, мешіттің маңдайына араб әрпімен жазылатын сөздер ақ тасқа ойылып, маңдайында тұратын (қаптау элементімен) жымдасып тұруы, архитектуралық және дизайндық тұрғыдан шешілуге тиісті. Осы шаруаға облыстық имам Серғазы Убайдоллатегі араласса, ақыл қосса.

- Сарайшық мемориалдық комплексінің ескерткіш белгісі (значогы) шығарылып, Республика Президентіне бата беріп, Сарайшық мемориалдық комплексінің кілтін табыс ету, немесе лентасын қию рәсімін жасау, Сарайшық мемориалдық кешеніне.

- Мемлекеттік статус беру, Сарайшық ескі қаласы орнын мемлекеттік қорық немесе Сарайшық кешенінің комплексті дамуы бағдарламасы туралы Президент Указына қол қою сияқты шара жоспары келісілсе, қажетіне қарай жоғарыға ұсынылса.

- Кешен кіреберісін, ішін асфальттау, су жүйесін жүргізу, көгалдандыру схемасы жасалып, бекітілсе, барлық жұмыстар соған сәйкес жүргізілсе.

- Кешен территориясын электрлендіріп, ерекше жарық беретін өрнекті бағандар мен шамдар пайдаланылса (сыртынан 2 жерге, ішінен 10 жерге) түнде ескерткішті электр жарығымен сәулелендіріп, алыстан көрінуіне мүмкіндік жасау, төбесіне навигациялық электр жарығын қою және жайтартқыш элементін орнату.

- Тез арада кешен, музей, мешіт штатын бекітіп, әзірлік жұмыстарына сол қызметкерлердің жедел кірісіп кетуін шешу.

2. Сарайшық ауылына кіреберісті және ауыл ішін көрнекі үгіт тақталарымен қамтамасыз ету:

- Атырау-Махамбет аралығындағы жолдың белгілерін жаңарту, елді мекендер тұсына қойылатын информациялық бағдарлама белгілерді, сервис белгілерін жаңарту.

- Сарайшық селосына кіреберісте «Қазақстан мұнайының 100 жылдық мерекесіне қатынасушыларға жалынды сәлем!» атты транспорант – 2 жерге, жолда ұрпақтар сабақтастығы мен бірлігі жылының символы, «Қазақстан 2030» символы плакаттары, Н.Назарбаевтың сөзінің цитаты жазылса. «Құдай тек ендігі жерде өлінің үрейін, тірінің мерейін ұшырмайтындай қып, қай ісімізді де оңға бастыра көргей», т.с.с

3. Қазақстан мұнайының 100 жылдығына әзірлік мәселесінде шешімін күткен жайлар:

- Киіз үй ішіне қажетті мүліктерді қайта жасау, тақтай еден әзірлеу, реставрациялау, жаңарту, сырлау, өңдеу шығындары – 10 мың теңге.

- Киіз үй киіздерін ақ матамен қаптау, іші сыртына ою-өрнектер салу, түрлі түсті ши тоқу, қоржын, аяққап, дойыр қамшы, түскиіз, күміс ер-тұрман т.с.с элементтер әзірлеуге – 20 мың теңге.

- Транспорт жалдау, киіз үй құру, күзету, жарнама-сын даярлау үшін ұлттық тағамдармен қамтамасыз ету т.б. қонақ қабылдау шығындары – 20 мың теңге.

Барлығы – 50 мың теңге көлемінде.

Сарайшық селосында Республика Президентін қабылдауға әзірлік жұмысына, селоны безендіру, көрнекі үгіт жұмысына ауданның мәдениет және басқа да бөлімдері белсене қатынасады деген сенімдеміз.

Сарайшық селолық округ әкімі

Е.Нукеев

Сарайшық музей қорығы архивінен



№14

06.10.99. №13

Директору музея
«Хан Ордалы «Сарайшық»
гос-ну Бердимуратову

Западно-Казахстанская археологическая экспедиция ИА МН и ВО РК по распоряжению акима Атырауской области будет проводить выставку материалов исследований полевого сезона 1999 г. в здании Атырауского облмузея в период с 10 по 20 октября с.г. ориентировочно.

В связи с этим все находки ЗКАЭ-99 переданные на временное хранение 02.09.99 г. необходимо вернуть по акту приемки-сдачи сотруднику экспедиции Плахову В.В

Начальник экспедиции

З.Самашев

Сарайшық музей қорығы архивінен

01 ноября 1999 г. № 21

Директору комплекса
«Хан ордалы – Сарайшық»
Бердимуратову Молдашу

Господин директор!

В связи с завершением исследований на городище Сарайчик в сезоне 1999 г. обращаюсь к Вам с просьбой не направлять группы организованных посетителей и частных граждан на огражденные участки археологических раскопок. Она пока являются объектами научных исследований, не музеефицированы, официально не являются объектами туристическо-экскурсионных посещений. После создания соответствующих технических и материальных условий проведения дорожек, смотровых площадок, закрепления специальными составами стен интерьеров помещений, полной консервации и реставрации эти раскопки будут доступны всем. В настоящее время, до полной сдачи объектов органам гос. охраны историко-культурного наследия, запрещается производство не согласованных фото- и видео съемок.

Материалы экспедиций Вам будут переданы в апреле 2000 года.

Суважением, начальник Западно-Казахстанской археологической экспедиций ИА МН и ВО РК З. Самашев

Сарайшық музей қорығы архивінен

№ 16

Атырау облысы
Махамбет ауданы
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

АППАРАТ АКИМА
Махамбетского района
Атырауской области

24.03.2000 ж

№213

Сарайшық селолық округі әкімі
Е.НУКЕЕВ мырзаға

Көшірмесі: Сарайшық мұражай кешені
Директоры М.БЕРДІМҰРАТОВ мырзаға

«Хан ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені пайдалануға беріліп, халық игілігіне айналғанымен, кейбір мәселелер сіздердің қатерлеріңізге берілгенімен күні бүгінге дейін сіздердің тараптарыңыздан оларды шешуге деген нақты шаралар алынбай жатыр. Әсіресе үш мәселеге көңіл аударып, мәселені шешу шарасын алуды тапсырамын:

I. Келушілер аялдайтын, сусын, жеңіл тамақ ішетін орын.

II. Мұражайды көгалдандыру.

III. Мұражайға жазғы су тарту.

Мұражайдың қаржыландырылуы облыстық мәдениет басқармасы арқылы болғандықтан қаржы мәселесі тек қана облыстан шешіледі. Ал аудан әкімі аппараты өз тарапынан көмек көрсетуге даяр.

Жоғарыдағы мәселелер аудан әкімі жанындағы алқаның мамыр айындағы күн тәртібінде.

Атқарылып жатырған шаралар туралы 15.04.2000 ж.
хабарлаңыздар.

Аудан әкімінің орынбасары

У. Төлегенов

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№ 18

Атырау облысы

Решение Акима

Махамбет Ауданы әкімінің Махамбетского Района
Шешімі Атырауской области

№ _____ 30.01.2001 ж.

№ _____ 2001 г.

Махамбет селосы

с.Махамбет

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылды Мәдениетті қолдау жылы деп жариялау туралы Жарлығына сәйкес аудандық мұражай мен «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешенінің жұмыстары туралы

Аудандық мұражай және «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені аудандағы тарихи жәдігерлерді келушілерге түсіндіру, жалпы тарихты насихаттау барысында бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Мұражай мен кешен қажетті мүліктер алуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге жеткілікті қаражат бөлінуде. Бірақ та осы екі орында да атқарылып келе жатырған жұмыстар әлі де өз дәрежесінде емес.

Әсіресе аудандық мұражайда жәдігерлер қорын толықтыру, түрлі шаралар ұйымдастыру жеткіліксіз. Жұмыс жоспарлары сапасыз жасақталынған.

Мұндағы табыс табу өте төменгі дәрежеде. Тарихи мәдени мұраларды қорғауға деген мұражай директорының жетекшілігі төмен, қызметкерлердің өз міндеттерін жете түсінбеушілігі, біліксіздігі басым. Аудандық мәдениет бөлімі (К. Байкунова) тарапынан мұражай жұмысын бақылау және методикалық көмек ұйымдастыру жеткіліксіз. Соңғы екі жылда мұражай жұмысы мәдениет бөлімі кеңесінде бірде-бір рет қаралмаған. «Хан

Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешенің дамыту мүмкіндіктері бола тұра туристердің демалыс аймағын ұйымдастыру мәселесі шешілмей келеді. Кешендегі мешіт үйінің жабдықталынуы нашар.

Аталған кемшіліктерді жою мақсатында

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

I. Аудандық мұражай басшылығына (А. Бердімұратова) жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетілсін.

II. Аудандық мұражай жұмысын жолға қою үшін төмендегі шараларды атқару тапсырылсын:

- Мұрағаттарды толықтыру және жаңарту үшін экспедициялар, тарихи және мәдени процесстерді зерттеу, зерделеу үшін ғылыми іссапарлар ұйымдастыру;

- Баспасөз беттерінде ғылыми, тарихи тақырыптарда материалдар жариялап тұру;

- Мұражай мұрағаттарымен аудан тұрғындарын және басқа да көрермендер тартуды ұйымдастыру;

Ол үшін:

- тақырыптық экскурсиялар;

- лекциялар;

- кездесу кештерін;

- Тақырыптық және арнаулы күндер ұйымдастыру;

- Мұражай жанынан үйірмелер, мектептер ұйымдастыру;

- Мұражай жарғысында көрсетілген заңдылық шеңберінде қаржы табу;

- ғылыми, танымдық, библиография кітаптардан шағын кітапхана ұйымдастыру.

3. «Хан Ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені (М.Бердімұратов).

- мұражай жәдігерлерін толықтыруды жалғастыру;

- ғылыми жұмыстарды жүйелі жүргізу;

- туристердің демалыс аймағынын ашылуына тиісті орындарға мәселе қою тапсырылсын.

4. Аудандық мәдениет бөліміне (Н. Байжунова) мұражайлар қызметіне қатаң бақылау және методикалық көмек көрсету тапсырылсын.

5. Аудандық мұражай мен «Хан ордалы Сарайшық» кешені жұмысы туралы осы жылдық шілде айында хабарлама түсіру мұражай директорларына міндеттелсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары У.Төлегеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

У. Елеубаев

Сарайшық музей-қорығы архивінен

14.03.2012 ж
№5/01/15

№ 19
Атырау облыстық Мәдениет
басқармасының бастығы
Ерғалиев Н.М мырзаға

«Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығының ашылып, жұмыс жасағанына биыл 12 жыл толады. Осы уақыт ішінде көне қала, өлке тарихымен танысушылар легі толастаған емес, жылына 10-12 мыңға жуық көрермені бар. Қазіргі уақытқа дейін табылған жәдігерлер музейдің көлемі $5,37 \times 17,4 = 94 \text{ М}^2$ көрме залына қойылған. Көрермен сұранысына сай музейге экспозициялық көрініс залын жасақтау қажет-ақ. Сонымен қатар көне Сарайшық қаласының орнына жүргізіліп келе жатқан қазба жұмысының тоқтағанына биыл 4 жыл болды. Себебі су тасыған сайын қазба жүріп жатқан жағаны шайып, су астына кетуде. Осыған орай 2-3 жылдан бері су шайып жатқан жағаны бетонмен бекіту туралы сөз қозғалып келеді. Осыған орай музей басшылығы Сізге қазіргі таңда шешімін табуға тиіс төмендегідей мәселелер ұсынып отыр:

1. Музейге қосымша көрме залын салып, жасақтауға көмектесу;

2. Қазба жүріп жатқан көне қала орнының тазалығын, қоршауының бүтіндігін қадағалау мақсатында күзетші қою, яғни бір штат бөлдіру.

Мекеме басшысы

М. Бердімұратов

Сарайшық музей қорығы архивінен

11.09.13 ж.
2013 ж. 09.08.
№20-55\4354-ке

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
Бірінші орынбасары
Б.Сағынтаевқа

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады.

Атап айтқанда:

1. Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту;

2. Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу. Ал, Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады.

Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал, Экономика және бюджет

жеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізді. Осы ұсыныстарды саралай келе түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отырысын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз.

Тапсырманы орындау тәртібінде енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед

Сарайшық музей-қорығы архивінен

№21

Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық» қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының Хаттамасы

Атырау қ.,
Қатысқандар:

05.12.2013 жыл
Комиссия мүшелері
(тізім бойынша)

Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық» қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау.

(Қышқашбаев, Шәкімов, Мұқан, Әбілдинова, Әбілда, Қияшев, Төлеков, Самашев, Қуанов, Агитаев, Сарин, Кенжеғалиев).

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Мұқанның, ҚР МАМ-нің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Ә. Әбілдинованың, археолог З.Самашевтің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қалашығының қазіргі жай-күйі және оны сақтап қалу мәселесі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық–Каспий бассейндік инспекциясы» РММ-нің бастығы Б.Қуановтың ұсынымдары назарға алынсын;

1) Сарайшық қалашығы аумағынан айналып өту үшін Жайық өзенінің ағысын түзету;

2) Жайық өзенінің Сарайшық қалашығының аймағы жағалауын бекіту.

Ведомствоаралық комиссияның көшпелі мәжілісінің қорытындысы бойынша ҰСЫНЫМ БЕРІЛЕДІ:

1. Атырау облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес Жайық өзенінің жағалауын бекіту үшін ТЭН және ЖСҚ әзірлеуге қажетті қаржылық шығыстарды қарастырсын.

2. ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті жағалауды бекіту жұмыстары бойынша ұсынылған нұсқаларға қорытынды берсін.

3. Атырау облысының әкімдігі Сарайшық қалашығының іргелес аумағынан жер тілімін бөлуге мораторий жарияласын.

4. ҚР БҒМ, Атырау облысының әкімдігі, ҚР МАМ көне Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени маңыздылығы және шекарасын анықтау үшін археологиялық іздестіруді жүргізу мүмкіндіктерін қарастырсын.

Комиссияның төрағасы,

МАМ-нің Мәдениет Комитеті

Т. Қышқашбаев

Комиссия мүшелері:

Т. Шәкімов

Ш. Мұқан

Ә. Әбілдинова

Д. Әбілда

Қ. Қияшев

А. Төлеков

З. Самашев

Б. Қуанов

С. Сарин

С. Агитаев

Г. Кенжеғалиев

Сарайшық музей-қорығы архивінен



№22

Протокол межведомственный комиссии по вопросу сохранения памятника истории и культуры республиканского значения «Сарайшык»

г. Атырау

05.12.2013 года

Обсуждение вопроса по сохранению памятника истории и культуры республиканского значения «Сарайшык». (Кишкашбаев, Шакимов, Мукан, Абельдинова, Абилда, Кияшев, Толеков, Самашев, Куанов, Агитаев, Сарин, Кенжегалиев).

1. Принять к сведению информацию заместителя акима Атырауской области Ш.Мукана, заместителя председателя Комитета по культуре МКИ РК А. Абельдиновой, археолога З. Самашева о современном состоянии памятника республиканского значения и проблеме спасения средневекового городища Сарайшык.

2. Принять во внимание рекомендации руководителя РГУ «Урало-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов» Комитета по водным ресурсам Министерства окружающей среды и водных ресурсов РК Б.Куанова.

1) Спрямление русла реки Жайык в обход территории городища Сарайшык.

2) Укрепление существующего берега реки Жайык на участке городища Сарайшык.

Межведомственная комиссия по итогам выездного заседания РЕКОМЕНДУЕТ:

1. Акимату в установленном законодательством порядке изыскать финансовые средства на разработ-

ку ТЭО и ПСД на берегоукрепительные работы реки Жайык.

2. Комитету по водным ресурсам МОСибР РК дать заключение по предлагаемым вариантам берегоукрепительных работ.

3. Акимату Атырауской области объявить мораторий на выделение земельных участков в зоне, прилегающей к территории городища Сарайшык.

4. МОН РК, Акимату Атырауской области, МКИ РК рассмотреть возможность проведения археологических изысканий по определению границ и историко-культурной значимости древнего городища Сарайшык.

Председатель Комиссии,
Председатель Комитета по
культуре МКИ РК

Т.Кишкашбаев

Члены Комиссии:

Т. Шакимов

Ш. Мукан

А. Абельдинова

Д. Абилда

К. Кияшев

А. Толеков

З. Самашев

Б. Куанов

С. Сарин

С. Агитаев

Г. Кенжегалиев

Сарайшық музей қорығы архивінен

АТЫРАУ

ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
ҚАУЛЫ

АКИМАТ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017 жылғы 16 қазан

Атырау қаласы

№259

город Атырау

**«Атырау облысы мұражай қорығы
«Хан Ордалы Сарайшық» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын
мүліктік кешен ретінде республикалық
меншікке беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 9, 17, 136- баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы №616 «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысының коммуналдық меншігіндеі «Атырау облысы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын мүліктік кешен ретінде республикалық меншікке берілсін.

2. «Атырау облысы Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалын бақылауын Атырау облысы әкімінің орынбасары А.Т. Әжіғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі

Н.Ноғажев

Сарайшық музей қорығы архивінен

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

№ исх. 162 от 04.04.2018

№ вх. 674/162 от 04.04.2018

201 жылғы Астана, Үкімет Үйі от «__» 201 года

№ _____ данасы

экз. № _____

**«Атырау облысы Мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының Атырау облысы
мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнын коммуналдық меншіктен
республикалық меншікке қабылдау туралы**

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мүліктік кешен ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдансын және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағына берілсін.

2. «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тиісті салаға басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы мәдениет саласындағы қызмет болып айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізісін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасы етсін;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен, сондай-ақ Атырау облысының әкімдігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 58, 550-құжат) толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі туралы ережеде:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі» деген бөлім мынадай мазмұндағы ретті нөмірі 71-жолмен толықтырылсын:

«71. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны».

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Б.Сағынтаев

Сарайшық музей қорығы архивінен

№25
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

27.09.2018 ж.

№ 152-ж/к

Ә.Қ.Мұқтарды
қабылдау туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 34-бабына, 139-бабының 1, 3-тармақтарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 139-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мәдени ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3-бөлімі 1-тарауының 1-параграфына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар конкурстық рәсімдердің аяқталуына дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының міндетін атқарушы болып 2018 жылдың 27 қыркүйегінен бастап қабылдансын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Негіз: Мәдениет және өнер істері департаментінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі ұсынысы, Ә.Мұқтардың 2018 жылғы 27 қыркүйектегі өтініші, 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №53 еңбек шарты.

Министр

А.Мұхамедиұлы

Сарайшық музей қорығы архивінен

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
<i>Бірінші бөлім.</i> Сарайшық музейінің қалыптасу тарихы	5
<i>Екінші бөлім.</i> «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының құрылуы	27
<i>Үшінші бөлім.</i> «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК құрылуы және алдағы міндеттер	63
<i>Төртінші бөлім.</i> Музей-қорықтағы ғылыми кітапхана, жәдігерлер және құжаттар тарихы	84
<i>Бесінші бөлім.</i> «Сарайшық музей-қорығында» сақталған қолтаңбалар	113
<i>Алтыншы бөлім.</i> Сарайшық музей-қорығы тарихы архив құжаттарында	130

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Әбілсейіт Қапизұлы МҰҚТАР – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі.

Әбілсейіт Қапизұлы 1964 жылы 7 наурызда Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Махамбет ауданы Сарытоғай селосында дүниеге келген. 1986 жылы Гурьев педагогикалық институтын үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын Кеңес армиясынан кейін Сарытоғай орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі ретінде бастап, 1988 жылдың қазан айында Гурьев педагогикалық институтына қызметке шақырылады. 1993 жылы 14 сәуірде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ғылым кандидаты дәрежесін қорғап, Атырау педагогикалық институтында, 1995–2001 жылдары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде, 2001–2003 жылдары Қостанай әлеуметтік академиясында факультет деканы болып қызмет жасады. 2003 жылдан тарих ғылымдарының докторы. 2003 жылы қазан айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысып, экономика факультетінің деканы, әлеуметтік-экономикалық мәселелер және тәрбие жұмыстары бойынша проректор, 2005 жылдың мамыр айынан 2008 жылдың тамызына дейін ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры болды. 2008-2018 жылдары М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университе-



тінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, Атырау мұнай және газ институтының ғылыми жұмыс және инновацияар жөніндегі проректоры, ғылыми-зерттеу орталығы директоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеу орталығы директоры, Атырау облысы мемлекеттік архивінің директоры қызметін атқарды. Бүгінде «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» директоры.

Ә. Мұқтар Қазақстан Республикасының XVII-XX ғасырлардағы тарихының маманы. «Азаттық таңы жолында» (Алматы: Ғылым, 2001), «Сырым батыр және Нұралы хан» (Қостанай, 2001), «Қазақ мұнайының тарихы» (Алматы: Өлке баспасы, 2006), «XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы» (Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Мереке баспасы, 2015) монографияларының, «Тарих тұңғығындағы тұлғалар» (Алматы: Арыс баспасы, 2008), «Тарих айдынындағы тұлғалар» (Алматы: Арыс баспасы, 2013) атты мақалалар жинағының, «Қазақ халқының азаттық үшін күресі тарихы» (Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті баспаханасы, 2017), «Тұлғатану» (XVIII-XIX ғасырлар материалдары бойынша) (Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті баспаханасы, 2017) оқу құралдарының авторы.



ДИЯРОВА Жанар Қабдолкакимқызы – тарихшы, магистр, Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының Бас қор сақтаушысы.

Ж.Диярова 1991 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

1997–2008 жылдар аралығында Қ.Қарашаулы атындағы Сарайшық орта мектебін, кейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін үздік бітірген.

Ардақты Алаш азаматтары!

*Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры
жиырма жеті жылдан бері жазықсыз жазаланып,
аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған
біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап,
еңбектерін жарыққа шығарады;
ескерткіш, мүсіндерін жасап,
музейлерін жабдықтайды;
арыстарымыздың өмірі мен шығармашылығын
насихаттаушыларға жәрдем беріп,
мерейтойларын өткізуге атсалысады;
ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға
қайырымдылық көмек көрсетеді.*

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді*

050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
4-қабат, 409-бөлме
тел./факс: 394 38 32,
385 74 67



АРЫС

е/ш.: KZ936017131000056413
Алматы қаласы,
Қазақстанның
Халық Банкі АҚ
БИН 920440000987

*E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru*

Дорогие читатели!

*Фонду «АРЫС» более двадцати семи лет.
Созданный ведущими казахстанскими историками,
политологами и публицистами, занимающиеся сбором,
исследованием и публикацией наследия выдающихся
представителей казахстанской интеллигенции –
жертв политических репрессий.
Фонд стремится достойно увековечить их память.
Содействует открытию музеев, памятников и
тематических экспозиций.
Активно участвует в
проведении юбилеев и других
знаменательных мероприятий.
Оказывает посильную помощь семьям репрессированных.*

*Издательство при Фонде «АРЫС»
всегда квалифицированно и качественно выполнит
все Ваши заказы, относящиеся к сфере
науки и культуры, выпустит Ваши научные и
литературные труды, монографии,
брошюры, авторефераты, буклеты и т.п.*

050009, г. Алматы.
проспект Абая, 143
4-этаж, 409-офис
тел./факс: 394 38 32,
385 74 67



р/с.: KZ936017131000056413
г. Алматы
АО Народный Банк
Казахстана
БИН 920440000987

*E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru*

«Арыс» баспасының директоры
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

Әбілсейіт МҰҚТАР
Жанар ДИЯРОВА

САРАЙШЫҚ **МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ ТАРИХЫ**

Редакторы **Төлеубек Алпысбаев**
Беттеген **Ниязбай Оразымбетов**
Суретші **Орынбек Анесов**

Басуға 03.10.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.
Көлемі 12, 0 б.т. Таралымы 500 дана.

«Арыс» баспасы
Алматы қаласы,
Абай данғылы 143-үй, 409-кеңсе
тел/факс: 8 (727) 394 38 32, 385 74 67

«DALAPRINT» баспаханасында басылды.
050056, Алматы қаласы,
Ереван көшесі, тел.: 290-86-47;
+7 747 633 95 29; +7 707 158 88 81
e-mail: dalaprint-zakaz@mail.ru